

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан **КОММУНИСТІ**

I

ЯНВАРЬ

1966

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан КОММУНИСТІ

КАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

—
ШЫҒУЫНА 45 ЖЫЛ

1

Я Н В А Р Ь

1966

Б У Л Н О М Е Р Д Е :

ҰШҚЫР СТИЛЬ МЕН ЖЕТІК ӘДІС —
ТАБЫС КІЛТІ

Маңқыстау қазынасы — халық игілігі

Жаңа бесжылдықтың бірінші жылы

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ТЕОРИЯ-
СЫН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

ХАЛЫҚ АҒАРТУДЫҢ ЛЕНИНДІК
ПРИНЦИПТЕРІ

Африка халықтары тәуелсіздік пен
прогресс жолында

МАЗМҰНЫ

Бас мақала—Партия жұмысының стилі мен әдістерін жетілдіре берейік	3
Қазақстан КП Орталық Комитетінде. Көкшетау облысындағы Рузаев аудандық партия комитетінің жұмысы туралы	10
М. Есенов — «Қара алтын» қоймасы	15
Ә. Тәжібаев — Сәлем саған, Жаңа жыл!	20
Ж. Жандосов, Ғ. Әбішев — Тарих және философия білімдері кең насихатталсын	22
Н. Әбіләзов — Африка халықтарының отаршылдық пен нәсілшілдікке қарсы күресі	26

ДАҢҚТЫ ҚОС МЕРЕКЕ АЛДЫНДА

С. Бейсенбаев, М. Бурабаев — Қазақстанда Октябрь социалистік революциясы жеңуінің тарихи заңдылықтары	31
Қ. Сәдуақасова — Сауатсыздықтан — білім теріне	37

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Р. Медеулов — Село коммунистерінің идеялық өсуі	42
К. Досанов — Аудандық комитеттің мүшесі	46
Н. Гагарин — Сергектік, принциптілік — басты талап	49
Н. Шөкеев — Бұқара ұйтқысы	52

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП

Үгітшілер коллективі туралы	56
-----------------------------	----

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ТЕОРИЯСЫН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК


Н. Трапкин — Лениндік социалистік революция теориясы және қазіргі заман	58
---	----

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

Р. Хобдабергенов — Шымкент металлургтері жаңа белесте	68
Т. Сәтбаев — Минералдық тыңайтқыштар өндірісінің рентабельділігін арттыру жолдары	72

СЫҢ ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Ш. Аманов — Коммунистік тәрбие мен білім жөніндегі лениндік идеялар	76
---	----



Партия жұмысының стилі мен әдістерін жетілдіре берейік

Ұлы Ленин идеяларынан өмірлік рухани нәр, тасқындаған жігер, таусылмас күш-қуат алған совет халқы заманымыздың ақыл-парасаты, абыройы, ар-ұжданы — Коммунистік партияның дана басшылығымен коммунизм орнату программасын жүзеге асыру жолында тағы бір жылды, қажырлы күрес пен келелі жеңіс жылын бастан кешіріп, жана жылға қадам басып отыр. Бұл екі жылдың да тарихи мәні өзгеше: 1965 жыл үлкен бір дәуірдің — жетіжылдық жоспардың ақтық межесі болса, 1966 жыл — жана кезеңнің, келесі бесжылдықтың бастамасы.

Өткен жылға көз жіберіп, республикамыз бойынша оның қорытындысын шығарғанда қуанарлық та, сүйсінерлік те, ойланарлық та істеріміз көп.

Өнеркәсіп саласында өнім өндіру жоспары ойдағыдай орындалды. Өндірілген өнім мөлшері 1964 жылғыдан 12 процент өсті, мұның ішінде өндіріс құрал-жабдықтарының өсімі 11 процент, ал тұтыну заттарының өсімі 15 процент болып отыр.

Күрделі құрылысқа бұрнағы жылғыдан 300 миллион сомнан астам қаржы көп жұмсалды. Көптеген жана кәсіпорындар, шахталар, мұнай скважиналары іске қосылды, сәулетті тұрғын үйлер, мектептер, ауруханалар, балалар бақшалары, мәдениет ошақтары салынды. Өткен жыл ішінде еліміздің ең дәулетіне қосылған негізгі қор ақшаға шаққанда 2 миллиард 350 миллион сом болады, яғни 1964 жылғыдан 350 миллион сом артық.

Жұмыс істеуші әрбір адамға шағып есептегенде еңбек өнімділігі өнеркәсіпте 5,9 процент, құрылыста 7 процент өсті.

Қазақстан ауыл шаруашылығын алатын болсақ, өткен жылы құрғақшылықтың салдарынан егіннің жөнді шықпағаны, мемлекетке астық сату жоспарының орындалмай қалғаны мәлім. Солай бола тұрса да, басқа бірқатар дақылдан, атап айтқанда қант қызылшасынан, мақтадан, күріштен республикамыз өнімді 1964 жылғыдан едәуір көп берді.

Мал шаруашылығында өсу, өрлеу бағдары айқын білініп отыр. Бұрнағы жылғымен салыстырғанда малды бағып-күту ісі жақсарды, оның өлім-жітімі азайды, әрбір жүз саулықтан алынған төл саны өсті. Мемлекетке ет, жүн, жұмыртқа, қаракөл елтірісін тапсыру жоспары артығымен орындалды. Көптеген облыстар, аудандар, шаруашылықтар биыл мал қыстатуды да ойдағыдай өткізуде.

Халық шаруашылығындағы даусыз табыстарымызға байланысты халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс дәрежесі де өсе түсті.

Коммунистік құрылыстың өскелең талаптарына сай жана жылда атқарар міндеттеріміз де ұшан-теңіз. Өткен жылдың аяғында Қазақ ССР Жоғарғы Советі республикамыздың биылғы 1966 жылға арналған халық шаруашылығын дамыту жоспары мен мемлекеттік бюджетін бекітті. Алдымызға қойылып отырған негізгі міндеттерді, өсуіміздің кейбір белестерін еске салып өтейік.

Биыл өнеркәсіптің жалпы өнімі былтырғыдан 7,2 процент артық белгіленіп отыр. Әсіресе электр-энергетика, мұнай өндіру, химия, машина жасау және металл өңдеу, құрылыс материалдары өнеркәсібі шапшаң өсетін болады.

Күрделі құрылысқа 2 миллиард 633 миллион 800 мың сом қаржы жұмсалмақ, яғни 1965 жылғыдан 13,7 процент артық. Оның ішінде өндірістік құрылысқа 2 миллиард 40 миллион сом (былтырғыдан 16,2 процент артық), тұрғын үй және коммуналдық құрылысқа 485 миллион 600 мың сом (былтырғыдан 4,3 процент артық), мәдениет, ғылым және ағарту ісіне 108 миллион 200 мың сом (былтырғыдан 15,3 процент артық) арналып отыр.

Алдын ала белгіленген жоспар бойынша Қазақстанның 1966 жылы мемлекетке өткізетін ауыл шаруашылық өнімдерінің мөлшері мынадай: астық — 9,8 миллион тонна; майлы дақылдар тұқымы — 90 мың тонна; қант қызылшасы — 1 900 мың тонна; шитті мақта — 75 мың тонна; картоп — 150 мың тонна; овощ — 280 мың тонна; мал мен құс 865 мың тонна; сүт — 1 миллион 590 мың тонна; жұмыртқа — 310 миллион дана; жүн — 90 мың тонна.

Ауыл шаруашылық өнімдерін еселеп өндіруді және белгіленген жоспардың артығымен орындалуын қамтамасыз ету мақсатымен ауыспалы егіс жүйесін қалпына келтіруге, шаруашылықтарды мамандандыруға, тұқым шаруашылығын жақсартуға, жемшөп қорын молайтуға айрықша назар аударылатын болады.

Биыл республикамыз мемлекеттен 920 мың тонна минералдық тыңайтқыш, 9 мың тонна гербицид, 21,1 мың трактор, 8,5 мың астық комбайнын және басқа көптеген техника алғалы отыр. Бұл жәрдем өткен жылғыдан едәуір артық.

Республика ауыл шаруашылығына бөлініп отырған күрделі қаржы — 862 миллион 200 мың сом, яғни былтырғыдан 138 миллион 200 мың сом артық. Өте-мөте су шаруашылық құрылысы кең өріс алады.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының қарыштап өсуімен қатар халықтың тұрмыс дәрежесінің де жақсара түсетіндігі мынадан көрінеді: ұлттық табыс 15,5 процент, халықтың сатып алу қоры 2,9 процент артады болады.

Қазақстанның 1966 жылға арналған мемлекеттік бюджеті кірісі жағынан 4 миллиард 27 миллион 724 мың сом, шығысы жағынан 3 миллиард 997 миллион 187 мың сом мөлшерінде белгіленіп отыр.

Өткен жылдың қорытындылары, біріншіден, республика партия ұйымдары мен барлық еңбекшілерінің творчестволық күш-жігерімен өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, мәдениетті өрге бастыруда көп жұмыс істелгенін көрсетеді. Екіншіден, бұл қорытындылар халық шаруашылығының түрлі саласында іске қосылмай жатқан мүмкіндіктер мен резервтер әлі де мол екенін дәлелдейді. Осы мүмкіндіктер мен резервтердің көзін тауып пайдаланған озат кәсіпорындар мен шаруашылықтар Отанымыздың қажеті үшін материалдық игіліктер өндіруде биік дәрежеге жетіп отыр.

Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының даңқты ұйымшыл коллективі еңбектің үздік әдістерін шебер пайдалана отырып, жетіжылдық жоспар тапсырмаларын мерзімінен көп бұрын орындап шықты. Ақтөбенің ферросплав және хром қоспалары заводтары мен химия комбинаты жөнінде де осыны айтуға болады. Уақыттан озып шығып, болашаққа қарыштап қадам басқан мұндай коллективтер республикамызда аз емес.

Совет халқы Лениндік партияның алда болатын XXIII съезіне зор ынтамен, қызу жігермен әзірленуде. Республикамыздағы көптеген кәсіпорындар мен құрылыстардың, колхоздар мен совхоздардың коллективтері съезд құрметіндегі социалистік жарысқа қосылып, оны лайықты тартулармен, келелі жеңістермен қарсы алу үшін күресуде. «Ленинүгөл» тресінің, Лениногор подиметалл комбинатының, «Қазахтрансстрой» құрылыс-монтаж тресінің коллективтері 1966 жылғы бірінші тоқсанның жоспарын съезд ашылатын күнге дейін орындап шығуға ұй-

ғарды. Ауыл-село еңбеккерлері көктемгі егіске сақадай сайланып, одан мол өнім алу үшін, мал басын аман сақтап, өнімін арттыру үшін күресуде. Бұл түсінікті де. Партиямыздың ХХІІІ съезі совет қоғамының коммунизмге қарай даму тарихындағы ұлы оқиға, елеулі кезең болғалы отыр, өйткені ол Отанымыздың мерейін өсіре түсетін жаңа бесжылдықтың биік белестерін белгілеп бермек.

Қазір совет қоғамының бүкіл экономикалық және саяси тіршілігіндегі сопы серпін, жаңа леп жұмыстағы қателік пен кемшілікті, ескілік пен кертартпалықты батыл аластай бастады, жаңалық пен ізгіліктің өркендерін барынша өршіте беруге кең жол ашты. Мұның бәрі—біздің сүйікті Коммунистік партияның лениндік бағытының шарапатты әсерлері.

Коммунизмнің сәулетті ордасын орнату, совет халқының бақытты өмірін шалқытып, Отанымыздың күш-қуатын тасыту сияқты ардақты да асқақ міндеттерді жүзеге асыру үшін біздің партия қоғам өміріндегі жаңа құбылыстарды, экономикалық қатынастарды жан-жақты талдап, социализмнің объективтік заңдарын, артықшылықтары мен мүмкіндіктерін қарыштап пайдалану жолдарын әрдайым кеменгерлікпен мезгеп отырады.

Партия Орталық Комитетінің 1964 жылғы октябрь және ноябрь, 1965 жылғы март, сентябрь және декабрь Пленумдарында қабылданған шешімдердің тарихи сабақтастығы, біте қайнасқан байланыстылығы әркімге аян. Бұлардың бәрі де партия Орталық Комитеті мен Совет үкіметі коммунистік құрылыстың келелі мәселелерін творчестволықпен шешіп, партиялық және мемлекеттік басшылықтың формалары мен әдістерін нақты тарихи жағдайларға сәйкес әрдайым жетілдіріп отыратынын айқын ыспаттайды.

Сол шешімдерді өмірге келтіруге себепкер болған кезеңдердің әрқайсысына көз жіберіп, оның сыр-сипатына үйіліп көрейікші.

Бұдан бірнеше жыл бұрын партия, совет органдары мен қоғамдық ұйымдар жүйесінде елеулі өзгерістер жасалып, өндірістік принцип бойынша аудандық, қалалық, облыстық және өлкелік басқару аппараттары құрылғаны мәлім. Көп ұзамай өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы салаларына бөлек-бөлек басшылық ету жүйесінің өмірге жанасымсыз екені байқалды. Атап айтқанда халық шаруашылығының осынау аса маңызды екі саласының арасындағы қалыпты байланыс бұзылды, социалистік өнеркәсіптің деревняға деген қолғабыс-көмегін ұйымдастыру ісіне едәуір нұқсан келді, белгілі бір территорияда тұратын, бірақ әртүрлі басқару жүйесіне жататын халық топтарының мәдени-тұрмыстық тілектері ойдағыдай қанағаттандырылып отырмады, халықтық өкімет органдары ретіндегі жергілікті Советтердің ролі төмендетілді.

Партиямыздың лениндік Орталық Комитеті бұл кемшіліктерді дер кезінде батыл түзетіп, өмір талаптары мен Устав ережелеріне сәйкесті партия органдарын территориялық-өндірістік принцип бойынша қалпына келтірді. Октябрь және ноябрь Пленумдарының шешімдеріне сәйкес қайта құрылған партия комитеттері мен совет органдары қазір нәтижелі де жемісті жұмыс істеуде.

Март Пленумы ауыл шаруашылығын дамытуда орын алған қателіктер мен кемшіліктерді, бұларды туғызған себептерді жан-жақты ашып көрсетті. Бұл себептер қандай? Алдымен ауыл шаруашылығына басшылық етуде социализмнің экономикалық заңдарының әсері жөнді ескерілмеді, тіпті есепке алынбай жүрді. Жұртты өз жұмысының нәтижелі болуына материалдық жағынан ынталандыру жөніндегі лениндік принцип қатаң сақталмады, қоғамдық мүдделер мен жеке адам мүдделері жөнді ұштастырылып отырмады. Ауыл шаруашылық дақылдарын жоспарлау және орналастыру ісінде, баға белгілеу, қаржыландыру және кредит

саясатында волюнтаристік (қара дүрсін) әдіс, жүгенсіздік пен әпербақандық әрекет басым болды. Ауыл шаруашылық өндірісінің өнімдерін арттыру жөнінде аса зор міндеттер алға қойылды да, бірақ бұларды баянды ететін экономикалық шаралар жеткіліксіз болды. Екіншілік мәдениетін көтеру, жердің құнарлылығын арттыру, оны эрозияның сойқанды әсерінен аман сақтау жөнінде айтарлықтай ештеңе істелмеді. Ол тұрсын, ауыспалы егістің шөп танапты жүйесі жарамсыз деп танылды да, оны жақтаушылар жәбір сөзге балапатын «шөп құмарлар» деген атаққа ілікті.

Март Пленумы белгілеген келелі программа мен іргелі шараларды ауыл-село еңбеккерлері, барша совет халқы шексіз қуанышпен қарсы алды. Өйткені бұл шаралар — ауыл шаруашылығын жедел өрге бастырудың, әр колхоз бен совхозда шаруашылықты барынша тиімді жүргізудің сенімді кепілі.

Өнеркәсіптің өркендеуіне тұсау болған кемшіліктерді жою мақсатымен сентябрь Пленумы шын мәнісінде программалық маңызы бар шешімдер қабылдады.

Пленумда жан-жақты талқыланып, түпкілікті шешілген өзекті мәселелер — социалистік экономиканы жоспарлау ісін түгелдей ғылыми негізде жүргізу, кәсіпорындардың шаруашылық дербестігі мен инициативасын арттыру, шаруашылық есепті кеңінен қолданып, нығайту, баға, пайда, сыйлық, кредит сияқты экономикалық құралдарды өндірісті өркендету үшін дұрыс пайдалану, ақырында, өнеркәсіпті салалық принцип бойынша басқаруға көшу мәселелері қазіргі кезеңде өмірлік маңыз алып отыр.

Партия Орталық Комитеті Пленумдарының шешімдері басшылықтың лениндік принциптеріне біздің партияның әрқашан адал қарайтынын, жұмыс стилі мен әдістерін нақты жағдайларға, қоғамдық даму заңдарының талаптарына сәйкес үнемі жетілдіріп отыратынын тағы да айқын дәлелдеп берді. Сонымен бірге бұл шешімдер бұқараның творчестволық ынта-жігерін барынша өршітуге, сөйтіп шаруашылықтың қай саласында болса да келелі табысқа жетуге шексіз мүмкіндік туғызып отыр.

Осыған байланысты қазір біздің кадрларымыздың ролі, оларға жүктелер міндеттер мен талаптар, олардың партия мен халық алдындағы жауапкершілігі өлшеусіз өсе түседі.

Партия әрбір басшыдан ұлы Лениннің өмірі мен қызметін жетік білуді, оның жұмыс стилі мен әдістерін тынбай үйренуді талап етеді. Тек осылай еткенде ғана көсемнің жетекші қағидалары мен принциптерін партиялық, мемлекеттік және шаруашылық қызметтің барлық саласында бұлжытпай жүзеге асыруға болады.

Біздің партиямызға тән абзал қасиеттердің бірі — коллективтік басшылық принципі. Мұның өзі қателікке ұрынбай, сыңар жақ әрекеттерге салынбай, дұрыс шешім қабылдауға, оны ойдағыдай жүзеге асыруға көмектеседі. Бұл арада бір айта кететін жәйт, бірлесіп талқылайтын мәселені Ленин ешқашан да жеке-дара шешкен емес. Партиямыздың лениндік Орталық Комитеті елімізде коммунистік құрылыстың келелі мәселелерін шешуде шын мәнісінде коллективтік басшылықтың асқан үлгісін көрсетіп отыр.

Ленин үйреткендей, басшы қызметкерлер әрдайым бұқарамен ақылдасып, кеңесіп отыруға міндетті, «бұқараға жолдастық көзбен қарап, оның мұң-мұқтажын өтеуге қамқорлық жасап, оның шексіз сеніміне ие бола білуге» тиіс. Бұқарамен күнбе-күн байланыс жасап, оларға арқа сүйеп, олардың ұсыныс-тілектеріне мұқият құлақ асып отырған адам ғана шын мәнісінде жетекші бола алады деп көрсетті ол.

Біздің партияның лениндік Орталық Комитеті көсемнің бұл нұсқауын да мүлтіксіз орындап келеді. Өткен жылғы март және сентябрь

Пленумдарын шақырудан көп бұрын өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендетудің өзекті мәселелері еңбекшілер коллективтерінің, ғалымдар мен мамандардың жиналыс-кеңестерінде, семинар-конференцияларында және баспасөз бетінде кеңінен әңгіме болғаны мәлім.

Байыппен, ақыл-парасатпен жұмыс істеу орнына жалан әкімшілікке салынатындарды, бұқараны иландырудан гөрі бұйрықтың күшіне көбірек сыйынатындарды В. И. Ленин қатты айыптап отырды, оларды өлтіре түйреді. Бұл арада Салтыков-Щедриннің бір кейіпкерін еске түсіре кеткен жөн. Оның бір әңгімесінде суреттелетін губерния әкімі: «бұйырсаң — болды, тасқа да бидай бітеді» дейді екен. Бұған күмән келтіргендерге ол: «бітпей көрсін, тастың талқанын шығарайық» депті. Бұйрықтың сиқырлы күшіне сенетіндердің сол әкімнің аяғын құшатыны, өмірден таяқ жеп, өзінің маңдайы тасқа тиетіні тәжірибедеп көрініп отыр.

В. И. Ленин басшы қызметкерлерге коммунизмді үйреніндер деп ұлғи ақыл айтып отырды. Мұның мәнісі — шаруашылықтың жайын жетік біл, ұқыпты да үнемшіл бол, шаруашылыққа басшылық ету қызметін коллектив арасындағы тәрбиешілік жұмыспен, қатаң талапты камкорлықпен, әдептілікпен, мәдениеттілікпен ұштастыра біл деген сөз.

КПСС Орталық Комитетінің Пленумдарында қабылдаған тарихи шешімдер мен күрделі шараларды жүзеге асыруда партия комитеттерінің ұйымдастырушылық жұмысы ерекше маңыз алады. Белгілі бір революциялық міндеттер алға қойылғаннан кейін, деп үйретті Ильич, бұл міндеттердің құр қиял, жәй тілек болып қалмай, нақты іске асырылуы үшін ұйымдастыру жұмысындағы тындырымдылық пен іскерлік біздің басты ұранымыз болуға тиіс.

1964 жылғы октябрь және ноябрь Пленумдарының шешімдеріне сәйкес территориялық-өндірістік принцип бойынша қалпына келтірілген селолық аудандық комитеттер, партияның маңызды буындары ретінде, өздерінің ұйымдастырушылық жұмысын шындай түсті. Бұл салада атқаратын жұмысы сан алуан бола тұрса да, аудандық комитеттердің көпшілігі өздеріне жүктелген міндеттердің үдесінен шыға білді.

Мысалы, Ақтөбе облысындағы Мартөк аудандық партия комитеті шаруашылықтардың экономикасын көтеру, бастауыш партия ұйымдарының ролін арттыру, коммунистердің тапсырылған іске жауапкершілігін күшейту жөнінде нақты шешімдер қабылдап, бұл шешімдерді партия активінің белсенді көмегімен ойдағыдай жүзеге асырып келеді. Ал Жамбыл облысындағы Мерке аудандық партия комитетін алатын болсақ, шаруашылық кадрларын дұрыс іріктеп, орналастыру, олардың идеялық дәрежесін, іскерлігі мен мамандығын арттыру, бұрынғыдай қараз бастылыққа, мәжіліс құмарлыққа салынбай, тікелей адамдар арасында жұмыс істеу оның ұйымдастырушылық қызметінің өзегі болып отыр. Сондықтан да меркеліктердің өткен жылы шаруашылықтың түрлі саласында айтарлықтай табыстарға жеткені кездейсоқ нәрсе емес.

Дер кезінде ұйымдастыру жұмысының шешуші буынын таба алмай, ескі әдістен көпке дейін арыла алмай қалған комитеттер де бар. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысындағы Большенарым ауданында коммунистердің өндірістегі ролін арттыруға жөнді көңіл бөлінбей отырғанын Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті өте дұрыс атап көрсетті.

В. И. Ленин партия мен үкіметтің шешімдерін бұлжытпай орындауды әрдайым қатаң талап етіп отырды. Тапсырылған істі орындамаушылық, жауапсыздық, салақтық, тәртіпсіздік атаулыға мейлінше мейірімсіз болды. Белгілі бір шешімнің нақты орындалуын ұйымдастыра білмей, өзінің олақтығын немесе қабілетсіздігін бүркеу үшін бет алды қаулы-қарар қабылдаумен, орынсыз қайта құру ісімен әуреленетіндерді түйрей келіп, В. И. Ленин «Мәселенің тетігі мекемелерде емес, қайта ұйым-

дастыруда емес, жана декреттерде де емес, мәселенің тетігі адамдарда, істің орындалуын тексеруде» деп көрсетті.

Тапсырылған істі орындамаған немесе қате жіберген кінәлі адамдар жөнінде кешірімшілдік жасауды В. И. Ленин жарамсыз әдет деп санады. Жауырды жаба тоқымай, қате мен кемшілікті жалпыға жария етіп, жазғыру керек. Тек сонда ғана кенесшілдік пен қағаз бастылық сияқты аса қатерлі дерттен толық айығуға болады. Жазықтыны жазадау үшін ғана емес, келешекте сабақ болуы үшін де осылай ету керек деді Ильич.

Партия жұмысында формализм мен шаблоннан зиянды қырсық жоқ. В. И. Ленин партия қызметкерлерін ескірін қалған жұмыс әдістері мен тәсілдеріне жармаспай, өмірдегі жаңалықты көре білуге, икемді тактика қолдануға үйретті.

Жасыратыны жоқ, кейбір жерлерде партия ұйымдары озат тәжірибе мен жаңалықты насихаттап, таратуда, социалистік жарысты ұйымдастыруда, міндеттемелер қабылдауда осындай өрескел кемшіліктерге жол беріп келді. Мысалы, өндіріске айтарлық бір жаңалық енгізген немесе еңбектің үздік әдісін қолданып, тамаша табысқа жеткен адамды мұндай партия ұйымы мадақтауын мадақтаса да, оның үздік тәжірибесін, ойлап тапқан жаңалығын көпшіліктің игілігіне айналдыру жағын ойластырмайды, оған жағдай жасамайды. Нақты мүмкіндіктермен санаспай, жәй «рәсім» бойынша қабылдана салатын, бірақ орындалмай, қағаз жүзінде қалатын міндеттемелер жөнінде де осыны айтуға болады.

Кейбір қызметкерлердің бойынан қалмай жүрген жаман әдеттердің бірі — олар жиі алыс сайын белгілі бір шаблонмен күпіне сөйлейді де, сөзінің аяғын «серт етемін», «сендіремін» деген үйреншікті уәдемен бітіреді. Бірақ ондайлардың сөзі мен ісі көбінесе бір жерден шықпай қалады. Істің мүддесі үшін де, кадрларды баулып өсіру үшін де, бұқараны жұмылдыру үшін де мұның ешбір пайда келтірмейтіні айтпаса да түсінікті. Мұндай жарамсыз әдеттерден үзілді-кесілді арылатын мезгіл жетті.

Әсіресе қазіргі кезде, социалистік өндірістің тиімділігін арттыра беру ең өзекті де өмірлік мәселе болып отырған жағдайда кадрларды өзінің қоғамдық борышын терең ұғынатын, мемлекеттік жоспарлардың орындалуына өз басының жауапкершілігін сезінетін, партиялық және мемлекеттік тұрмыстың лениндік нормаларын қатаң сақтайтын етіп тәрбиелеу ерекше маңыз алады.

Біздің республикада осы асқақ талаптың деңгейінен табылатын партия қызметкерлері көп-ақ. Сонымен қатар өз білігінше мандымды ешнәрсе істей алмай, сырттан түрткі беруді күтіп отыратын, ең жар қызметкерлер де кездесіп қалады. Ендігі жерде мұндай адамдардың басын қызметте жүруіне төзуге болмайды.

Партия Орталық Комитеті Пленумдарының шешімдерінде бастауыш партия ұйымдарының ролі мен жауынгерлігін арттыру қажеттігі баса айтылған. Әрбір кәсіпорындағы, шаруашылықтағы, мекемедегі іс тағдыры, сайып келгенде, партия ұйымы жұмысының дәрежесіне байланысты. Егер ортақ іске әрбір коммунистің жаны ашитын болса, өзінің партиялық тапсырмасын орындап қана қоймай, сонымен қатар өзгелерге де мұрындық болса, онда орындалмайтын іс жоқ.

Біздің журналдың бетінде коммунистер Ы. Жақаев, М. Кашеутов, М. Картамбаев, С. Үкібаев және басқалар түрлі мезгілде өз пікірлерін ортаға салды. Бұлар — өз коллективінің шеңберінде қалып қоймай, бүкіл партиямыз бен мемлекетіміздің ісін ойлайтын дәрежеге көтерілген қайраткерлер. Бұлар келелі мәселелер жөнінде құнды ұсыныстылықтарын айтады, жұмыстағы кемістіктерді батыл түйреп, тіпті «үлкен адамдарды» батыра сынаудан да тайынбайды. Әрбір партия ұйымы өз

ортасынан міне осындай сапалы да зерделі коммунистерді баулып өсіруге тиіс.

КПСС Орталық Комитеті Пленумдарының шешімдерінде бұқара арасындағы саяси жұмысқа ерекше мән берілген. Совет адамдары өмірде болып жатқан құбылыстарды, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің саясатын, мемлекетіміздің ішкі және сыртқы жағдайын, дамуымыздың келелі міндеттерін, бұл міндеттерді жүзеге асыруда әркімнің алатын орнын терең ұғынып, әрекет ететін болуы керек.

Ұлы көсеміміздің өзі бұл жөнінде асқан үлгі-өнеге көрсетіп отырды. В. И. Ленин көзі тірісінде бос уақытының бәрін жұмысшылармен, шаруалармен, интеллигенция өкілдерімен әңгімелесу үшін пайдаланып, бұдан мемлекет жұмысы үшін аса маңызды қорытындылар жасады. Оған әңгімелескенде де, топты жиын алдында сөйлеген кезінде де сол кездегі сұрапыл қиыншылықтарды, совет органдарының кемшіліктері мен шалағайлықтарын жұмысшылардан ол еш қашанда жасырған емес. Бір айта кетерлік жәйт. В. И. Ленин Октябрьден кейін Москваның бір өзінде ғана жұмысшылар алдында 200 реттен астам сөз сөйлеген. Еңбекшілердің жиналыстарында, өндірістік коллективтерде баяндама жасауды, лекция оқуды, әңгіме өткізуді әлде нендей бір ауыр бейнег санайтын жолдастардың мұны қатты ескергені жөн.

Қазіргі кезде жер-жерде партия комитеттерінің конференциялары өткізілуде. Бұлар партия жұмысының стилі мен әдістерін қазіргі кездегі талапқа сай барынша жетілдіре түсу үшін, партияның әбден сыналған өткір қаруы сын мен өзара сынды мықтап өршіту арқылы істегі кемшіліктер мен қателіктерді, ескірген жарамсыз әдістерді батыл аластап тастау үшін, сөйтіп шаруашылық пен мәдениеттің барлық саласында келелі табыстарға жету үшін үлкен роль атқарады.

Журналымыздың осы номерінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Көкшетау облысындағы Рузаев аудандық партия комитетінің жұмысы туралы қаулысы жарияланып отыр.

Бұл қаулыда аудандық партия комитетінің жұмыс тәжірибесі қорытылған, КПСС Орталық Комитеті Пленумдарының шешімдерін жүзеге асыруда аудан партия ұйымының бір талай игілікті істер істегені, ауыл шаруашылық өндірісін өркендету мәселелеріне неғұрлым білгірлікпен, нақты басшылық ете бастағаны, ұйымдастыру және саяси жұмыстың дәрежесін едәуір көтергені атап көрсетілген. Аудандық комитет шаруашылықтардың экономикасын көтеруге, жетекші кадрларды дұрыс іріктеп, баулып өсіруге, бастауыш партия ұйымдарының ролі мен жауапкершілігін арттыруға, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісіне көп көңіл бөліп келеді.

Сонымен қатар қаулыда Рузаев аудандық партия комитетінің жұмысында елеулі кемшіліктер де бар екені айтылған, бұл кемшіліктерді жою жолдары көрсетілген.

Партия жұмысының әдістері мен формаларын жетілдіре беру үшін бұл қаулының зор маңызы бар. Сондықтан барлық партия комитеттері қаулының мазмұнымен жете танысып, одан өздерінің практикалық қызметі үшін тиісті қорытынды жасауға тиіс.

КПСС-тің айбынды отрядтарының бірі Қазақстан партия ұйымы еңбекшілер бұқарасының творчестволық күш-жігерін өршіте отырып, алдағы партия съезін лайықты жеңістермен, абыройлы істермен қарсы алу үшін аянбай күресе береді.



ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

Көкшетау облысындағы Рузаев аудандық партия комитетінің жұмысы туралы

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті «Көкшетау облысындағы Рузаев аудандық партия комитетінің жұмысы туралы» қаулы қабылдады. КПСС Орталық Комитетінің октябрь, ноябрь (1964 ж.), март (1965 ж.) Пленумдарының шешімдерін орындай отырып, Рузаев аудандық комитеті партия мен үкіметтің шешімдерін жүзеге асыру жөнінде елеулі жұмыс жүргізді. Ауыл шаруашылық өндірісін өркендету, партиялық-ұйымдастыру және саяси жұмыс мәселелерімен тереңірек, нақтырақ шұғылдана бастады.

Жаңа талаптарға лайық аудандық партия комитеті саяси басшылық органы ретіндегі өз ролін дұрыс түсініп, совет, шаруашылық, қоғам ұйымдарының қызметін іскерлікпен ұштастырып, ойдағыдай бағыттауда, бастауыш партия ұйымдарының ролі мен жауапкершілігін арттыруға, кадрларды іріктеу, орналастыру, тәрбиелеу ісіне, партия және совет органдары шешімдерінің орындалуын тексеруге, партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайтып, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісін күшейтуге басты назар аударуда.

Аудандық партия комитеті, аудандық атқару комитеті, аудандық өндіріс басқармасы совхоздардың мамандары мен жұмысшыларын кеңінен қатыстыра отырып, таяудағы бесжылдықта ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөнінде нақты шаралар белгіледі. 1965—1970 жылдарда аудан совхоздары сүт өндіруді 36,3 процент, ет өндіруді 45,7 процент арттыруға, дәнді дақылдардың шығымдылығын гектар басы 11,4 центнерге дейін ұлғайтуға ұйғарды.

Ауданда егіншілік мәдениетін көтеру мәселесіне көбірек көңіл бөліне бастады. Эрозияға қарсы күресу мақсатымен жерді қайырмасыз плугпен жырту жүйесі кеңінен енгізілуде. Барлық пардың 90 проценттен астамы, зябьтің 46 проценті осы әдіспен жыртылды. 1965 жылы егіннің 80 процентіне аудандастырылған тұқым себілді, 129 мың гектар егіс лимиялық әдіспен бапталды. Совхоздардың бәрі де өздерін өз тұқымымен, соның ішінде 80 проценттен астамы аудандастырылған сорттармен камтамасыз етіп алды. Мемлекетке ет, жұмыртқа, жүн тапсырудың жылдық жоспары мерзімінен бұрын орындалды.

КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін орындай отырып аудандық партия комитеті партиялық басшылықтың стилі мен әдістерін жетілдіре түсуде. Басшылық жұмысының негізгі күші тікелей партия ұйымдарына жұмсалып, шаруашылық басшыларын, мамандарды шақырып өткізетін кеңестердің, мәжілістердің саны шұғыл азайды. Аудандық комитеттің пленумдары мен бюро мәжілістерінде көбінесе экономикалық және мәдени өмірдің, партиялық ұйымдастыру, саяси жұмыстың ең маңызды, өзекті мәселелері қаралатын болды. Атап айтқанда «Червоный» совхозы партия ұйымының КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін орындау жөніндегі қызметі туралы, «Западный» совхозы партия ұйымының кадрлармен жұмысы туралы, «Парижская коммуна» совхозы парткомының цехтық партия ұйымдары мен партия топтарына басшылығы туралы және өндірістің, партияның ішкі тұрмысының басқа да маңызды мәселелері қаралды.

Ауданда партия ұйымдарын ұйымдық жағынан нығайту және олардың құрылымын жетілдіру жөнінде үлкен жұмыс жүргізілуде. Аудандық комитет адамдармен жұмысты күшейтуге, коммунистерді дұрыс орналастырып, олардың жетекшілік ролін арттыруға, КПСС Уставының талаптарын мүлтіксіз орындауға бастауыш партия ұйымдарының назарын аударып отырады. Ауыл шаруашылығындағы коммунистердің 75 проценттен астамы, комсомолецтердің тең жарымы өндірістің шешуші учаскелерінде еңбек етіп жүр, олардың көбісі өндіріс озаттары мен жанашылдары болып, қоғамдық өмірге белсене қатысуда.

Аудандық комитет пен бастауыш партия ұйымдары кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу жұмысын жақсартты. Совхоз директорларының бәрі де — ауыл шаруашылығының мамандары. Көптеген бөлімшелер, бригадалар мен фермалар да тәжірибелі қызметкерлермен нығайтылған. Партия ұйымдары секретарьларының көпшілігі ұйымдастырушылық қабілеті бар, даярлығы жақсы коммунистерден іріктеп сайланған. Басшы кадрлардың оқуын ұйымдастыру жөнінде де көп жұмыс істелуде. Ауданда озат шаруашылықтар негізінде үш озат тәжірибе мектебі құрылған, экономикалық жұмысты жақсарту, ішкі шаруашылық есеп енгізу мәселелері жөнінде экономикалық конференциялар, совхоз директорларының, мамандарының, орта буын кадрларының семинарлары өткізіліп тұрады. Трактор-егіс бригадалары бригадирлерінің айлық курстары ашылған.

Аудандық комитет пен бастауыш ұйымдар партиялық оқу мәселесімен көбірек шұғылдана бастады. Бастауыш партия ұйымдары жанынан 29 семинар, марксизм-ленинизм негіздерін үйренетін 34 мектеп, 62 бастауыш саяси мектеп құрылды. Оларда 2 450 коммунист, комсомолец және партияда жоқ активистер оқиды.

Еңбекшілер арасындағы саяси жұмыс күшейе түсті. Ауданда 47 көпшілік лекторий, 8 факультеті бар аудандық мәдениет университеті жұмыс істейді. Көптеген совхоздарда халықтар достығы, сұрақ-жауап кештері, диспуттар, оқушы конференциялары өткізіліп тұрады.

Сонымен бірге Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Рузаев аудандық партия комитетінің қызметінде әлі де болса елеулі кемшіліктер мен олқылықтар орын алып келеді, оның өзі шаруашылық пен мәдениет құрылысына партиялық басшылық дәрежесін төмендетіп отыр деп есептейді. КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін орындау жөніндегі ұйымдастыру жұмысында кемшіліктерге жол берілуде, ауыл шаруашылық өнімін өндіруді ұлғайту үшін қолдағы бар мүмкіндіктер жеткіліксіз пайдаланылуда. Бірсыпыра совхоздарда егіншілік мәдениетін көтеру үшін табанды күрес жүргізілмей келеді. Соның салдарынан кейбір шаруашылықтар топырақ-климат жағдайы бірдей бола тұрса да, озат совхоздардан өнімді кем алып жүр.

Орталық Комитеттің қаулысында аудандық комитет пен бастауыш партия ұйымдары мал шаруашылығын өркендету мәселелерімен қанағаттанғысыз шұғылданады, ауыл шаруашылығының бұл аса маңызды саласын күнбе-күн бақылауға алмайды деп атап көрсетілген. Ауданда мал шаруашылығы өнімін өндіруді арттыру, малдың санын көбейтіп, өнімділігін молайту міндетінің нашар шешіліп жатқаны, аналық малдың қысыр қалуына, малдың, әсіресе төлдің көп шығын болуына жол берілуі тегін емес. Мал тұқымын асылдандыру және ветеринарлық-профилактика жұмысының дәрежесі төмен. Мал шаруашылығындағы еңбекті механикаландыру мәселесі әлі де болса тым баяу шешілуде.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті совхоздардағы экономикалық жұмыс, совхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту мәселелері босаңсытып жіберілгенін атап көрсетті. Аудандық партия комитеті, өндіріс басқармасы, бастауыш партия ұйымдары шаруашылықтардың экономикалық жағдайының нашарлығын қолайсыз

ауа райымен ақтауға тырысып, жыл сайын көп шығынға жол беретін шаруашылық басшылары мен мамандарына принципті түрде тиісті баға бермейді. Ал іс жүзінде совхоздардың зиянмен жұмыс істеуінің себебі өрескел иесіздіктен, ысырапқорлықтан, техникаға немкетті караудан, еңбек өнімділігінің төмендігінен, мемлекет каражатын шын жан ашырлықпен есептей білмеуден болып отыр.

«Ломоносовский», «Рузаевский», «Парижская коммуна» және басқа бірсыпыра совхоздардың бастауыш партия ұйымдары өндіріске әлі де болса нашар ықпал жасайды, экономикаға терең үңілмейді, озат тәжірибе мен ғылым жетістіктерін үйрену, енгізу ісімен жеткіліксіз шұғылданады, мемлекет және еңбек тәртібін бұзуға төзімділік жасайды.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті совхоздардың шаруашылық-экономикалық қызметіндегі мұндай елеулі кемшіліктердің бәрі аудандық комитет бюросының ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде белгіленген жоспарларды орындау, ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық саласындағы резервтерді, материалдық-техникалық және ақшалай ресурстарды неғұрлым толық, тиімді пайдалану, мейлінше үнемшілдік, ұқыптылық жасау жөнінде бастауыш партия ұйымдарына, шаруашылық басшылары мен мамандарына қойылатын талапты бәсеңсітіп жіберуінен деп есептейді.

Аудандық комитет және бірсыпыра бастауыш партия ұйымдары партиялық-ұйымдастыру жұмысымен әлі де аз шұғылданады. Кадрлармен жұмыс істеуге, партия мен үкімет директиваларының орындалуын тексеруге жеткілікті көңіл бөлінбейді. Кейбір партия ұйымдарында КПСС Уставының талаптарын орындау жөнінде коммунистерге қойылатын талап бәсеңсіп кеткен, соның салдарынан партияның кейбір мүшелері мен мүшелікке кандидаттары коллективте де, тұрмыста да жарамсыз қылықтар жасайды.

Жекелеген партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру мәселелерімен жеткіліксіз шұғылданады. Партиялық оқу мен лекциялық насихатқа басшылық ісінде де кемшіліктер толық жойылып біткен жоқ. Халықтың мәдениетті дем алуын ұйымдастыруға лайықты көңіл бөлінбей келеді.

Аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитеті халыққа білім беру органдарының, медицина мекемелерінің, сауда және тұрмыстық қызмет көрсету орындарының жұмысымен нашар шұғылданады.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті аудандық партия комитетін аталған кемшіліктерді жоюға, партиялық басшылықтың стилі мен әдістерін үздіксіз жетілдіріп отыруға, бастауыш партия ұйымдарының ролін көтеру, ұйымдастыру жұмысын жақсартып, істің орындалуын тексеруді күшейту, кадрларды іріктеу, орналастыру, тәрбиелеу, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне басты назар аударуға міндеттеді.

КПСС XXIII съезі құрметіндегі социалистік жарысты кең өрістетуге, КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін жүзеге асыруға бағытталған ұйымдастыру және саяси жұмысты күшейту, сөйтіп 243 мың тонна мөлшерінде белгіленген астық дайындау жоспарының жыл сайын толық және асыра орындалуын қамтамасыз ету аудандық партия ұйымының ең маңызды міндеті болып есептелуге тиіс. Соның өзінде 1965 жылы мемлекетке тапсырылған астықтың, өте-мөте аса маңызды азық-түлік дақылы — жаздық бидайдың толмай қалған жерін 1966 жылы толтыратындай етіп жұмыс жүргізу керек. 1970 жылы мемлекетке сатылатын сүтті 25 500 тоннаға дейін, жүнді 710 центнерге, жұмыртқаны 2,63 миллионға жеткізу қажет.

Екіншілік мәдениетін арттыру, шаруашылықтардың бәрінде ауыспалы егістің дұрыс жүйесін енгізу, дәнді дақылдардың мол өнімді, сортты тұқымдарын қолдану, агрономия ғылымының жетістіктері мен озаттар тәжірибесін кеңінен пайдалану, сөйтіп егін шығымдылығын арттыру,

әрбір гектар жерден өнімді неғұрлым мол алу мәселесіне партия ұйымдары мен совхоз басшыларының назары аударылды.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті аудандық партия комитетін, аудандық өндіріс басқармасын, совхоздардың партия ұйымдарын мал шаруашылығындағы артта қалушылықты жою шараларын қолдануға, мал қыстатуды үлгілі өткізуге, берік жемшөп базасын жасауға, мал тұқымын асылдандыру және зоотехникалық жұмысты жақсартуға, мал күтімін жақсы ұйымдастыруға, еңбекті көп тілейтін процестерді механикаландыруға, мал фермаларын таңдаулы кадрлармен нығайтып, олардың мамандығын көтеру жұмысын ұйымдастыруға міндеттеді. Өндіріс мамандары мен озаттарын қатыстыра отырып, мал шаруашылығын өркендету қарқынын күшейту жөнінде қосымша шаралар белгілеу керек, сөйтіп таяудағы бір-екі жыл ішінде әрбір совхозда бұл саланың шұғыл өрге басуын қамтамасыз ету қажет.

Аудандық партия комитетіне, бастауыш партия ұйымдарына, өндіріс басқармасына, шаруашылық басшыларына экономикалық жұмысты жақсарту, әрбір шаруашылықтың резервтерін толығырақ ашып, пайдалану, шаруашылық есеп енгізу, еңбекті ұйымдастыру мен ақы төлеудің прогрестік әдістерін қолдану, материал, еңбек және финанc ресурстарын тиімді пайдалану, өндірістің барлық учаскесінде үнем тәртібін қатаң сақтау, техниканы іскерлікпен пайдалану, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын үздіксіз кемітіп, совхоздардың зиянсыз жұмыс істеуін көздеу тапсырылды. Совхоз кадрларының — бөлімше басқарушыларының, мамандардың, бригадирлердің, бухгалтерлердің, есепшілердің экономикалық оқуын кеңінен ұйымдастырып, озат тәжірибе мен ғылым жетістіктерін үйрену, өндіріске енгізу жөнінде олармен семинарлар, экономикалық конференциялар өткізіп тұру керек.

Ауыл шаруашылық жылын қорытуға ерекше назар аударып, барлық совхоздардағы, бригадалардағы, фермалардағы істің жайына мүқият талдау жасап, орын алған кемшіліктерді жою, ауыл шаруашылық өндірісіне басшылықты жақсарту жөнінде нақты шаралар белгілеп, жүзеге асырып отыру қажет. Көктемгі егіске үлгілі әзірленіп, техниканы дер кезінде жөндеп, тұқымды даярлап қою керек, егістік жерге қар тоқтатып, барлық шаруашылықтарда механизатор кадрларын даярлауды ұйымдастыру, сөйтіп әрбір шаруашылықты өз механизаторларымен қамтамасыз ету, қысқы маусымда тракторшыларды комбайншы мамандығына үйрету, сөйтіп алдағы уақытта ауыл шаруашылық жұмыстарының бәрін де шаруашылықтардың өз күшімен атқаратындай жағдайға жету қажет. Көктемгі егіс ұйымшылдықпен және агротехникалық жоғары дәрежеде өткізілетін болсын.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті аудандық партия комитетін экономиканы дамыту ісінде бастауыш партия ұйымдарының ролі мен жауапкершілігін арттыруға, сөйтіп әрбір совхоз партия ұйымы өзінің ұйымдастыру және саяси жұмысын үздіксіз жақсартатындай, кадрларға талапты күшейтіп, иесіздікке, жұмыстағы самарқаулыққа қарсы батыл күрес жүргізетіндей, өндірістік және еңбек тәртібін табаңды түрде нығайтатындай, адамдарды тапсырылған іске саналы, коммунистік көзбен қарауға тәрбиелейтіндей дәрежеге жетуге міндеттеді.

Күнделікті практикалық қызметте бастауыш партия ұйымдарына сүйеніп, олардың пікірімен, ұсыныстарымен санасып отыру, бастауыш және цех партия ұйымдарының секретарьларына, партия топтарының ұйымдастырушыларына, совхоз партия комитеттері мен партия бюроларының мүшелеріне көмектесіп, оларды қолдап отыру, партиялық басшылықтың дұрыс әдістері мен формаларына үйрету, олардың беделін үздіксіз көтеріп, жақсы бастамаларын дамыту, партия жұмысының жақсы тәжірибесін қорытып, таратып отыру қажет.

Бастауыш партия ұйымдары совхоз өндірісінің барлық шешуші учаскелерінде, өте-мөте мал шаруашылығында, сондай-ақ еңбекшілерге тұрмыстық қызмет көрсететін орындарда, құрылысшылар арасында, сауда және қоғамдық тамақтандыру орындарында партия өкілдерінің санын көбейтіп, барлық коммунистердің партия Уставы талаптарын мүлтіксіз орындауын, қоғамдық шаруашылықты өрге бастыру үшін белсенді күрес жүргізуін қамтамасыз етуі керек.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті аудандық партия комитетіне, бастауыш партия ұйымдарына кадрлармен үзбей жұмыс істеп, оларға қойылатын талапты күшейтуді, оларды жоғары идеялық, адалдық пен шыншылдық, партия және мемлекет тәртібін мүлтіксіз сақтау рухында тәрбиелеуді ұсынды. Совхоздардың, бөлімшелердің, бригадалардың, фермалардың басшы кадрлары құрамын жақсартуға ерекше назар аудару қажет. Мамандардың ролін көтеріп, жан-жақты көмек, қолғабыс көрсетіп, олардың іс жүзінде ауыл шаруашылығы өндірісінің нағыз ұйымдастырушылары болуына жету керек. Кадрлардың оқуын, олардың жалпы білімі мен саяси даярлығын, мамандығын, экономикалық білімін көтеру, жетілдіру ісін кеңінен ұйымдастырған жөн.

Аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары ішкі партиялық жұмысқа көбірек көңіл бөліп, партия жиналыстарын әзірлеу және өткізу практикасын мейлінше жақсартуға, коммунистердің инициативасы мен белсенділігін өрістетіп, оларды партиялық және қоғамдық өмірге кеңірек тартуға міндетті. Кабылданған шешімдердің, сондай-ақ коммунистердің сын ескертпелері мен ұсыныстарының орындалуына үздіксіз бақылау жасап отыру керек. КПСС Орталық Комитетінің Харьков облыстық партия ұйымының есебі жөніндегі қаулысына лайық КПСС қатарына адамдарды жеке-жеке іріктеп қабылдау және жас коммунистерді тәрбиелеу жұмысы жақсартылатын болсын.

Аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары бұқаралық-саяси жұмыспен үзбей шұғылдануға, ол үшін бұқараға идеялық ықпал жасаудың мүмкін болған барлық амалдары мен түрлерін пәрменді пайдалануға тиіс. Коммунистердің саяси оқуына, лекциялық насихатқа, насихатшылар даярлау ісіне, үгітшілердің, жергілікті радионың, баспасөздің жұмысына басшылықты жақсарту қажет.

Полтава облысындағы жергілікті Советтердің жұмысы туралы КПСС Орталық Комитетінің шешімдеріне сәйкес, аудандық партия комитетіне еңбекшілер депутаттары аудандық, селолық Советтерінің және басқа да аудандық ұйымдардың қызметін жандандыру, экономика мен мәдениетті өркендетудегі олардың жауапкершілігін арттыру тапсырылды.

Аудандық партия комитеті комсомолға партия басшылығын күшейтіп, жастарды еңбекте тәрбиелеу, олардың оқуы мен демалысын ұйымдастыру ісіне ұдайы қамқорлық жасауда, идеялық тәрбие және ішкі одақ жұмысын жақсартуда, комсомолменшілердің саяси саналылығын арттыруда комсомол ұйымдарына күнбе-күн қажетті көмек көрсетіп отыруға міндетті. Кәсіподақ ұйымдарының қызметін жақсарту, олардың социалистік жарысты ұйымдастыру, коммунистік еңбек жолындағы қозғалысты дамыту, еңбекшілердің еңбек праволарын қорғау, өндірістік-тұрмыстық жағдайын жақсарту ісіндегі ролі мен жауапкершілігін оған сайын арттыру қажеттігіне назар аударылды.

Қазақстан Компартиясының Көкшетау облыстық комитетіне шаруашылық және мәдениет құрылысына, партиялық-ұйымдастыру, партиялық-саяси жұмысқа партия басшылығын жақсарту ісінде Рузаев аудандық партия комитетіне практикалық көмек көрсету ұсынылды.



«ҚАРА АЛТЫН» ҚОЙМАСЫ

М. ЕСЕНОВ.

Қазақстан КП Гурьев облыстық комитетінің бірінші секретары

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы өнеркәсіпті басқаруды жақсарту, жоспарлауды жетілдіру және өнеркәсіп өндірісін экономикалық жағынан көтермелеуді күшейту туралы аса маңызды шешімдер қабылдады. Бұл шешімдердің өмірден, елімізде коммунизм орнатудың нақты міндеттерінен туғаны белгілі.

Сентябрь Пленумының материалдарын бүкіл совет халқы қызу мақұлдады. Біздің Гурьев облысының еңбекшілері де кәсіпорын коллективтерінің, бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында, аудандық, қалалық және облыстық партия активі жиналыстарында партиямыздың жаңа экономикалық программасын бірауыздан қуаттап, оны мүлтіксіз жүзеге асыруға кірісті.

1965 жылы еліміздің еңбекшілері СССР мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлерінің Бүкіл одақтық күнін тұңғыш рет атап өтті. Бұл мерекенің тағайындалуы — еліміздің отын базасын дамытуға жасаған Коммунистік партия мен Совет үкіметінің тағы бір әкелік қамқорлығы. Партия мен үкіметтің орасан зор ұйымдастыру жұмысы, мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлерінің қажырлы еңбегі арқасында жетіжылдық ішінде еліміздің отын балансында түбірлі өзгерістер болды.

Қазақстанның мұнай өнеркәсібі негізінен Гурьев облысының жерінде шоғырланған. Геофизика, геологиялық зерттеу және барлау жұмыстарының нәтижелеріне қарағанда, Гурьев пен оған жалғас Ақтөбе облыстарының жер қойнауында мұнай мен табиғи газдың ғажап мол қоры бар.

1961—1962 жылдары Жайық пен Волга арасындағы өңірде, Гурьев қаласынан 70—80 километр жерде жоғары сапалы мұнай беретін Мартыши, Камышитовый, Жаңатал алаңдары ашылған болатын. Қазіргі уақытта Мартыши толық тексеріліп болып, «Эмбанефть» комбинатының орталық ғылыми-зерттеу лабораториясы ондағы мұнай мен газдың қорын есептеуде. Бұл алаңдардың қазір салынып жатқан Гурьев-Астрахань темір жолына, мұнай өңдеу зауытына және аудандық электр станциясына жақындығы оны тез игеруге мүмкіндік туғызады.

Ақтөбе мұнай-газ барлау тресінің барлаушылары Ақтөбе облысының Темір ауданынан Кенкияк, Ақжар, Көкжиде, Күмсай, Қопа алаңдарын ашты. Бұлардың ішінде ең ірісі — Кенкияк. 1965 жылы онда пайдалану бұрғылауы басталды. Таяу болашақта Кенкияк төңірегі Қазақстанның мұнайлы аудандарының қатарына қосылмақ.

Жетіжылдықтың ішінде мұнай мен газ тек Ембі кәсіпшіліктерінде ғана өндіріліп келді. Ал 1965 жылы жаңа ірі аудан — Оңтүстік Маңкыстау өнеркәсіптік мұнай бере бастады. 1965 жылдың аяғына дейін облысымыздың мұнай кәсіпшіліктері Отанға 2 миллион тонна «қара алтын» берді.

Оңтүстік Маңкыстауда Совет Одағындағы ең ірі Жетібай, Өзен, Қарамандыбас, Тенге алаңдарының ашылуы Қазақстанның мұнай өнеркәсібін дамытудағы жаңа кезең болып отыр. Геологиялық-барлау жұмыстарын онан әрі өрістетіп отырып, жаңадан ашылған мұнайлы алаңдар-

ды тезірек игеру, мұнай мен газдың мол қорын тезірек Отап қажетіне жарату—республика мұнайшыларының таяудағы аса маңызды міндеті. Өзен мен Жетібай сияқты алаңдар Қазақстан мұнайшыларына бұрын кездескен емес. Өнеркәсіптік маңызы бар мұнай қоры тек Өзен алаңындағы бір горизонттан ғана Ембінің мұнан елу жыл бұрын барланған барлық мұнайлы алаңдарының қорынан асып түседі.

Маңқыстау түбегінен Гурьевтің мұнай өңдеу зауытына өткен жылдың өзінде мындаған тонна Өзен мұнайы жеткізілді. Оңтүстік Маңқыстауда мұнай мен газ шығатын тұңғыш алаң—Өзеннің пайдаланылуға берілуі—геолог барлаушылардың, мұнай өңдеушілердің, құрылысшылардың қажырлы еңбегінің нәтижесі және еліміздің мұнай мен газ өндіретін жана ірі базасын жасаудың бастамасы.

Өзенді ашуға зор үлес қосып, Маңқыстаудың мол байлығын игерушілердің алдыңғы қатарында келе жатқан таңдаулы адамдарды мақтанышпен атаймыз. Бұлар—тамаша мастерлер Садық Рысқалиев, Ғазиз Әбдіразақов, Төреғали Қадыров, Тынышбай Опиев басқаратын бригадалардың коллективтері.

Өзен кәсіпшілігін шапшаң іске қосу жөнінде Маңқыстау мұнай бірлестігі, Маңқыстау мұнай-газ құрылыс тресі № 99 құрылыс басқармасы коллективтерінің сіңірген еңбегі аз емес. Олар өздерінің қажырлы еңбегімен бірсыпыра объектілерді мерзімінен бұрын пайдалануға берді. Дегенмен бұл алаңды сынау ретінде пайдаланған кезде көптеген кемшіліктер мен шешілмеген мәселелер анықталды.

Сынау ретінде пайдаланудың басты міндеттерінің бірі — өндірістің негізгі жобасын жасау үшін және қабаттары қысымды сақтау үшін алғашқы деректер алу. Соған байланысты жобада көзделген қажетті зерттеу жұмыстары дер кезінде және сапалы орындалуға тиіс. Амал не, Қазақстан мұнай бірлестігінің және оның Өзен кәсіпшілік басқармасының қызметкерлері жобаның кейбір аса маңызды ұсыныстарын орындамай отыр. Бұл кемшіліктер таяу уақытта жойылуға тиіс. Скважиналардың дұрыс қазылуын қамтамасыз етіп, оларды дер кезінде игеру керек.

КПСС Орталық Комитеті мен Совет үкіметі Қазақстанда ірі мұнай базасын жасауға ерекше маңыз беріп, қыруар қаржы бөліп келеді. Мақат-Шевченко темір жолының салынуы бұл аймақты жандандырып жіберді: су тұщылайтын қондырғы қатарға қосылды, электр күшін беретін линия, тас жол, ірі электр станциясы салына бастады.

Маңқыстауда мұнай өнеркәсібінің өркендеуі ауыз су табуға және су көздерін игеруге байланысты. Қазақ ССР Геология министрлігіне қарасты Алматы гидрогеология тресінің Маңқыстаудағы экспедициясы бірнеше су көзін: Сауысқан, Басқұдық және басқаларын тапты. Қазіргі уақытта Сауысқан бұлағы Өзен поселкесінің халқын тұрмысқа қажетті сумен қамтамасыз етіп отыр. «Газипронефть» институты Жетібайды Басқұдық сумен жабдықтау жобасын жасауда. Тұщы сумен толық қамтамасыз ету үшін гидрогеологиялық барлау жұмыстарын бұрын анықталған жерлерде, сондай-ақ жаңа аудандарда өрістеткен мақұл. Маңқыстауды және бүкіл Гурьев облысын сумен толық жабдықтау үшін гидрогеологиялық жұмыстардың қазір жоспарланып отырған көлемі және экспедициялардың жарактануы мүлде жеткіліксіз. Республиканың Геология министрлігі мұны мықтап ескеруге тиіс.

Жаңа мұнай көздерін тезірек игеріп, облыста мұнай өңдеу мен мұнай-химия өнеркәсібінің қуатын арттырудың аса маңызды шарттарының бірі—күрделі құрылыс жоспарларын ойдағыдай орындау. Облыстың мұнай өнеркәсібінде 1966 жылы жоспар бойынша шамамен 75 миллион сом игерілуге тиіс. Оның ішінде құрылыс-монтаж жұмыстарына 38 миллион сом жұмсалады. 1965 жылдың 11 айында күрделі қаржының 58,1 миллион сомы игерілді, яғни жылдық жоспар 92,3 процент орындалды,

Ал құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 31,4 миллион сом болып, жылдық жоспар 91,2 процент орындалды.

Бірақ «Эмбанефть» комбинаты бойынша қаржының игерілуі қанағаттанғысыз. Мұнда жылдық жоспарда белгіленген 16,6 миллион сомнан 10,7 миллион сом ғана игерілген, яғни жылдық жоспар 66,4 процент орындалған.

Ал Маңкыстау түбегінде күрделі қаржының игерілуі біршама тәуір. Маңкыстау мұнай-газ құрылыс тресінің жас коллективі ең қиын учаскелерде көп жұмыс атқарады. Олар меншікті өндіріс базасының болмауына, ауа райының қолайсыздығына және жыл басында кадрлардың жеткіліксіз болғандығына қарамастан елеулі табыстарға жетті. 1965 жылдың екінші және үшінші тоқсандарындағы жұмыс қорытындысы бойынша СССР Газ өнеркәсібі министрлігінің коллективтері арасындағы жарыста олар екінші сыйлыққа ие болды.

Жетіжылдықтың ішінде мұнай өнеркәсібінде жаңа техниканы, озық технологияны енгізу, механикаландыру және автоматтандыру тұрғысынан бірсыпыра жұмыс істелді. Жаңа техника мен технология тек мұнай шығаруға, бұрғылауға ғана емес, сондай-ақ энергетикаға, геофизика жұмыстарына, трубалар төсеуге және басқа салаларға енгізілді.

Бірақ бұл жөнінде біз еліміздің басқа мұнайлы аудандарынан едәуір артта қалып отырмыз. Еліміз бойынша, орта есеппен қабатқа су айдау есебінен мұнайдың 60—65 проценті өндірілсе, бізде тек 12—13 проценті ғана өндіріледі. Мұның себебі, «Эмбанефть» комбинаты су айдау объектілерін дер кезінде әзірлемеді, сонымен қатар су айдайтын қондырғылар өте жылдам жасалады.

Оңтүстіктегі мұнай өндіруші аудандар мұнай қабатына әсер етудің термикалық әдістерін ойдағандай енгізе бастады. Мұның өзі жақсы нәтиже беруде. «Эмбанефть» комбинатының кәсіпшіліктерінде бұл әдісті енгізу үшін барлық жағдай бар. Бірақ комбинат басшылары ырғалып-жырғалуда.

Ембинің ескі кәсіпшіліктерінде—Ескене, Мұнайлы, Сағыз, Қосшағыл, Байшонас, Қомсомол, Құлсары және басқаларында мұнай қоры сарқылып келеді. Бұлардан мұнайды көп алу үшін бірсыпыра тиімді әдістерді батыл қолдану керек. Қазір қоймалжың мұнай шығатын алаңдарда термикалық әдістер (ыстық су, бу айдау, забой айналысын қыздыру) қолданылып жүр. Су еркін өтпейтін қабаттарға күшті қысыммен сұйық газ айдау әдісі де тиімді. Бұл әдістер қолданылған күнде ескі кәсіпшіліктердің мұнай беру мүмкіндігін едәуір арттыруға болатыны сөзсіз. Егер бұлардан шығарылатын мұнайды 10 процент арттырсақ, осының өзі жылына қосымша 350—400 мың тонна сұйық отын өндіруге мүмкіндік берер еді.

Батыс Қазақстан геология басқармасы мен Маңкыстау мұнай-газ барлау тресінде жаңа техниканы, механикаландыру құралдарын енгізу жоспарлары қанағаттанғысыз орындалуда. Кәсіпшіліктерде жер асты жабдықтарын жөндейтін механизмдер бар, бірақ бұлар толық пайдаланылмай келеді.

Мұнай кәсіпшіліктерінде автоматтандыру қарқыны өте баяу. Жетіжылдықта скважиналарды автоматтандыру жоспары 53 процент қана орындалды. Мұның өзі облысымызда автоматтандырудың қуатты өндірістік-техникалық базасының кезінде жасалмағандығынан болды. Ал мұндай базаны жасауға комбинаттың мүмкіндігі бар еді.

Осы айтылған және басқа кемшіліктер жана техниканы қолданудың тиімділігін кемітуде. Өткен жылы бақылау органдары мен жұртшылық екілдері жаңа техниканы енгізудің жайын тексергенде көптеген кәсіп орындарда ірі-ірі кемшіліктер ашылды. Бұл кемшіліктерді жою жөнінде нақты шаралар белгіленген еді. Бірақ әлі күнге дейін түбірлі өзгеріс жасалмай отыр.

Сондықтан кәсіпорындарға техникалық басшылық дәрежесін шұғыл жақсартып, бұрғылау мен мұнай шығару көлемін арттыру үшін жаңа техниканы, озат технологияны, автоматтандыруды кеңінен қолдануға ерекше маңыз беру қажет.

Бұрғылау жұмысындағы басты міндет—бір орында ұзақ отырып қалмай, жаңа перспективалы алаңдарды іздестіріп отыру. Сонымен қатар әрбір станоктың өнімділігін арттырып, оның өзіндік құнын кеміте беру керек.

Коммунистік партия социалистік кәсіпорындардың экономикасына, шаруашылық есепті нығайтуға, өнеркәсіп орындарының рентабельділігіне үнемі көңіл бөліп келеді. Бұлар қазір коммунистік құрылыстың толғағы жеткен көптеген мәселелерін шешудің жолы екендігі КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумында да ерекше атап көрсетілді.

Облыстың бірқатар мұнай кәсіпшіліктері мен кәсіпорындары шаруашылық жұмысында кейбір тәуір экономикалық нәтижелерге жетті. Оң айдың қорытындысы бойынша Өзен кәсіпшілігінде жоспардан тыс 311 мың сом пайда келтіріліп, мұнайдың өзіндік құны 2,4 процент кемітілді, бұрғылаудың екі түрі бойынша да бір метр проходканың құны едәуір азайтылды.

Алайда мұнай, құрылыс пен транспорт кәсіпорындарының экономикалық жұмысы нашар. Жоспардан тыс көп зиян, өнімсіз шығын, авария мен брактан болатын зиян, товарлар мен материалдардың нормадан тыс қорып жинау, электр күшін, отын мен материалды тиімсіз пайдалану, негізгі қорды қанағаттанғысыз жұмсау сияқты кемшіліктер әрбір кәсіпорынан табылады.

КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдерінде өнеркәсіпте экономикалық көрсеткіштерді жақсарту қажеттігі атап көрсетілген. Бұл жөнінде біз көп жұмыс істеуге тиіспіз. Экономикалық білім беру, экономикалық теорияны насихаттау тек басшы кадрларға ғана қатысы бар мәселе емес. Біздің мақсатымыз—әрбір жұмысшыны экономика тұрғысынан ойланып істеуге үйрету.

Еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын, мәдени-тұрмыс күйін үнемі жақсартып отыру—партия, совет, кәсіподақ ұйымдарының төл ісі. Ембі мұнайшылары жеті жылдықтың ішінде 42 мың шаршы метр тұрғын үй алды. 20-дан аса әртүрлі әлеуметтік-мәдени мекемелер (мектептер, ауруханалар, клубтар, балалар мекемелері) қатарға қосылды.

Маңкыстауда орасан мол мұнай қазынасының ашылуы нәтижесінде қысқа мерзімде жаңа социалистік қала—Шевченко қаласы салынды. Мұнайшылардың, барлаушылардың, құрылысшылардың ірі жұмысшы поселкелері: Ералиев, Жетібай, Жаңа Өзен поселкелері сән түзеді. Оларда ондаған мың еңбекші тұрады. Алдағы бесжылдықта облысымызда мұнай өнеркәсібі тез өркендеп, ең алдымен Маңкыстауда халықтың көбейетіні сөзсіз. Мұнай өнеркәсібінде кадрлардың тұрақтауы оларға мәдени-тұрмыстық жағынан үлгілі қызмет етуге көп байланысты. Бірақ бізде бұл жөнінде әлі де елеулі кемшіліктер орын алуы.

Кадрларды дүрне іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу іс тағдырын шешетіні белгілі. Маңкыстау мұнай өнеркәсібінің жаңадан құрылып жатқан кәсіпорындарында бұл мәселенің ерекше маңызы бар. Маңкыстау атырабына қазыналы байлықты игеруге нағыз жігерлі мамандар келуде. Бұл жөнінде Азербайжанның, Татарстанның, Башқұртстанның мұнайлы аудандары үлкен көмек көрсетіп отыр. Ембі мұнайшылары Маңкыстауға өздерінің таңдаулы өкілдерін: 61 инженер-техник қызметкерді және 25 маман жұмысшыны жіберді.

Мұнай өнеркәсібін кадрлармен қамтамасыз ету үшін Қазақстан мұнай бірлестігі жеке кәсіпорындар есебінен институттарда 1964 жылдан бастап 30 адамды, 1965 жылдан бастап 59 адамды оқытуда. Маңкыстау мұнай-газ барлау тресі 31 адамды институттарға оқуға жіберді.

Жетіжылдықты және 1965 жылғы мемлекеттік жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарысқа мұнай өнеркәсібінің барлық коллективі, сан мыңдаған еңбеккерлер қатысып, кейбір кәсіпорындар мен өндіріс озаттары үздік табыстарға жетті. Кәсіпшіліктерде коммунистік еңбек жолындағы қозғалыс кең өріс алуда. Қазір мұнай өнеркәсібінде бұл құрметті атақ 258 цех пен бригадаға, 1546 адамға берілді, ал мұнай өнеркәсібіндегі 24 356 адамнан 9 050 адам, яғни мұнайшылардың 37,1 проценті осы қозғалысқа қатысады.

Дегенмен социалистік жарысты және коммунистік еңбек жолындағы қозғалысты ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер бар. Бірқатар кәсіпорындардың партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары социалистік жарыстың және коммунистік еңбек жолындағы қозғалыстың маңызын жете бағаламайды, олардың мәнісін еңбекшілерге күнбе-күн түсіндірмейді, жарыс қорытындысын кеңінен әйгілемейді, озат бригадалар мен жеке адамдардың тәжірибесін кең таратпайды.

Бұл кемшіліктерді дереу жойып, социалистік жарысқа күнделікті басшылық жасау—біздің облыс партия ұйымдарының абыройлы борышы. КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында: «Өндірісте туатын озаттық атаулының бәрі көпшілікке таралып, енгізілуі үшін еңбекшілердің социалистік жарысын ұйымдастыруды жақсарту қажет. Өндірісті оған әрі өрге бастыру және жақсы жұмыс істейтін кәсіпорындар мен өнеркәсіп қызметкерлерін материалдық жағынан ынталандыру үшін шаруашылықты жүргізудің жаңа жүйесінің мүмкіндіктерін мейлінше толық пайдалану керек» деп атап көрсетілгені мәлім.

Ембі аудандық, Шевченко қалалық партия комитеттері соңғы кезде партиялық-ұйымдастыру жұмысын едәуір жақсартты. Бастауыш партия ұйымдарының ұйымдастырушылық қызметі күшейді, олардың көпшілігі өндіріс мәселелерімен терең шұғылданып келеді. Алайда бұл комитеттердің партиялық-ұйымдастыру жұмысының дәрежесі, бастауыш ұйымдарға басшылық ету әдісі әлі де бүгінгі күннің талаптарына сай емес. Бұлардағы кемшілік—бастауыш партия ұйымдарының секретарьларына практикалық көмек жеткіліксіз. Олар кейде дұрыс іріктелмей, жиі ауысады.

Өнеркәсіпті басқарудың жаңа жүйесі партия ұйымдарының өндіріске пәрменді ықпал жасауы үшін зор мүмкіндік туғызады. Олардан енді экономиканы дамыту, еңбек өнімділігін барынша арттыру, мемлекеттік жоспарды орындау жолындағы күреске жетекші болу талап етіледі.

Облыс партия ұйымының алдында жаңа зор міндеттер тұр. Алдымыздағы бесжылдықта облысымыздың мұнай өнеркәсібі бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде өркендейді. 1966 жылдың өзінде мұнай шығару кемінде 1,5 есе артады. Ал 1970 жылы кемінде 15—20 миллион тоннаға жетеді. Бұл—Азербайжан республикасының мұнай өндіру дәрежесіне жетеміз деген сөз.

Лениндік партияның кезекті XXIII съезі ашылатын күн жақындап келеді. Бүкіл Отанымыздағы сияқты біздің облысымызда да съезд құрметіндегі социалистік жарыс кеңінен өріс алды. Облыстың алдыңғы қатарлы кәсіпорындары мен мұнай кәсіпшіліктері съезд құрметіндегі жарысқа қосылып, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдады.

Гурьев облысының партия ұйымдары мұнайшылар арасындағы ұйымдастыру және идеялық-тәрбие жұмысын күшейте отырып, КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи шешімдерін орындау жолында аянбай күресе береді.

СӘЛЕМ САҒАН, ЖАҒА ЖЫЛ!

Әбділда ТӘЖІБАЕВ

I

— Жұлдыздар әлеміндегі ұлы тұлғалармен салыстырғанда жеріміздің өзі торғай жұмырткасындай бірдене көрінеді ғой, — дейді құрдасым маған қулана қарап. — Сонда сен тозақ қатарында қаласың, досым, — деп тағы бір мырс етіп қояды. Бұл оның маған: «Күмпілдеме!..», «Сокпа көкірегінді!», «Адам түк те емес, сен де түк емессің!» деп мені шамдандырар, қыздырар тұста айтатын әзілдері...

Ол осындай іліп-қағар сөздерімен мені әңгімеге, өзінің тілімен айтқанда, «күлкен әңгімеге» шақырады. Мен досыма жай ғана «Адам» атты соңғы бір өлеңімді оқимын.

Ғашықпын әмәнда, ынтықпын
Көңілінің күні бар адамға,
Қыздырса ол әулетін бір жұрттың
Жылуы жетпей ме маған да.

Сөйлейді ол күліреттің атынан
Жаңадан бір жұлдыз жағарда.
Айтпайды ол туысқан, жақында,
Айтады ол ғасырға, қоғамға.

Өзінің пайғамбар екенін
Білмейді ол, айтпайды адамға.
Тілейді ол жақсылық келгенін
Әмбеге, мағаң да, саған да.

Қарашы шашына көз салып —
Қарасын берген ол заманға.
Уақыты жоқ бір минут босанып,
Көзінің шырымын аларға.

Ғашықпын әмәнда, ынтықпын
Көңілінің күні бар адамға,
Сактаңдар көрінен сұмдықтың
Керек ол маған да, саған да.

— Сен осы өлеңіңді өзіме арнашы! — дейді құрдасым маған мейірімдене, үніле қарап.

— Мен барлық жырымды тек саған, бір ғана саған арнағанмын... Тек саған ғана арнай беремін деймін әзіл-күлкісіз. Құрдасым жасаураған көзін көрсетпес үшін теріс айналып кетеді.

II

Ия, екеуміз бір күні тудық, құрдас жан. Бірге көрдік жарықты. Содан бері айрылмастан, айнымастан бірге жасап келеміз. Есінде ме құмда үйірілген құйынның жолымызды тосқаны? Есінде ме ажлаһадай ақ боранның аранын бізге ашқаны? «Токтаңдар! Тоқырандар!» деді ғой. Токтадық па сонда біз? — Жоқ! Тоқырадық па сонда біз? — Жоқ! Біз Ленинді ғана тыңдадық. Ілгері бастық, биіктерге астық, тынбадық. Ильичтің өзіне жетіп қосылдық! Содан бастап, құрдасым, сен екі көзімнің бірісің, екі қолымның бірісің. Сенсіз, досым, — жалқымын. Сенсіз, досым, — жартымын.

III

Кұрдасым!

Сен жігіт шакта қандай ең? Адамзаттың алыбындай едің-ау! Өзендерді арнасынан бұрып ап, әкеттің-ау жетелеп, апардың ғой шөл далаға төтелеп. Қанша бау, қанша бақша өсірдің? Сен қолыңмен жасаған, тастарың өзін қашаған қалалар қанша, бауырым!

Теміртаулар,
Көміртаулар,
Кентаулар,
Майтаулар,
Дантаулар

Алматы мен Семейлерден кейін бе? — Жоқ!

Сенің жарық жанындай бұл жаһанда жарық жоқ. Сенің алып жүрегіңдей бұл жаһанда алып жоқ!

Сен, құрдасым, мен үшін екі көзімнің бірісің, екі қолымның бірісің. Сенсіз өткен жылдарды санамас едім өмір деп.

IV

Кұрдасым!

Қадірінді мен білмесем, кім білмек, құдіретінді мен айтпасам, кім айтпақ? Егер сен қару алмасаң, қан майданға бармасаң, фашизмді жеңбесең, не болар еді күніміз? Елемей бейнет-азапты, белшеннен кешіп дозакты соққыға соққы бердің-ау! Жер тітіренді қимылыңнан, теңіздер қандай тебіренді, тау мен тас қандай шайқалды! Буып тастап жараннан аққан қаныңды, лақтырып тастап жағаңнан алған өлімді, Ленин туын көтере бердің биікке. Адамзат саған қол соқты. Мен де айқайлап дүниеге жер салдым: «Жасасын алтын құрдастарым!» — деп.

V

Кұрдасым!

Сайтандар бар дүниеде, сайқалдар бар, дүлей жанды, дүмбілез сойқандар бар. Соның көбін білесің, солардан сақтанып та жүресің. Сақтану керек әрқашан! Әйтпесе... көрдің ғой кейбір дарақы жандардың қаншалық кесір еткенін, бетімен лағып кеткенін. Бес ешкінің басын қосып бағуға жарамайтын болса да, кеудесін керіп күпінді. Сен сабырмен оған қарадың, сынау үшін шыдауға да жарадың. Бірақ ол сыйлағанды білмеді, сыйпағанды ұқпады, сен күткен, ел күткен жерден шықпады. Кешірмедің күнәсін сен сойқанның, дәл кезінде бетін тіліп айта алдың, дәл кезінде бетіне соғып тойтардың. Біз алға Ленинше басып жөнелдік.

VI

Кұрдасым!

Қарама сен айнаға! Самайыңның ағыменен ойнама! Жаңа жылда тағы бір жас қосамыз, кәріліктің тағы бір сынын тосамыз. Бірақ одан сескенбейміз, саспаймыз! Әкеліктен астық қой, аталықтан қашпаймыз. Өзіміз бастап жыл сеігін ашамыз, өзіміз қолдан ұрпаққа шашу шашамыз.

Сәлем саған. Жаңа жыл, жаңа бесжылдықтың тұңғышы!



Тарих және философия білімдері кең насихатталсын

Ж. ЖАНДОСОВ,

Қазақ ССР «Білім» қоғамы басқармасы председателінің орынбасары

Ғ. ӘБІШЕВ,

тарих ғылымының докторы, профессор

1965 жылдың октябрь айында Алматы қаласында тарих және философия білімдерін насихаттаудың кейбір түйінді проблемаларына арналған семинар-кеңес өткізілді. Оны ұйымдастырған Бүкіл одақтық «Білім» қоғамының басқармасы мен Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, Тәжікстан «Білім» қоғамдарының басқармалары. Бұл семинар-кеңестің жұмысына Москва мен Ленинградтың барлық одақтас республикалардың көрнекті тарихшы және философ ғалымдары, небәрі 600-дей адам қатысты.

Семинарда ең алдымен КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының (1965 жыл) материалдарын терең насихаттау жөніндегі міндеттер сөз болды. Ол міндеттердің бастысы—осы Пленумның тарихи маңызын көрсету. Өйткені сентябрь Пленумы қоғамға ғылыми басшылық жасау мәселесін В. И. Ленин іліміне сәйкес шешті. Сондықтан социализмнің экономикалық заңдарын, социалистік қоғамдық құрылыстың артықшылықтарын толық пайдалану проблемаларын талдап шешудің мәні зор. Теория майданының қызметкерлері ғылыми-техникалық революция кең өріс алған қазіргі заманда өндірісті ұйымдастыру, социалистік өнеркәсіпті басқару, централизмді экономикалық дербестікпен ұштастыру, өндіріс аясында құн заңының өндіріс құрал-жабдықтарына қолданылуы, социалистік өндіріс қатынастарын жетілдіре түсу сияқты проблемаларды зерттеуге баса назар аударуы керек.

КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларын насихаттау барысында социализм мен коммунизм идеяларының әсері бұрынғыдан бетер күшті болмақ. Сондықтан идеология майданының қызметкерлерінен шетел буржуазиялық баспасөзінің «Совет Одағы капитализм әдісіне қайта оралып отыр» деген өтірік-өсегін әшкерелеу талап етіледі. Теориялық мақалалар мен монографияларда, күнделікті үгіт пен насихатта антикоммунизмнің түпкі төркінін, оның шындыққа мүлдем жанаспайтынын ашып көрсетіп, КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тек социалистік елдер үшін ғана емес, сонымен бірге дамудың капиталистік емес жолына түскен Азия мен Африканың жас мемлекеттері үшін де мәні зор екепін түсіндіру керек.

Қоғамға ғылыми басшылық жасаудың қажеттігі экономикамыздың қауырт өркендеуінен, ғылым мен техниканың жетістіктерінен, советтік көп салалы күрделі өнеркәсіптің өрге басуынан туып отыр.

Осы тұрғыдан КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдері—тек экономикалық реформа ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік үлкен нәтижелер шығаратын реформа, әлеуметтік процестерді басқарудың программасы. Ендеше насихатшылар мен лекторлар осы ерекшелікке баса назар аударып, өздерінің әңгімелері мен лекцияларында қазіргі ғылым жетістіктеріне сүйенген өнеркәсіптің дамуы ауыл шаруашылық өндірісін алға бастыратынын, жалпы өндіріс пен еңбек өнімділігін арттыратынын, түптеп келгенде бұдан былайғы әлеуметтік өзгерістерге апаратынын жақсылап түсіндіруге тиіс.

Теориялық зерттеулерде, ең алдымен әлеуметтік процестерді түйіндеп, қоғам дамуының объективтік және субъективтік факторларын салыстыра саралап, адамдардың мүдделерін есепке алу қажет және сол мүдделердің қоғамдық процестерді басқарудағы маңызына тоқталған жөн.

Қоғамға нақты, ғылыми басшылық жасау үшін социологиялық зерттеулерді кең өрістеткен дұрыс. Өйткені бұл зерттеулер қоғамда болып жатқан реалды процестерді ашуға мүмкіндік береді, қоғамдық процестерді тиімді басқару үшін пайдалануға боларлық жаңа заңдылықтарды білуге жәрдемдеседі.

Қоғамдық процестерді басқарудың аса маңызды принципі—демократиялық централизм принципі. Бір жағынан, жоспарлы бастама сақталып, өндірісті орталықтандыру күшейсе, екінші жағынан, кәсіпорындарды басқаруда әкімшілік әдістерден гөрі экономикалық әдістердің маңызы артады. Ал экономикалық әдістер қоғам дамуының объективтік заңдарына негізделуге тиіс.

Осы талаптар тұрғысынан ғалымдардың міндеті—қазіргі өмір құбылыстарын зерттеу, қоғамға ғылыми басшылық жасаудың теориялық проблемаларын талдап шешу, КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдерін терең насихаттау.

Совет халқы, социалистік елдердің еңбекшілері, күллі прогресшіл адамзат Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығы мен В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірленіп жатыр. Бұл қос мерекені бір-бірінен бөле қарауға болмайды. Өйткені В. И. Ленин есімі мен Ұлы Октябрь біте қайнасқан, әрі мәңгі-бақи бірге жасай бермек.

Міне сондықтан Октябрь революциясы, оның дүние жүзілік-тарихи маңызы туралы әңгіме қозғасақ, біз ең алдымен ұлы ойшыл, асқан кеменгер, революцияшыл күрескер В. И. Ленинге жүгінеміз. Ендеше совет қоғамы дамуының елу жылдық тәжірибесін, бұл тәжірибенің дүние жүзілік-тарихи мәнін жан-жақты насихаттаудың орны ерекше. Социализм орнатудағы советтік тәжірибе туралы, қазіргі адамзат тағдыры үшін советтік тәжірибенің ролі зор екені туралы жан-жақты баяндап, Ұлы Октябрь социалистік революциясының тарихи маңызы мен заңдылықтарын терең ашып көрсету — ғалым тарихшылар мен насихатшы-тарихшылардың абзал борышы.

Күні осы уақытқа дейін Октябрь революциясы тарихтың кездейсоқ бір оқиғасы деп көрсеткісі келетін буржуазияшыл бұрмалаушыларға қарсы батыл күрес жүргізу қажет.

Тарихты бұрмалаушылар, антикоммунизм теоретиктері Ұлы Октябрь социалистік революциясының тәжірибесін бұрмалаумен бірге социализм және коммунизм орнату тәжірибесін де бұрмалайды. Олар әсіресе Совет Одағындағы социалистік республикалардың ұлттық қарым-қатынастарының даму жайын өрескел бұрмалап жүр.

Өздерін «әділ» зерттеушілерміз деп көкітін бұл жалақорлар Совет Одағына күйе жаққысы келеді, басқа халықтардың, әсіресе нашар дамыған елдер халықтарының СССР-ге деген сүйіспеншілігі мен құрметіне ғара тұрғысы келеді, советтік ұлт саясатының шынайы сипатын теріс көрсетіп, Совет Одағындағы гүлденген ұлт республикалары туралы, ондағы халықтардың коммунизм орнату жолындағы қаһармандық күресі туралы ақиқатты Шығыс халықтарының білуіне кедергі келтіргісі келеді.

Империалистер антикоммунизм насихатын қоздыру үшін панисламизм мен пантюркизмді негізгі қару етіп отыр. Сол себепті Орта Азия мен Қазақстан тарихын бұрмалаушылықтың түпкі сырын ашкерелеп, советтік республикалардың Совет өкіметі жылдарында қол жеткен табыстарын паш ету, антикоммунизм тарихшыларына катал тойтарыс беру — барлық ғалымдардың, лекторлардың, насихатшылардың борышы.

Империалистік идеологияға қарсы күрес жүргізгенде оны құрғақ сөзбен емес, қайта совет халқының табыстарынан, социалистік лагерь елдерінің мысалынан нақты фактілер келтіріп, бас көтерместей етіп әшкерелеу керек. Антикоммунизмге идеологиялық тұрғыдан шабуыл жасағанда ең алдымен антикоммунизмнің идеологиялық, саяси және насихаттық әрекеттердің жиынтығы екенін, оның түпкі мақсаты — коммунизммен күресу екенін айқын түсініп алған мақұл.

Бізде ұлт мәселесі жөніндегі зерттеу еңбектерінің әлі де аз екендігі ақиқат. Сондықтан тарих және философия ғылымдарының, насихаттың өзекті мәселесі — СССР-де ұлт мәселесінің шешілу тәжірибесін жинақтап қорыту; бұрынғы артта қалған ұлттардың капитализмге соқпастан социализмге өткенін саралап көрсету. Сол сияқты Октябрьден кейінгі тарихтың көкейтесті проблемасы — жұмысшы табының, шаруалардың, советтік интеллигенцияның қалыптасып, өсу жолын тыңғылықты зерттеу, әртүрлі әлеуметтік топтардың бір-біріне жақындасып, біртұтас совет халқын құрғандығын қарастыру.

Ендігі бір ескеретін нәрсе — тарихи зерттеулердің методологиясы. Тарихшы ғалымдар болсын, насихатшылар болсын өмірде болып жатқан құбылыстарды объективтік тұрғыдан баяндап, совет қоғамының қиын да күрделі жолдан өткенін дұрыс көрсетуге міндетті. Тарихты біржақты баяндау социализмнің тарихи принципіне, тарихи шындық принципіне қайшы келеді.

Ғылыми насихат жұмысында В. И. Лениннің аса бай мұрасын, әсіресе оның толық шығармалар жинағына кірген хаттарын зерттеудің және пайдаланудың орасан зор маңызы бар.

Лениннің хаттарын оның шығармаларынан бөле қарауға болмайды. Өйткені ол — лениндік идеялық мұраның айырғысыз бөлігі. Бұл хаттар теория, саясат, ұйымдастыру сияқты әртүрлі мәселелерге байланысты жазылған. Мысалы, 41—43-томдардағы хаттарда социализм мен коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жөніндегі нұсқауларға қосымша материалдар бар. В. И. Ленин еліміздің экономикалық табыстарының бүкіл дүние жүзінде социализмнің жеңісі үшін, барлық адамзаттың тағдыры үшін зор мәні бар екенін талай рет ескерткен болатын.

Бұл хаттардың ішінде ғылым мен мәдениеттің дамуына арналған документтер көп. Сол сияқты ұлт мәселесі жөніндегі хаттар да аз емес. Толық шығармалар жинағынан басшылықтың лениндік стилін, партияның идеологиялық жұмысын бейнелейтін, халықаралық коммунистік қозғалысты нығайту және дамыту жолында Лениннің қалай күрескенін білдіретін көптеген документтер табылады.

Сондықтан Лениннің теориялық мұрасын кең насихаттап, совет халқына В. И. Лениннің ұлы адам, партия қызметкері, мемлекеттік қайраткер екенін, оның тамаша абзал қасиеттерін жеткізу мұрат.

Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің негізін қалаушы кеменгер көсемнің ұлы идеяларын насихаттаудың бір жолы — «Лениндік халықтық оқулар». Мұның өзі В. И. Лениннің өмірі мен қызметі, идеялық-теориялық мұрасы туралы, партияның Ленин ілімін, Ленин өсиетін жүзеге асыру жолындағы күресі туралы бірнеше лекциядан тұрады. «Оқулардың» формалары да әртүрлі — мұнда лекциялар, әңгімелер, даңышпан көсемге арналған кештер, теориялық және оқушылар конференциялары бар.

Бірден-бір ғылыми дүние таным — маркстік-лениндік дүние таныммен қаруланбайынша, табиғат заңдары былай тұрсын, қоғамның даму заңдарын да білу мүмкін емес.

Ал жаратылыс тану саласындағы кейбір ғалымдардың философияны жете бағаламауы олардың философиялық мәдениетінің төмендігін байқатады. Олай болса, философия білімдерін насихаттаудағы негізгі құ-

рал—материалистік диалектиканың заңдары мен категорияларын, бүкіл маркстік-лениндік философияны егжей-тегжейлі сипаттау. Мұнда ең алдымен маркстік философияның аса маңызды ғылым екенін, қоғамдық қатынастар дамуының өткені мен бүгінгісін ғана емес, сондай-ақ болашағын да айқын түсіндіре алатын ғылым екенін тұжырымдау қажет.

Ендеше біз данышпан ойшылдар Маркстің, Энгельстің, Ленинің теориялық асыл мұрасын кең насихаттауға тиіспіз. Маркс пен Энгельстің өздері ашқан қоғам дамуының заңдарына сүйене отырып, капитализмнің орнын сөзсіз социализм басады деген қорытындыға келгенін, В. И. Ленинің тарихи жана жағдайларда марксизмнің ғылыми қағидаларын одан әрі дамытқанын, Россияда пролетарлық революцияны жеңіске жеткізгенін, енді міне лениндік жоспар жүзеге асып, елімізде коммунизмнің сәулетті сарайы салынып жатқанын, сондай-ақ марксизмнің негізін қалаушылар ғылым жетістіктерін пайдалана отырып, табиғат дамуы туралы жүйелі ілім — диалектикалық материализм ілімін жасағанын насихатта ашып көрсеткен мақұл.

Біздің философия — марксизм-ленинизмнің құрамды бір бөлігі болғандықтан, оны партия тарихы, саяси экономия және ғылыми коммунизм тақырыптарымен байланыстыра қарастырған жақсы.

Біз Батыстың философия майданында не болып жатқанын біліп отыруға тиіспіз. Мұнда әртүрлі философиялық ағымдардың арасында кескілескен күрес жүргізіліп жатқаны белгілі. Сондықтан олардың философиялық адасуларын өткір сынап, диалектикалық материализмді барынша насихаттау — ізгі мақсат.

Телевизия университеттерінің құрылуы, сөз жоқ, маркстік-лениндік философияны насихаттауға зор мүмкіндік туғызады. Мұның бір тиімді жағы — телевизия арқылы тыңдаушылардың қалың бұқарасына философия білімдерін үйретуге болады.

Бұл жөнінде Алматы телевизия университетінің бірсыпыра тәжірибесі бар. Алматы телевизия университеті алдағы бес жылға перспективалық жоспар жасады. Ол жоспар бойынша 1966 жылы В. И. Ленинің партия туралы ілімін, КПСС XXIII съезінің материалдарын оқып үйрену, одан кейінгі жылдары марксизмнің құрамдас үш бөлігінен, ал 1969—1970 жылдары В. И. Ленинің өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдерінен лекциялар оқу белгіленген.

Философия мен тарихтан лектор кадрларын даярлауға ерекше назар аудару қажет. Мәселен, Москвада «Лектор күнін» өткізу дағдыға айналған. Ондай күндері лекторлар білім толықтырып, тәжірибе алмасады екен. Алматыда Қазақтың С. М. Киров атындағы университетінің жанында қоғамдық мамандықтар факультеті жұмыс істейді. Лекторларға көмек ретінде басылып шығатын материалдардың, сол сияқты оқылатын лекциялардың сапасын жақсарту—қазір аса маңызды міндеттердің бірі.

Біздің еліміз талай ауыр кезеңнен өтті, талай қиыншылықты бастан кешірді. Бірақ сол қиыншылықтарды социализмнің ұлылығы, лениндік стратегия мен тактика жеңіп шықты. Ендеше маркстік-лениндік ұлы идеяларды еңбекшілер санасына жеткізу, тарих және философия білімдерін кең насихаттау — аса ардақты іс.



Африка халықтарының отаршылдық пен нәсілшілдікке қарсы күресі

В. И. Ленин 1922 жылы-ақ дүние жүзілік тарихта империалистік езгіде болып келген халықтардың біржолата оянып, өздерінің бостандығы мен азаттығы жолында ауыр да табан тірескен күресі басталатын күн туады деген еді. Тарихтың даму барысы ұлы көсемнің көрегендігін толық растап отыр. Қазір әлемде отар елдердің жер көлемі небәрі 5 проценттей ғана қалды, ал жер шарының 1 проценттен сәл астамы ғана отарлық құлдықта. Олардың өзі де ұлттық тәуелсіздік жолында табанды түрде күрес жүргізуде.

Соңғы жылдары Африка елдеріндегі ұлт-азаттық қозғалыс бұрынғыдан бетер кең өріс алды. Мысалы, 1945 жылы бұл континенттің 90 проценті шетел мемлекеттерінің қол астында болып келсе, 1965 жылы соның 14 проценті ғана қалды. Әлі де болса отарлық езгінің шырмауында Африка халықтарының 7 проценті зар илеп отыр.

1964—1965 жылдардың ішінде ғана бірқатар үкіметтер құлатылды. Олар — Конго (Браззавиль), Дагомея, Габона, Судан және Занзибар үкіметтері. Бұлардың бірінде қару күші жұмсалса, басқаларында үкімет халық қолдаған бұқаралық жаппай ереуіл жасау жолымен құлатылды. Себебі, бұл үкіметтердің қай-қайсысы болса да халыққа жат болатын. Солардың біреуінде ғана (Габонада) империалистер байырғы өкіметті сақтап қалды. Қазіргі шақта Африка континентінде 50 елден 36 суверенді мемлекет өмір сүріп отыр. Бұл елдер бүкіл Африка жерінің 86 процентін алып жатыр. Ал онда Африка халқының 93 проценті тұрады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша Африканы тұтас алғанда (бұған Оңтүстік Африка Республикасы қосылмайды) ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру жөнінен Батыс Европадан екі есе, ал өнеркәсіп өнімі жөнінен 25 есе артта қалуда. Бүгінгі күні Африканың азаттық алған халықтарының алдына тарих әлеуметтік-экономикалық дамудың қандай жолымен баратынын ең көкейтесті мәселе етіп қойып отыр. Африка елдерінің ішінде келешекте олардың капиталистік емес жолмен дамуын жақтайтын прогресшіл күштер барған сайын молая түсуде.

Бұл жағдайды империалистердің өздері де мойындай бастады. Олар «Социализм идеясы дендеп барады. Жұрттың көбі дамудың ең әділ жолы — социализм жолы екенін айқын сезуде» деп жүр.

Африка мемлекеттерінің едәуір бөлегі, атап айтқанда, Алжир, Гана, Гвинея, Мали. Біріккен Араб Республикасы қазірдің өзінде дамудың капиталистік емес жолына түсті. Бұл елдерде бірсыпыра әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жасалды, жеке меншікті капиталистік секторға тежеу жасалып, оларды ұлттық мүддеге бағындыру қолға алынды. Негізгі күш-жігер қоғамдық секторды дамытуға жұмсалуда.

Конго (Браззавиль) мен Занзибар бұл елдердің жолын қуа бастады. Олар қазір федерация негізінде Танганьикамен ынтымақтасып Біріккен Танзания Республикасын құруда.

Отаршылдар Конгоға қанды шенгелін салғанда талай заманнан бері қасірет тартып келе жатқан бұл елдің табиғи байлығына ғана қызығып

отырған жоқ. Мәселенің түйіні басқаша болып отыр. Шындығына келсек, Конго – тәуелді Африка мен тәуелсіз Африканың ара кіндігі. Сондықтан ол африкалық революция жолындағы басты кедергінің бірі болып саналады. Сатқын Монз Чомбенің көп уақыт бойы АҚШ империалистерінің қол жаулығы болуы да тегін емес. Ол Конгоның қол-аяғын матап, америкаи қожаларының дегеніне көндіріп келді. Қазіргі Вьетнам халқының азаттық жолындағы табанды да ержүрек күресі—конголықтарға да, сол сияқты азаттық үшін күресуші басқа халықтарға да үлкен өнеге.

Дамудың капиталистік емес жолына түскен Африканың тәуелсіз жас мемлекеттеріне Совет Одағы тарапынан көрсетіліп отырған көмек олардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуде шешуші фактор болып саналады. Сондықтан да бұл мемлекеттердің Совет Одағын өздерінің ең жақын, адал әрі қалтқысыз қорғаушысы, империализмге қарсы күресіндегі одақтасы деп санауы тегін емес. Олардың көпшілігіне біздің еліміз техникалық және экономикалық жағынан орасан зор көмек көрсетуде. Демек, Африка халықтарының ұлттық өнеркәсібін, ауыл шаруашылығын, транспортын, ден саулық сақтау орындарын, ғылымы мен мәдениетін онан әрі өркендетуде бұл көмектің маңызын айтып жеткізу қиын. Біздің ел тек Гвинея Республикасына ғана 70 ке жуық өнеркәсіп орны мен объектісін салуға көмектесуде. Дизельді электр станциясы, ірі консерв заводы, аэродром, госпиталь, политехникалық институт, темір жол және басқа да құрылыстар жас мемлекеттің экономикасы үшін аса маңызды орын алатыны сөзсіз. Мұндай қалтқысыз жәрдемді Африка елдерінің басшы қайраткерлері әрдайым шын жүректен құттықтап, жоғары бағалауда. Алайда империалистік насихат Совет Одағы мен Африка елдері арасындағы шынайы достыққа жала жауып, сенімсіздік пен дұшпандық әрекеттің ұрығын сепкісі келеді. Бірақ бұл арандатушылық пиғылдан түк те шықпанды. Африка елдерімен біздің достық қарым-қатынасымыз күннен-күнге өрістеп, нығая түсуде.

Африка елдерінің көпшілігі әлі де болса империализмге тәуелді болып отыр. Жаңа отаршылдар бұл тәуелділікті қайткен күнде де сақтауға тырысып бағуда. Ол үшін тіпті қандай саяси қылмыстан болсын тайынар емес. Қару күшімен болса да азаттық алған Африкада өз үстемдіктерін жүргізіп қалғысы келелі-ақ. Бұл жөнінде де халықаралық жандармның ролін атқарушы АҚШ империалистері иық көрсетіп отыр.

Империалистер Африканы саяси және экономикалық жағынан басып-жаншу жоспарында соғыс базаларына мықтап арқа сүйейді. Африка жерінде НАТО елдерінің он шақты соғыс базасы бар. Оның үстіне «өзара қорғаныс» деген сылтаумен буалдыр түрде жасасқан келісім договорлары тағы бар. Бұл договорлардың түпкі мәнісі—африкалық елдердің барлық ішкі істеріне араласуға жол ашу деген сөз. Мұның өзі Африка елдерінің шетелдік езгіден құтылуына үлкен кедергі болып саналады. Қазіргі күнде бұл базаларды империалистердің Африка континентін отаршылдықтың қыспағында ұстау үшін жасап отырғаны ешкімге де құпия сыр емес. Олар Африкадағы революцияның барған сайын қаулап өсіп отырғанын көргеннен кейін өз әскерлерін Африкадап әкетуге жанталасып қарсылық көрсетуде. Аккрада шығатын «Дейли грэфик» газеті мен Тунисте шығатын «Ас-Сабах» газеті бұл соғыс базаларының бейбітшілік ісіне аса зор хауіп төндіретінін, олар тұрғанда Африка елдері бейбіт өмір сүре алмайтынын ашықтан-ашық жазды.

Африка континентіндегі НАТО-ның барлық базаларын жою—қазіргі заманның аса маңызды проблемаларының бірі. Шетел солдаттары жайлаған Африка елдері халықтарының өз жерлерінен олардың дереу әкетілуін барған сайын қатаң талап етуі де міне осыдан.

Отаршылдар Африкадағы өздерінің саяси үстемдігі әлсірей бастаған сайын ондағы монополияны сақтап қалудың неше түрлі жаңа тәсіл-

дерін іздеп бағуда. Олар бұл елдерге экономика жағынан шабуыл жасай отырып, «ортақ рынок» дегенді кеңінен пайдалануда. Қазір бұған жиырмаға жуық африкалық мемлекет тартылып отыр. Ал «ортақ рынок» дегеніміз—отаршылдықтың тағы бір түрі.

Африка елдері үшін сыртқы сауданың маңызы өте зор. Мәселен, Гана өз өнімдерінің 27 процентін, Танганьика — 26 процентке жуығын сыртқа шығарады. Бұлар оның есесіне өнеркәсіп жабдықтары мен көпшілік тұтынатын түрлі товарлар алады. Бұл — олар үшін бірден-бір жол. Ал тіпті Гамбия сияқты тым артта қалған ел үшін бұл сауданың маңызы одан да күшті. Мәселен, Гамбия өз өнімдерінің 90 процентке жуығын шетке шығарады. Әрі бұл өнімдердің құны да төмен. Ал Африка елдеріне әкелінетін товарлардың бағасы жылдан-жылға өсе түсуде. Мысалы, соңғы жылдардың ішінде Африка елдеріне шеттен әкелінетін товарлардың бағасы 25 процент көтерілсе, бұл елдерден апарылатын шикізаттардың бағасы 5 процент кеміп кетті. Сөйтіп, европалық монополия үшін Африка елдеріне капитал әкелуге кең өріс ашылды. Мұның өзі—империалистер үшін олардың экономикасына қожалық жүргізуге, байлықтарын талауға орасан зор мүмкіндік туды деген сөз. Әлбетте, бұл — барып тұрған әділетсіздік. Бірақ, империалистер үшін, Джон Стейнбектің бір кейіпкері айтқандай, ақшада ар да, ождан да жоқ. Ақша мәселесіне келгенде басқаның бәрі жайына қалады. «Буржуазиялық мораль ақшаның құлы» дейтініміз де осыдан.

Отаршылдар «ортақ рынокты» Африка елдеріне финанс жағынан жасалып отырған көмегіміз деп сылтауратады. Бұл көмектің сомасы қазір 400 миллион фунт стерлингке жетеді. Бірақта, Каирде шығатын «Роз-эль-Юсеф» апталық әдеби-саяси журналының жазғанындай, Африканың ұлттық өнеркәсібін жасауға қыруар қаржының көк тиыны да жұмсалған жоқ. Ал енді «ортақ рыноктың» саяси жағына көз салсақ, жана отаршылдықтың көздейтіні Африка елдерінің арасына жік салу, оларды бір-біріне қарсы қою екенін аңғару қиын емес. Сондықтан да Гананың Президенті Кваме Нкрума былай деп мәлімдеді: Африкаға империализмнің енуі үшін жамылғы болатын европалық елдермен жасалған келісімдердің қай-қайсысына да болсын ашықтан-ашық қарсы тұру қажет. Біз Африканың тәуелсіз елдеріне қысым көрсету мақсатын көздейтін қандай да болсын саяси және экономикалық топтарға қарсы болуға тиіспіз.

Бұл жайында Нигерияның премьер-министрі Балеваның пікірі де орынды. Ол былай дейді: мемлекеттердің «ортақ рынокпен» байланысы олардың үшінші елдермен еркін-еркін сауда жасауына кедергі болатын фактор. Бұл «алтылықтың» финанстық көмегі ешуақытта Африка елдерінің ұлттық экономикасын өркендетуге септігін тигізбейді.

1962 жылы Каирде болған ұлттық тәуелсіздік жолында күресуші елдердің экономикалық конференциясы өз қарарында Африка елдерінің «ортақ рынокқа» қосылуы тек олардың осы рынокқа тәуелділігін оған сайын күшейтуге әкеп соқтырады әрі африкалық сыртқы сауданың өркендеуіне кесірін тигізеді деп атап көрсеткен болатын.

Африка халықтарының бірлігі — олардың отаршылдық пен нәсілшілдікке қарсы күресіндегі аса маңызды шарт. Қара континенттің халықтары мұндай бірлікке шақырған үндеу тұңғыш рет 1945 жылы болған Панафрика конгресінде бүкіл әлемге әйгілі болды. Бұл бірлік идеясы жеке бір адамдардың немесе топтардың ғана субъективтік тілегінен туған жоқ. Ол Африка халықтарының ортақ жауы — отаршылдыққа қарсы өзара қолдаудың объективтік қажеттігінен туған жәйіт. 1963 жылы Аддис-Абебада болған Африка елдері мемлекеттері мен үкімет басшыларының конференциясында Африка бірлігінің ұйымы (ОАЕ) құрылды.

Бұл ұйым аз уақыттың ішінде тәуелсіз Африканың бірлігі мен ынтымағын күшейте түсу жөнінде елеулі де пайдалы жұмыс істеді. Сөйтіп,

империализмге, отаршылдық пен нәсілшілдікке қарсы күресте өзінің айбарлы күші екенін дәлелдеді. Бұл жөнінде Португалия мен Оңтүстік Африка Республикасындағы нәсілшілдік тәртіпке халықаралық бойкот ұйымдастыруда оның атқарған ролін айтсақ та жеткілікті. Африка бірлігі ұйымының мүшелері бұл елдермен дипломатиялық және сауда қатынасын үзді. Олардың кемелерін өткізбеді, самолеттерін қондырмады.

Бұл ұйым африка мемлекеттері арасындағы шекаралық дауларды шешу сияқты аса күрделі мәселеде де сынан өтті. Мозамбик, Ангола және басқа елдердегі отаршылдыққа қарсы күресуші саяси ұйымдарды нығайту ісінде пайдалы жұмыс жүргізді. Экономикалық жоспарларды келісу, африкалық банк құру, бірыңғай коммуникация жүйесін дамыту, бірлесіп қорғану жөніндегі ұсыныс—міне осының бәрі Африка бірлігі ұйымының қолға алып отырған түбірлі мәселелері.

1964 жылғы Каир сессиясы бірте-бірте континенттік мемлекет құрудың мүмкіндігін қарастыру мақсатымен арнаулы комитет құрды.

Африканың саяси бірлігі позитивтік бейтараптылық және соғыс одақтарына қосылмау принциптерімен, бейбітшілік және халықаралық қауіпсіздік жолындағы күреспен қатар бұл елдерді толық азат етуді аяқтауға, жалпы артта қалушылықты тезірек жоюға неғұрлым қолайлы жағдай жасауды қамтамасыз етеді. АҚШ империалистері бастаған дүние жүзілік реакция бұдан өлердей қорқады. Сондықтан олар Африка елдерінің бірлігін бұзуға барынша күш салуда.

Шынында да Африка елдерінің ынтымағы барған сайын нығая берсе, империалистердің ұстап отырған экономикалық, саяси, стратегиялық және идеологиялық бағыттарына елеулі қауіп төнетіні сөзсіз. Империалистердің бұл ұйымға өршелене шабуыл жасауының мәнісі де міне осы.

Империалистер өздерінің бостандығы мен теңдігі жолында ерлікпен күресіп жатқан Африка халықтарына қарсы Оңтүстік Африка Республикасындағы Фервурд пен Родезиядағы Смит тәрізді нәсілшіл отаршыларды найдалануда. Оңтүстік Африка Республикасында өкімет билігі ат төбеліндей ақ нәсілдің қолында. Бұл елде барлығы 17 миллион адам тұрады, солардың 11,5 миллионы африкандар. Қазір бұлар данаудың адам төзгісіз тауқыметін тартып отыр.

Фервурд пен ол басқарып отырған үкімет нәсілшілдік саясатты әбден шегіне жеткізді. Олар нәсілшілдікті құлдықтың, қанау мен тонаудың идеологиясына айналдыруда. Бұл елде мемлекеттік идеологиялық ықпалдың барлық құралы нәсілшілдіктің жыртқыштық идеяларын кеңінен таратуға жұмсалып отыр. Үкімет елдегі азаматтардың көпшілігін нәсілдік белгілеріне қарай кемсіте отырып, оларды саяси және әлеуметтік правосынан жұрдай етуде. Мұның өзі — адам правосы жөніндегі жалпыға бірдей декларацияға мүлде қайшы. Елдегі жағдайдың төзгісіздігі соншама, африкандар аштық пен жалаңаштықтың, моральдық езгінің салдарынан қайыршылыққа ұшырап, ауруға шалдығуда. Оңтүстік Африка Республикасында фашистік тәртіп орнатылған. Мұнда жан түршігерлік саясатқа қарсы шыққандардың бәрін жазықсыздан жазықсыз соттау, жаппай асу, ату етек алып кетті. Роббен аралындағы өлім лагері сияқты концлагерьлер көбеюде. Бұларда мындаған саяси тұтқындар азап шегіп отыр. Жыл сайын жүз мыңдаған африкандар нәсілшілдіктің қылмысты заңдарын «бұзғаны үшін» жауапқа тартылуда.

Алайда Африка халықтарының таптық және ұлт-азаттық күресін ешқандай жазалау әрекеті тоқтата алмайды. Өкімет орындарының Африка ұлттық конгресінің ұйымы талқандалды деген мәлімдемесіне жауап ретінде көптеген қалаларда осы ұйымның атынан листовкалар пайда болды. «Африкалық ұлттық конгресс ешқашан құрымақ емес, — делінген онда.—Халық батырлары Форстердің (юстиция министрі) түрмелерінде азап шегіп жатқанымен, біздің астыртын ұйымымыз әлі өмір

сүруде. Халықтың үміті үзілмейді. Халық арасынан қашан да болсын басшылар шығады».

Оңтүстік Африкадағы ұлт-азаттық қозғалыстың онан әрі даму болашағы жұмысшы табының саяси белсенділігіне, оның шаруалар мен басқа да прогресшіл күштерді бастай білуіне тікелей байланысты.

Родезиядағы жағдай империалистер мен нәсілшілдердің Африка халықтарына қарсы жасалған жана қаскүнемдік әрекеті болды. 1965 жылғы 11 ноябрьде Родезия нәсілшілдерінің басшысы Ян Смит британ отарын тәуелсіз ел деп жариялады. Сөйтіп, ат төбеліндей нәсілшілдер Родезияда тұратын 4 миллион африкандарға өз үстемдігін орнықтырды. Солсберидегі қылмысты іске ең алдымен Англияның лейбористік үкіметі жауапты. Өйткені бұл үкімет африкалық трагедияның алдын алуға емеуірін де білдірмеді, тіпті күні бүгінге дейін ондағы жағдайды түзеу үшін іс жүзінде ешнәрсе жасамай отыр.

Смиттің нәсілшілдік тәртібіне қарсы қауымдар палатасында Вильсонның жариялаған экономикалық санкциясын тіпті Англияда шығатын буржуазиялық газеттердің өзі жеткіліксіз санап отыр. Оңтүстік родезиялық нәсілшілдердің басшысы Смиттен таяуда Португалия мен Оңтүстік Африка Республикасының көмегіне иек артасыз ба деп сұрағанда ол былай деп жауап берді: «Біз өз достарымыздың барлық көмегіне сенеміз және мен кейбіреулердің пайымдауынан гөрі біздің достарымыз көп қой деп ойлаймын».

Сонда оның «достарымыз» деп ауыз толтырып айтып отырғаны кімдер? Бұлар — нәсілшілдер мен фашистік сiлiмтiктер, сонымен қатар кейбір қалталы пайдакүнемдер. Смиттің мұндай «достарын» Алабама мен Джорджиен, Лиссабон мен Лондоннан, Оңтүстік Африка Республикасынан және басқа жерлерден табуға болады.

Қаскүнем нәсілшілдердің мақсаты — Африка патриоттарының тегеурініне төтеп беріп қана қоймай, тәуелсіз мемлекеттерге қарсы ұдайы диверсия жасауды жүзеге асыра алатындай отаршылдық қамалын жасау. Сөйтіп бұл жерде өз үстемдіктерін жүргізіп, континентті азат ету процесін біржолата тоқтату.

Алайда бұл қаскүнемдік әрекет азат Африканың топтасқан күшіне тап болды. Тәуелсіз Африка елдерінің астаналарында Солсберидегі нәсілшілдердің орнығуы неге әкеліп соқтыратынын жақсы біледі. Сондықтан да олар нәсілшілдер мен империалистерге коллектив болып тойтарыс беруге әзір отыр.

Бұл жолдағы күрестің түбінде Африка халықтарының пайдасына шешілетініне ешкім күмәндабайды. Бірақ қаһармандық күрестің қашанға дейін созылатынын, оның қаншалықты құрбандық әкелетінін ешкім де айта алмайды. Ұлт-азаттық революцияның орасан зор табыстары империалистердің жүрегін бірден-ақ шайлықтырып тастайды десек, дұрыс болмас еді. Олар да алған бетінен қайтпай, сан қилы айла-шарғымен жанталасып-ақ бағады. Алда кескілескен күрес аз болмайды. Мұны Африка халықтары жақсы түсінеді де. Бірақ келешек — солардікі. Африка халқы сол үшін де империалистер мен нәсілшілдерге қарсы күресті табандылықпен жүргізе береді.

Н. ӘБІЛӘЗОВ.

ДАҢҚТЫ ҚОС мерекесінде

ҚАЗАҚСТАНДА ОКТЯБРЬ СОЦИАЛИСТІК РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖЕҢУІНІҢ ТАРИХИ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

С. БЕЙСЕНБАЕВ,

тарих ғылымының кандидаты

М. БУРАБАЕВ,

философия ғылымының кандидаты

Елімізде социалистік революцияның табысты болуы пролетариат езілген ұлттардың еңбекші бұқарасын өз соңынан ерте ала ма, жоқ па деген мәселеге байланысты болды. Сондықтан да В. И. Лениннің жасаған социалистік революция жөніндегі теориясында ұлт мәселесіне маңызды орын берілді. В. И. Ленин империализм мен пролетарлық революция заманындағы ұлт-азаттық қозғалысының сипаты мен ролі туралы тұтас ілім жасады. Ол езілген халықтардың отаршылдыққа қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысын социалистік революцияның құрамдас бөлегі деп қарады, өйткені ұлт-азаттық қозғалысы империализм күштерін ыдыратып, әлсіретеді, сөйтіп алдыңғы қатарлы елдер пролетариатының капитализмді күйретіп, құлатуын жеңілдетеді. Мұнымен қатар осы елдер жұмысшыларының күресі ұлттық қозғалыстың табысты болуын қамтамасыз етеді. В. И. Ленин 1916 жылы былай деп жазды: большевиктер партиясы «социалистік революцияның мақсаты үшін империализмге қарсы барлық ұлттық қозғалысты пайдалануды жақтайды» (Шығармалар, 22-том, 362-бет).

Қазақстандағы революциялық азаттық қозғалысы орыс пролетариатының күресімен тығыз байланысты болды және соның ықпалымен дамып күшейді. Орыс пролетариатының бұл күресіне большевиктер партиясы басшылық етті. Бірінші орыс революциясының өзінде-ақ Россиядағы барлық ұлттардың сан миллиондаған еңбекші бұқарасы патша үкіметіне қарсы күреске аттанған болатын. Бірінші орыс революциясы Қазақстан еңбекшілерінің де санасын оятып, саяси өмірге баули түсті. Россияның осы отарлық шет аймағында да революциялық ұлт қозғалысы кең өріс алды.

Большевиктер қазақ еңбекшілерінің халықтық-азаттық көтерілісін қолдап, оған дұрыс бағыт беруді қажет деп санады. Қазақстан еңбекшілерінің 1916 жылғы халықтық-азаттық көтерілісінің шығу себептерінің тамыры тереңде жатыр, мұндай себептерді Россияның әскери-феодалдық империализмінің бүкіл системасы тудырды. Көтеріліс қазақ ауылындағы тап күштерінің сараланып бөлінуін және еңбекшілердің таптық санасының есейе түсуін тездетті.

Көтерілістің тәжірибесі орыс жұмысшы табымен одактасқанда ғана, большевиктер партиясының басшылығы арқасында ғана өздерінің қанаушы таптардың езгісінен құтыла алатынына олардың тағы да көздерін жеткізді. Көтеріліс Россия империализмінің отарлық системасына елеулі соққы беріп, патша өкіметінің позициясын әлсіретуге көмектесті. Сайып келгенде бүкіл көтеріліс орыс пролетариатының буржуазиялық-демократиялық революция жеңісі жолындағы қозғалысына, ал бұдан соң Ұлы Октябрь социалистік революциясына ұласты. Қазақстан еңбек-

пілерінің халықтық-азаттық көтерілісі орыс пролетариатының революциялық қозғалысының құрамдас бөлегі болды. Сондықтан да қазақ еңбекшілерінің негізгі бұқарасының Октябрь революциясы кезінде большевиктердің, Лениннің соңына ергені кездейсоқ нәрсе емес.

Социалистік революцияның лениндік теориясының Қазақстанда жүзеге асырылуы — заңды құбылыс, тарихи процесс. Қазақстанда пролетарлық революция объективтік, сондай-ақ субъективтік факторлар негізінде жүзеге асырылды. Рас, Қазақстан экономикасында капиталистік укладпен қатар капитализмнен бұрынғы укладтар да болды, тіпті патриархалдық-феодалдық қатынастар үстем болды. Әрине, егер Қазақстанды дербес, окшауланған мемлекет деп қарайтын болсақ, онда ол тек өз күшімен социалистік революцияны жүзеге асыра алмаған болар еді. Қазақ халқы және еліміздің басқа да халықтары орыс жұмысшы табы бастаған көп ұлтты, туысқан дос семьяда бола отырып, социализм жолында күрес жүргізгендерін өздеріне бақыт деп санайды. Қазақстанның Россиямен территориялық және экономикалық жағынан біртұтас болуы қазақ халқының тарихи тағдырын шешуге көмектесті. Бұл жағдай Қазақстанда социалистік революцияны жүзеге асыруды жеделдетіп, снайлатты.

Әлеуметтік-саяси әдебиетте: «Октябрь қазақ ауылында болған жоқ», қазақ еңбекшілері «азаттық жолына, Октябрь жолына 1925—1933 жылдары ғана түсті» деген қате пікірлер көпке дейін орын алып келді. Мұндай пікірлер тарихи шындыққа ешбір үйлеспейді.

Советтік Шығыс республикаларында социалистік революцияның лениндік теориясының жүзеге асырылуы заңды процесс болып табылмайды, марксизмге қайшы келеді дегенді дәлелдейміз деп буржуазиялық идеологтар жарты ғасыр бойы босқа арам тер болды. Соның өзінде солар Қазақстан мен Орта Азия халықтарының қол жеткен бүкіл дүние жүзілік-тарихи жетістіктерін жоққа шығарудың мүмкін емес екенін және бұлай істеу онай емес екенін түсіне отырып, осы халықтардың тарихын бұрмалауға, сөйтіп марксизмнің кейбір теориялық қағидаларына жармасып, оның мәнін кемітуге тырысуда. Буржуазия идеологтары, атап айтқанда буржуазиялық ұлтшылдар Қазақстан еңбекшілері «социалистік революция жасарлықтай дәрежеге жеткен жоқ, сондықтан да Қазақстанда Совет өкіметін орнату үшін оның өзінің ішкі базасы болған жоқ, бұл сырттан әкелінді», — деп жала жапты. Буржуазиялық социологтар Қазақстанның артта қалған отар ел болғанын сылтау ете отырып, мұндағы социалистік революция заңды құбылыс емес, маркстік-лениндік идеология қазақ халқына «сырттан күшпен танылды» деп найымдауға әрекеттенді және әрекеттеніп те отыр.

Россияда және оның шеткері ұлт аймақтарында Октябрь революциясының жеңуі — марксизм-ленинизм идеяларының жүзеге асқандығы, ал бұл идеялардың ішінде социалистік революция туралы лениндік ілім маңызды орын алады. В. И. Ленин жасаған социалистік революция теориясында империализмнің сөзсіз күйрейтіндігі және социалистік революцияның заңдылығы, оның алдымен тіпті жеке бір елде, ал одан соң барып, дүние жүзілік көлемде жеңу мүмкіндігі ғылыми тұрғыдан жан-жақты негізделді. Лениннің социалистік революция теориясы бүкіл капиталистік системаға ғылыми тұрғыдан талдау жасаудың негізінде, өте-мөте үздік дамыған, сондай-ақ нашар өркендеген елдердің, соның ішінде тәуелді және отар елдердің әлеуметтік-экономикалық және саяси даму дәрежесі ескеріле отырып жасалды. Демек, социалистік революция теориясын практикада жүзеге асырудың бір елге ғана емес, сонымен бірге барлық елдерге және халықтарға қатысы бар.

Социалистік революцияны дамытудың перспективасын түсіндіре келіп, В. И. Ленин әсіресе социалистік революцияның жеңуі үшін тәуелді және отар елдер халықтарының, ең алдымен Шығыс халықтарының азат-

тық күресінің аса зор маңызы бар екенін атап көрсетті. Ол былай деді: дүние жүзінің барлық алдыңғы қатарлы елдерінің пролетариаты «барлық езілген отар халықтардың, ең алдымен Шығыс халықтарының жәрдемінсіз» (30-том, 148-бет) біржола жеңіп шыға алмайды. Сондықтан да отар елдер халықтары ұлт-азаттық қозғалысының социалистік революцияның жеңуі үшін маңызы зор екені жөнінде Ленин жасаған қорытындының қазақ халқына да қатысы бар.

Соңғы жылдары совет ғалымдары Октябрь революциясының тарихы жөнінде жемісті жұмыстар істеді. Алайда біздің социологтарымыздың күні бүгінге дейін тиісті назар аудармауынан еліміздің шығыс халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын баяндайтын, оның пролетарлық революцияның резерві және құрамдас бөлегі болып табылатынын, бұл жерлерде Совет өкіметінің орнауы заңды процесс екенін және оның ерекшеліктерін баяндайтын іргелі еңбектер әлі жазылмай отыр. Мысалы, Ұлы Октябрді әзірлеу кезіндегі теория мен тактика мәселесіне арналған «Лениндік партия — Октябрь революциясын ұйымдастырушы» деген жинақта (Москва, 1965, 318-бет) большевиктік партияның ұлттық саясаты туралы бірде-бір мақала берілмеген. Ал Россияның отарлық шет аймақтары халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын социалистік революцияның мақсаты үшін дұрыс пайдалану осы революцияның жеңіп шығуының шешуші шарттарының бірі болды ғой.

Социалистік революцияның лениндік теориясының Қазақстанда жүзеге асуының заңдылығы мен ерекшеліктері туралы мәселе — ең алдымен Қазақстан жағдайларында социалистік революцияның алғы шарттарының жасалуы туралы мәселе. Қазақстандағы социалистік революцияның ерекшелігі сол, бұл революция патриархалдық-феодалдық қатынастар үстем болған, өнеркәсібі нашар өркендеген, жұмысшы табының революциялық күрес тәжірибесі аз, әлеуметтік-экономикалық жағынан артта қалған елде жеңіп шықты.


В. И. Лениннің социалистік революция теориясы, сондай-ақ Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық нақты жағдайларын зерттеудің нәтижелері Қазақстандағы социалистік революцияның мейлінше заңды құбылыс болғанын, мұның өзі қазақ халқының қоғамдық даму тілегінен туғанын айдан анық дәлелдейді. Ал нақты жағдай, жоғарыда атап көрсетілгеніндей, Қазақстанның дербес, оқшау болғандығы емес, қайтасының барлық салада — экономикалық, саяси және идеологиялық салада — Россиямен тығыз байланысты болғандығында. Бұл — Қазақстанда социалистік революцияның жеңуін камтамасыз еткен маңызды шарттардың бірі болды.

Қазақстанның Россияға қосылуының аса зор тарихи және прогрестік маңызы болғаны социалистік революция кезінде айқын көрінді. Қазақстан Россияға қосылған кезден бастап мұнда болған барлық қоғамдық-экономикалық және саяси өзгерістер Россияның өте зор ықпал жасауының нәтижесі. Патшалық Россияның өз отарларымен байланысын атап көрсете келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Әртүрлі ұлттар бір мемлекет ішінде тұрған кезінде, оларды экономикалық, праволық, тұрмыстық сипаты бар миллиондаған және миллиардтаған арқаулар байланыстырып отырады» (Шығармалар, 19-том, 508-бет).

Сондықтан социалистік революцияға қажетті объективтік және субъективтік жағдайлар Қазақстанда да болды, өйткені ол Россияның біртұтас территориялық, экономикалық және саяси организмінің бір бөлегі болды.

Орыс пролетариатының революциялық және таптық күресінің объективтік ықпалына зор маңыз бере отырып, Қазақстанда социалистік революцияның экономикалық алғы шарттарының жасалғаны жоққа шығару ешбір мүмкін емес. Бүкіл еліміздегі сияқты, Қазақстанда да

3. «Қазақстан коммунисті» № 1.



экономикалық алғы шарттар толысып, кемеліне келген еді. Қазақстан Россияның құрамдас бөлегі ретінде капитализмнің монополистік даму сатысына аяқ басқан еді.

Империализмге тән барлық қайшылықтар Қазақстанда да асқына түсіп, мұндағы тарихи жағдайдың ерекшелігіне сай әртүрлі формада және белгілі дәрежеде көрініп отырды. Қазақстанда капиталистік өнеркәсіптің дамуы (бұл дамудың баяу болғанына қарамастан) және пролетариаттың өсуі жағдайында осы қайшылықтардың алғашқысы — жұмысшыларды қанаудың және пролетариатты езудің күшеюінен туған еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтар барған сайын күшейе түсті.

Мамандардың зерттеулеріне қарағанда, 1916—1917 жылдары Қазақстанның темір жол транспортында, кен, мұнай өнеркәсібінде және өнеркәсіптің басқа да салаларында жүз мыңнан астам жұмысшы болды. Өлкенің жанадан қалыптаса бастаған жұмысшы табы көптеген ұлт өкілдерінен құралған еді. Қазақтар, орыстар, украиндар және басқа да ұлттардың өкілдері әртүрлі кәсіпорындарда қоян-қолтық жұмыс істеді. Қазақстан пролетариатының интернационалдық құрамы және олардың аяусыз қаналуы жұмысшы табының тез оянып, таптық санасының жетіле түсуіне көмектесті. Мұндағы жұмыс күні өте ұзақ еді, жұмысшылар тәулігіне 14—16 сағат жұмыс істеді. Әсіресе қазақ жұмысшыларының жалақысы өте төмен, тұрмыс жағдайлары адам төзгісіз ауыр болды, оларға медициналық көмек көрсетілмеді, еңбекті қорғап, жақсарту шаралары мүлдем жасалмады. Осының бәрі таптық антагонизм мен тап күресін мейлінше күшейте түсті. Сонымен, социалистік революцияның материалдық алғы шарттарын жасау процесі Қазақстанда да болды.

Қазақстанның көп ұлтты шаруалар бұқарасын қатты толқытқан мәселе — жер мәселесі еді. Большевиктер партиясы тек жұмысшы табының ғана емес, сонымен бірге еңбекші шаруалардың да мүддесін дәйектілікпен қорғаған бірден-бір партия болды. «**Жұмысшы партиясының ғана, большевиктердің ғана, — деп жазды В. И. Ленин, — капиталистерге қарсы, помещиктерге қарсы, кедей шаруалар мен барлық еңбекшілердің мүдделерін жақтап, ақырына дейін асқар таудай тұрғанын шаруалар білетін болсын**» (Шығармалар, 26-том, 222-бет).

Февраль революциясынан кейін тап қайшылықтары қазақ ауылында да бұрынғыдан бетер шиеленісе түсті. Революциялық қозғалысқа қаланың ізінше қазақ ауылының да жұмыла аттанғаны жұртқа мәлім. Езілген шаруа бұқарасы екі жақтан бірдей қанаудың қыспағына түсті: бір жағынан, оларды «өздерінің» бай-феодалдары қанасы, екінші жағынан, отаршылдар сүліктей сорды. Ауылда да — ауыл шаруашылық өндірісі саласында, аграрлық мәселеде социалистік революцияның экономикалық алғы шарттарының толғағы жетті. Империалистік соғыс жылдарында ауыл шаруашылығының мүлде құлдырап кеткені соншалық, бүкіл еліміздегі сияқты, Қазақстанда да бұл мәселені тек буржуазиялық-демократиялық шаралармен ғана шешуге болмайтын еді. Бұл үшін социалистік жолмен бірқатар түбірлі өзгерістер жасау қажет болды. Мұндай өзгеріс жасаудың қажеттігін В. И. Ленин Октябрь революциясының қарсаңында-ақ талай рет атап көрсеткен болатын. Большевиктер партиясы «жер жалпы халықтың меншігі болуға тиіс және оның қолына тегін көшуге тиіс» (Шығармалар, 24-том, 497-бет) деп санады. Бірақ бұл аграрлық мәселені әлі шешкендік емес, тек соның бастамасы ғана болатын. Бұдан шығу жолын түсіндіре келіп, В. И. Ленин былай деді: өкімет еңбекшілердің қолына өтіп, жер бүкіл халық игілігіне айналған кезде, еңбекші шаруалар жерді капиталистерсіз, помещиктерсіз бірлесіп өңдеу жолына батыл түсуі қажет. Тек сонда ғана жер шын мәнісінде еңбекшілер қолына көшетін болады.

Сонымен, қалыптасқан жағдайға сәйкес, аграрлық мәселені шешу ісінде буржуазиялық-демократиялық міндеттер мен социалистік міндеттер дөп келді. Бұл бүкіл Россия үшін, жеке алғанда Қазақстан үшін жалпы заңды нәрсе еді. Аграрлық мәселені шешудің бүкіл Россияға тән жалпы заңдылығымен қатар Қазақстан жағдайларында мұның өз ерекшелігі болды.

Егер еліміздің орталығында жерді халықтың қолына беру помещиктік жер иелігін жою міндетімен байланыстырылған болса, Қазақстанда бұл мәселені шешу өлкенің артта қалуына байланысты қиындай түсті. Қазақстанда жерді бай-феодалдардың да, кәсіп иелерінің де, отаршыл-кулактардың да, уақытша буржуазиялық үкіметтің де иеленгенін ескеру керек. Олар жерді иелене отырып, оны ұлттық-отарлық қанаудың негізгі құралы етті. Сондықтан да қазақ кедейлерінің революциялық инициативасын күшейтіп, оларды бай-феодалдарға қарсы күреске аттандыру үшін отаршылардың қанауын жою, сөйтіп жер мәселесін шешкен кезде негізгі соққыны ең алдымен отаршылдарға қарсы бағыттау керек болды. Қазақстанда аграрлық реформа жүргізген кезде практика жүзінде осылай істелді.

Шаруалардың қалың бұқарасын социалистік революция жағына тарту ісінде большевиктердің аграрлық мәселе мен шаруалар жөнінде дұрыс саясат жүргізуінің шешуші маңызы болды. Осының нәтижесінде аграрлық мәселені шешу жолындағы күресте қазақ және орыс шаруаларының бірлесіп қимыл жасауы қамтамасыз етілді. Олар жұмысшы табының басшылығымен Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолында бірлесіп күресті.

Бүкіл еліміздегі сияқты, Қазақстанда да 1917 жылдың күзінде революцияның толғағы жетті. В. И. Ленин «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» деген мақаласында «Езілген ұлттардың қалың бұқарасы... Россияның буржуазиясынан гөрі пролетариатына көп сенеді» деп жазды. Буржуазия езілген ұлттардың бостандық ісіне барып тұрған опасыздық жасады, ал пролетариат бостандық ісіне мейлінше адал қарайды, сондықтан да ол өз сонынан халықтың көпшілігін ертіп отыр деді ол (26-том, 81-бет).

Қазақ халқына социалистік революция ұлт мәселесін шешу үшін де өте қажет болды. Өйткені Қазақстанда империализмге тән тағы бір қайшылық — отаршылдар мен езілген халықтар арасындағы қайшылық күшейе түскен еді.

Қазақ халқы мен орыс халқының шаруашылық, мәдениет және революция саласында жақындасып, одақтасуы пролетарлық революция үшін, оның жеңіп шығуы үшін аса маңызды объективтік фактор болды, олардың территориялық жағынан біртұтас мемлекетте тұруы қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысын орыс пролетариатының социализм жолындағы, шаруалар бұқарасының жер алу жолындағы күресімен, бейбітшілік жолындағы жалпы демократиялық қозғалыспен нақты ұштастыруға жағдай жасады. Оларды жақындастырып, біріктіру ісінде большевиктік партия жетекшілік роль атқарды. Большевиктік партияның программасы, стратегиясы мен тактикасы, оның бұқара арасында жүргізген аса зор үгіт жұмысы Россияның әртүрлі ұлт еңбекшілерін біріктіріп, оларды лениндік партияның төңірегіне топтастыруға көмектесті, ал бұл жағдай социалистік революцияның империализм күштерін жеңуін қамтамасыз етті.

Тарихи шындыққа жасалған талдаулар Қазақстан еңбекшілерінің Совет өкіметін орнату жолындағы күресінің Россиядағы социалистік революцияның біртұтас процесінің ажырамас, құрамдас бөлегі болғанын айқын дәлелдеп отыр.

Бүкіл еліміздегі сияқты, Қазақстанда да Октябрь революциясының жеңуінің шешуші шарттарының бірі — большевиктер партиясының ан-

тимарксистік идеяларға қарсы ымырасыз жүргізіп күресі болды. Большевиктер партиясының бұл күресі ленинизм идеяларының еңбекшілер бұқарасының санасында берік орнығуын қамтамасыз етті. Қазақстан большевиктері меньшевиктерге, эсерлерге және буржуазиялық ұлтшылдарға қарсы кескілескен идеялық күрес жүргізді, сөйтіп еңбекшілердің антипролетарлық идеологияның ықпалынан шығуын қамтамасыз етті. 1917 жылғы сентябрьдің аяқ кезінде В. И. Ленин «экономистердің» және меньшевиктердің тұрпайы концепцияларын әшкерелей келіп, былай деп жазды: «Идеялар бұқараның игілігі болған кезде мықты күшке айналады. Міне дәл қазір большевиктер бүкіл дүние жүзінде ұшы-қиыры жоқ көп еңбекші бұқараны қозғап отырған идеяны өздерінің саясаты арқылы жүзеге асырып отыр» (Шығармалар, 26-том, 114-бет). Лениннің бұл дана сөзі еңбекшілер бұқарасын социалистік революция мен пролетариат диктатурасы идеяларын жүзеге асыруды қамтамасыз еткен шешуші күреске жұмылдырған ұран болды.

Большевиктер партиясы миллиондаған адамдарды саналы революциялық күреске аттандыра білді, өйткені ол өзі қорғаған озат идеялардың әділдігіне қалың еңбекшілер бұқарасының көзін жеткізе білді.

Партия жүргізген бұқаралық-үгіт жұмыстары, маркстік-лениндік идеялардың кеңінен таратылуы, революциялық қозғалыстың ықпалы жанадан қалыптасып келе жатқан казак пролетариатының саяси санасын күшейтіп, оны тап күресінің тәжірибесімен қаруландырды, жұмысшы казактарды, орыстарды, татарларды, өзбектерді, украиндарды және басқа да ұлттарды жұмысшы табының бірден-бір және шынайы авангарды большевиктердің төңірегіне бұрынғыдан да мықтап топтастырды.

Орыс марксистерінің келелі қызметі мен идеялық ықпал жасауы нәтижесінде қазақтың бірталай революционер большевик саңлақтары өсіп жетілді, олар халық бұқарасын қанаушыларға қарсы тап күресіне аттандырды. Ә. Жанкелдин, А. Иманов, А. Майкөтов, С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, О. Жандосов, Т. Бокни сынды казак революционерлері ғылыми социализмнің идеяларын жете ұғынды, ал кейіннен Қазақстанда Совет өкіметін орнатып, нығайту жолындағы белсенді күрескерлер болды. Қазақстанда марксизм-ленинизмнің кеңінен таралуы өлкенің алдыңғы қатарлы адамдарына күшті ықпал жасады, олардың пролетариат идеологиясының казак еңбекшілерін оятып, азаттыққа жеткізуде, социалистік мемлекеттік пен экономиканы, мәдениет пен өнерді ұғынуда тарихи роль атқаратынын дұрыс ұғынуларына көмектесті. Қазақстан еңбекшілері большевиктердің басшылығымен, орыс пролетариатының туысқандық көмегімен, қарулы күрес арқылы жеңіске жетті, сөйтіп марксизм-ленинизм туы астында жаңа қоғам орнатуға кірісті.

Сонымен, Қазақстанда социалистік революцияны жүзеге асыруда, басқа да объективтік және субъективтік факторлармен қатар, еңбекшілер арасында маркстік-лениндік идеяларды кеңінен насихаттау аса зор роль атқарды.

Социалистік революцияның лениндік теориясын Қазақстанда жүзеге асырудың нәтижесінде патша өкіметінің артта қалған отарлық шет аймағы тарихи қысқа мерзімнің ішінде үздік дамыған өнеркәсібі мен механикаландырылған ауыл шаруашылығы бар алдыңғы қатарлы социалистік республикаға, жаппай сауатты, осы заманғы мәдениеті мен ғылымы бар республикаға айналды. Казак халқының тарихи тәжірибесі марксизм-ленинизм ілімін басшылыққа алғанда ғана, социализм жолына түскенде ғана артта қалған халықтардың нағыз бостандық пен прогреске жете алатынын көрсетіп отыр.



САУАТСЫЗДЫҚТАН— БІЛІМ ТӨРІНЕ

Халықты сауаттандырып, мәдени өсуін қамтамасыз етпейінше біздің сан миллиондаған әйелдер бұқарасын ел тіршілігіне саналы түрде қатыстыру мүмкін емес еді. Ал мәдениеттің негізі болып табылатын еңбекші әйелдердің сауаттылығы олардың еңбекке саналы түрде қатысуы үшін, еңбек өнімділігін арттыруы үшін ерекше маңызды.

Мұнымен қатар әйелдердің сауатсыздығын жоюдың орасан зор саяси мәні бар еді. Еңбекші әйелдердің сауатын ашу Коммунистік партия мен Совет үкіметінің буржуазиялық идеологияға қарсы күрестегі қуатты құралы болғаны белгілі. В. И. Ленин әйелдердің сауатсыздығын жою жолындағы күрес мәселесіне үлкен маңыз берді.

Кеменгер көсем 1921 жылы саяси-ағарту қызметкерлерінің Бүкіл россиялық II съезінде сөйлеген сөзінде былай деді: «Әзірге біздің елімізде сауатсыздық сияқты құбылыс бар болып отырғанда, саяси-ағарту туралы сөз ету өте қиын. Мұның өзі — саяси міндет емес, бұл — онсыз саясат туралы сөз етуге болмайтын шарт. Сауатсыз адам саясаттан тыс тұрады, оған әуелі әліппені үйрету керек. Мұнсыз саясат болуы мүмкін емес, мұнсыз саясат емес, тек қауесеттер, өсектер, ертегілер, соқыр сенімдер ғана бола алады» (Шығармалар, 33-том, 62-бет).

Елімізде сауатсыздыққа қарсы күрес ісін ұйымдастырудың алғашқы қадамдарын айта келіп, бір кезде Н. К. Крупская Совет өкіметі орнаған күннен бастап сауатсыздықты жою туралы мәселе күн тәртібіне кеңінен қойылды, жұмыс өте қажырлы жүргізілді деп жазды.

1919 жылғы декабрьде Совет үкіметі В. И. Ленин қол қойған «РСФСР халқының сауатсыздығын жою туралы» декретті жария етті. Бұл декретте: «Республиканың 8 жастан 50 жасқа дейінгі өкі алмайтын немесе жаза алмайтын адамдары өзінің тілегі бойынша ана тілінде сауатын ашуға міндетті, оқу қазіргі бар мемлекеттік мектептерде, сондай-ақ оқу халық комиссариатының жоспары бойынша сауатсыздар үшін ұйымдастырылатын мектептерде жүргізіледі» делінді.

Сауатсыздықты жоюға тікелей басшылық ету үшін 1920 жылғы июльде сауатсыздықты жою жөнінде Бүкіл россиялық төтенше комиссия құрылды. Ол еліміздегі хат танымайтын адамдарды үйірмелер, сауатсыздықты жою пункттері, қысқа мерзімді курстар арқылы және басқа да осы сияқты жолдармен оқыту жөніндегі зор жұмыстарды өрістетті. Сауатсыздықты жою және халықты әртүрлі оқуға кеңінен тарту үшін сол жылдары «Сауатсыздық жойылсын» (ОДН) деп аталатын Бүкіл одақтық қоғам құрылды. Оның председателі болып М. И. Калинин сайланды.

«Сауатсыздық жойылсын» қоғамының ұялары бүкіл елімізде, ірі өнеркәсіп орталықтарынан бастап қиыр шалғайдағы ауыл-селоларға дейін тегіс құрылды. Қоғамның қатарына жұмысшылар, шаруалар, интеллигенция өкілдері көп қатыстырылды.

Басқа да республикалар сияқты Қазақстанда да сауат ашу жөніндегі жұмыс кең өріс алды. Ал Қазақстан жағдайында сауат ашудың орасан зор маңызы бар еді.

Патша өкіметі жергілікті феодалдар мен байларға арқа сүйеп, Қазақстанда отарлық қанау саясатын қатан жүргізіп келді. Сөйтіп, қазақ халқы қаранғылық пен надандықта ұстады. В. И. Ленин патшалық Россияны «халықтардың түрмесі» деп атаған еді. Патша өкіметі орыс емес ұлттардың экономикалық және мәдени дамуын қасақана тежеп, олардың ұлттық сана-сезімінің оянуына кедергі келтіріп бақты.

Жоғары дәрежелі чиновниктердің бірі өзінің 1830 жылы Орынбордың әскери губернаторына жазған хатында былай дегенін білеміз: «Мен филантроптардың қырғыздарды орналастырып, олардың сауатын ашу, сөйтіп, оларды Европа халықтары жеткен дәрежеге жеткізу сияқты әсіре тілектеріне онша қосыла бермеймін. Мен қырғыздардың әр уақытта да көшпелі малшы болып қала беруін, олардың ешқашан астық екпеуін, тіпті ғылым түгіл, қол өнерімен де айналыспауын шын жүрегімнен тілер едім».

Патша өкіметінің отарлық саясатының кесірін 1897 жылғы халық санағынан да байқау қиын емес. Осы санақ деректері бойынша Орта Азиядағы сауатты әйелдер небәрі 2,2 процент қана болған. Ал мұның ішінде қазақ әйелдері түгелдей дерлік сауатсыз болғаны мәлім.

Фактілер келтірсек, патшалық Россияда Қазақстанның облыстары бойынша сауатты әйелдердің проценті мынадай еді: Жетісуда 1,4 процент, Сырдария облысында 1,6 процент, Торғай облысында 1,2 процент. Бұлар негізінен орыс тұрғындары мен ат төбеліндей бай-болыстардың әйелдері еді. Осыдан болу керек, бір кезде патшалық Россияда шығып тұрған «Вестник воспитания» журналы Орта Азия мен Қазақстанда сауатсыздықты жою үшін кемінде 4600 жыл керек деп жазған.

Алайда тарихтың сабақтары Қазақстанда сауатсыздықты 4600 жылда емес, бас-аяғы 20 жылдың ішінде жойылғандығын көрсетіп отыр. Қазір республикамызда он мыңға жуық мектеп, 39 жоғары және 150 арнаулы орта білім беретін оқу орны бар. Қазақстан өз студенттерінің саны жөнінде тек Иранды, Түркия мен Пәкістанды ғана емес, сонымен бірге Батыс Германияны, Францияны, Италияны артта қалдырды.

Коммунистік партия халықтың мәдениетін көтеруге, оқып, білім алуына әрдайым қамқорлық жасап, ерекше көңіл бөліп отырды. Бұған КПСС съездерінің қаулы-қарарлары да айғақ.

РКП(б) X және XII съездері ұлт мәселесі жөнінде қарар қабылдап, бұрынғы езіліп келген халықтардың экономикалық және мәдени мешегілігін жоюға бағыт ұстады. Мәселен, партияның X съезінің қарарында бұрын езіліп келген халықтардың баспасөзін, мектебін, театрын, клуб ісін, жалпы мәдени-ағарту мекемелерін дамыту керек екені атап көрсетілді.

Қазақ халқының арасында сауаттылардың мүлдем аз болуы, республиканың өзіндік ерекшеліктері сауатсыздықты жою жолындағы жұмысты аса маңызды міндет етіп қойды. 1920 жылдың аяқ шенінде Қазақстанда сауатсыздықты жою жөніндегі алғашқы мектептер ашыла бастады. Бұл жұмысқа комсомол, совет, кәсіподақ белсенділері ат салысты. Мәдени бригадалар көптеп ұйымдастырылды. Олар ауылдарға барып, кем дегенде бес-алты адамға хат танытамыз деп өздеріне міндеттеме алды.

Бірақ Қазақстан сияқты ұлан-байтақ өлке үшін бұл әлі жеткіліксіз еді. Сондықтан сауатсыздықты жою бұрынғысынша республикамыздағы мәдени революцияның негізгі проблемалық мәселесі болып қала берді. Әсіресе қазақ әйелдерінің арасында сауатсыздардың проценті өте жоғары еді. Мысалы, 1920 жылы Шымкент уезіндегі 60 мың қазақ әйелінен тек 48-і ғана, Қызылорда уезінде 70898 әйелден бар болғаны 179 әйел ғана хат танытын.

Сондықтан да Коммунистік партия мен Совет үкіметі қазақ әйелдеріне білім беру үшін барлық жағдай туғызды. Ең алдымен сауатсыз және шала сауатты әйелдерді оқыту мақсатында арнаулы мектептер құрылды. Мұндай мектептер мемлекет есебінен қажетті оқулықтармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ сауат ашу мектептерінде оқитын әйелдердің жалақысы сақталып, жұмыс күні екі сағатқа дейін қысқартылды.

1924—1925 жылдары Қазақстанда сауатсыздықты жою үшін 42 пункт, шала сауаттылар үшін бір мектеп, 5 оқу үйі, 2 клуб және 6 қызыл шайхана жұмыс істеді. Бірақ осыған қарамастан 1926 жылы сауатсыз әйелдер саны әлі де 90—95 процент шамасында еді. Сол себепті жергілікті халықтың ерекшеліктерін ескере отырып, тұрмыстық әдет-ғұрыптарға байланысты қазақ қыздары мектепке бара алмай жүрген ауылдарда мектеп жүйесін ұлғайту қажет болды. Енді мектеп тек сауатсыздықты жою үшін күресіп қана қоймай, сонымен бірге надандыққа, қараңғылыққа қарсы батыл күрес жүргізуге тиіс еді. Міне сондықтан 1926—1927 бюджет жылында қыздар үшін арнаулы мектептерді, әйелдер үшін сауатсыздықты жою мектептерін көбейтуге, оларды оқу құралдарымен, мұғалім кадрларымен қамтамасыз етуге баса көңіл бөлінді.

1928 жылғы апрельде ВКП(б) Қазақстан өлкелік комитетінің пленумы болып, онда Қазақстандағы мәдени құрылыстың міндеттері туралы мәселе қаралды. Пленум мәдени құрылыстың басқа да мәселелерімен қоса әйелдерді оқытудың маңызын ерекше атап көрсете келіп, «Көшпелі және жартылай көшпелі ауылдардағы, қыстақтардағы қыздар үшін арнаулы бастауыш мектептер ашылсын, бұл үшін қажетті материалдық жағдай жасалсын» деп нұсқау берді.

Әйелдерді оқытуға мемлекеттік бюджеттен тыс қыруар қаржы бөлінді. Мәселен, кәсіподақ 10 процент, кооперация 50 процент мөлшерінде қаржы босатты. Оқу халық комиссариаты тарапынан әрбір округта қыздар үшін ғана бір-бірден бастауыш мектеп ашылды. Бірақ осыған қарамастан мәдениет майданы социалистік құрылыстың жалпы қарқынына ілесіп алмады. 1927—1928 жылдары Қазақстанның бүкіл халқының тек 10 проценті ғана сауатты болды, ал бұл мерзімде РСФСР-де халықтың сауаттылығы орта есеппен 44 процентке жетті. Бірінші бесжылдықтың бас кезінде сауатты қазақ әйелдері 11 проценттен аспады.

Сауатсыздықты жою саласында партия мен үкіметіміздің қыруар шаралар жүргізуіне қарамастан, республикамызды тұтастай алғанда 1928 жылға дейін сауатсыздықты жою жайы әлі де мәз емес еді.

Мұның кейбір өзгеше себептері де бар болатын. Азамат соғысы және халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңінде Коммунистік партия мен Совет үкіметі сауатсыздықты жою жөніндегі жұмыстарды қажетті мөлшерде қаржыландыра алмады. Бұл кезде барлық күш-жігер өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын қалпына келтіруге, өрге бастыруға жұмылдырылды. Оның үстіне сауатсыздықты жою күресін басқаруға тиісті көптеген қоғамдық ұйымдар (оқу-ағарту органдары, кәсіподақ, комсомол, кооперация және басқалары) бұл маңызды іске тиісінше көңіл бөлмеді. Сол сияқты мұғалім кадрларының жетіспеушілігі, үйлердің тапшылығы, оның үстіне сауатсыздықты жою пункттері мен мектептерінің жұмысын ұйымдастыру жайын жете білмеушілік бірсыпыра залалын тигізді. Сондықтан партия 1928—1930 жылдары сауатсыздыққа қарсы күресті өрістетті.

1930 жылы 28 июльде «Правда» газеті былай деп жазды: «Сауатсыздықты және миллиондаған бұқараның мәдениетсіздігін жоймайынша, патша өкіметі мен крепостниктік құрылыстың осындай қарғыс атқан мерезін жоймайынша капитализмді біржолата жеңіп шығу мүмкін емес».

Бұл жұмысқа комсомолецтер, ағарту қызметкерлері, жоғары оқу орындарының студенттері мен совет интеллигенциясының өкілдері жап-

пай қатыстырылды. Сауатсыздықты жою жөнінде арнаулы комиссиялар құрылды. Барлық жерде — қалалар мен ауыл-селоарда жұмысшы, шаруа әйелдер өздерінің сауатсыздығын жою жөніндегі пункттерге жазыла бастады.

Мұның өзі бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындап шығудың қажетті шарттарының бірі еді. Өйткені мұнсыз түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет құру мүмкін емес еді. Сондай-ақ мұнсыз миллиондаған бұқараны мемлекетті басқаруға қатыстыру мүмкін емес еді.

Елімізді социалистік жолмен индустрияландыру кезінде өнеркәсіптің қауырт өркендеуі, оны қазіргі заманғы жаңа машиналармен жаратандыру техникалық жағынан даярлығы мол маман жұмысшылардың санын едәуір көбейтуді талап етті. Ал ауыл шаруашылығын коллективтендіру деревняда аса күрделі революция болды, миллиондаған шаруалар бұқарасының өміріндегі келелі өзгеріс болды. Сондықтан шаруалардың мәдениетін көтермейінше оны жүзеге асыру мүмкін емес еді.

Өйткені сауатсыз жұмысшы техниканы меңгере алмайды, еңбекте жоғары көрсеткішке жете алмайды. Сондықтан оны оқыту керек болды. Деревняда колхоздар үшін сауатты адамдардың жетіспеуі колхоздарды нығайтуға кедергі келтіретіні түсінікті еді. Еңбекті дұрыс ұйымдастыру, есеп, жоспарлау, агротехниканы қолданып, еңбекті, дала жұмыстарын механикаландыру—міне осының бәрі ауыл-село еңбеккерлерін сауаттандыруға көп байланысты еді.

Коммунистік партияның 1927 жылы декабрьде өткізілген XV съезі индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру міндеттерін орындау мәдени революцияны ойдағыдай жүзеге асырмайынша мүмкін емес деп атап көрсетті. Съезд сауатсыздықты жою және жалпы білім беру ісін мәдени құрылыс саласындағы маңызды шаралардың бірі ретінде алға қойды.

Шаруашылықты қайта құру дәуірінде елдің алдында тұрған осындай орасан зор тарихи міндетті орындау ендігі жерде сауатсыздықты жою жөніндегі барлық жұмысты қайта қарап, қайта құруды, өмірде өзін ақтаған жаңа тәсілдерді неғұрлым жедел іздестіруді керек етті. Осыған сәйкес ВКП(б) Орталық Комитеті 1929 жылғы 17 майда «Сауатсыздықты жою жөніндегі жұмыс туралы» қаулы алды. Бұл қаулы елімізде сауатсыздықты жою жөніндегі жұмыстардың бүкіл жүйесін қайта құруда елеулі роль атқарды.

ВКП(б) Орталық Комитетінің қаулысында бұл жұмысты тұтас бір жоспармен жүргізу, күш пен қаржыны біріктіріп, сауатсыздықты жоюға қатысушы барлық ұйымдардың қызметін жандандыру талап етілді. Орталық Комитет партия, совет, кәсіподақ ұйымдарына және «Сауатсыздық жойылсын» қоғамына сауатсыздықты жою жұмыстарын кең өрістетіп, ең алдымен қалада — кәсіпорын жұмысшыларын, пролетариаттың жаңа топтарын, деревняда — батрактарды, кедейлерді және колхоз мүшелерін қамтуды ұсынды.

ВКП(б) Орталық Комитеті ұлт аймақтарында сауатсыздықты жоюдың барысына ерекше тоқталды. Қаулыда бірқатар республикалар мен советтік шығыс облыстарында халықтың сауатсыздығын жою бүкіл мәдени процестің негізгі мәселесі екені көрсетілді. Сондай-ақ бұл қаулы жұмысшы мен шаруа, батрак, кооператор әйелдердің сауатсыздығын жою шаралары белгіленді.

Сондықтан 1928 жылы бүкіл Қазақстан бойынша сауатсыздықты жою жөнінде мәдени жорық басталды. Барлық мұғалімдер, сол сияқты техникумдардың жоғарғы класс оқушылары жаз айларында сауат аш мектептері мен үйірмелерінде сабақ берді. 1926—1929 жылдары мұнда мектептер мен үйірмелер 500 мыңдай ересек адамды оқытып шығарды.

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Советі 1930 жылы августта жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқуды е

гізу туралы қаулы қабылдады. Бұл қаулы кейін Қазақстан Орталық Аткару Комитетінің сессиясында және Советтердің Бүкіл қазақстандық VIII съезінде заң күшіне енді. Міндетті оқу заңына сәйкес қазақ қыздары тегіс оқуға тартылды. Советтер съезіне қатысқан 127 делегаттың ішінде әйелдердің 21 процент болуы да қазақ әйелдері үшін тарихи маңызы зор оқиға.

Бұл кезеңде Қазақстан партия ұйымы республика жұртшылығының назарын сауатсыздықты жою міндетіне аударды. Олардың алдына «Сауаттылар сауатсыздарды оқытсын!» деген ұран қойылды. Кәсіподақтар, комсомол ұйымдары, «Сауатсыздық жойылсын» қоғамының ұялары сауатсыздықты жою пункттерін құру, хат танымайтындарды оқыту жөнінде нақты міндеттемелер қабылдады. Қөшпелі және жартылай көшпелі аудандарда сауатсыздықты жою жөнінде көптеген жылжымалы пункттер ашылды. Қазақ совет интеллигенциясы Қазақстанды жаппай сауатты республикаға айналдыру күресіне белсене ат салысты.

Қазақстанда шаруашылықты қалпына келтіру дәуірінің аяқ шенінде еңбекшілердің сауатын ашу саласында үлкен ілгері басқандық байқалды. Мұны М. И. Калинин айрықша атап көрсетті. Ол өзінің бір сөзінде былай деді: «Мен осында өзіміздің сессиямызды жабу кезінде Қазақ Республикасының мысалынан бас-аяғы он жылдың ішінде, тіпті одан да аз мерзімде көшпелі, патриархалды, сауатсыз халықтың мәдениеті өсіп, өз интеллигенциясын шығарғандығын айтқым келеді».

Шынында да советтік система ғана бұрынғы сауатсыз және артта қалған ұлттардың осындай жоғары мәдени өсу дәрежесіне жетуін қамтамасыз етті. Соның бірі — қазақ халқы. Қазақ еңбекшілері, оның ішінде қазақ әйелдері Совет өкіметі жылдарында өздерінің ана тілінде білім алды, республикада ұлттық мектептер көбейді, ұлттық баспасөз қанат жайды. Қазір Қазақстанда жоғары білімді мамандардың 47 проценті, арнаулы орта білімі бар мамандардың 59 проценті әйелдер.

Осы күні республика халық шаруашылығының қазақ әйелдері жұмыс істемейтін саласы жоқ. Мыңдаған қазақ әйелі инженер, агроном, зоотехник, дәрігер, педагог. Республикамыздың экономикалық және саяси жағынан қарыштап өсуі әйелдерді ғылым-білімге кенелтті. Бір кезде сауат ашуға зар болған қазақ әйелдері бүгінгі күндері озық ғылым иелері. Қазір Қазақстанда 500-дей астам әйел ғылым кандидаты, 16 әйел ғылым докторы. Бұлардың едәуір бөлегі қазақ әйелдері. Олардың ішінде академик Нәйлә Базанова, техника ғылымының докторы Жамал Қанлыбаева, геология-минералогия ғылымының докторы Патшайым Тәжібаева, медицина ғылымының докторы Кәмілә Өтегеева сияқты ғалымдарды халқымыз орынды мақтаныш етеді.

Сөйтіп Совет өкіметінің арқасында бостандыққа, бақытқа, мәдениетке, оқу-білімге қолы жеткен қазақ әйелдері коммунизмнің белсенді құрылысшылары болып отыр.

К. СӘДУАҚАСОВА,

Шымкент педагогикалық институтының
аға оқытушысы.

Село коммунистерінің идеялық өсуі

Свердлов аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары коммунистердің, комсомолецтер мен партияда жоқтардың маркстік-лениндік біліммен жете қарулануына айрықша көңіл бөлуде. Әсіресе біз соңғы кезде ең алдымен коммунистердің, барлық село еңбеккерлерінің идеялық-саяси дәрежесін барынша арттыра беруге, олардың дүние жүзілік даму перспективасын, еліміздің ішкі және сыртқы саясатын неғұрлым терең түсінуін камтамасыз етуге баса назар аудара бастадық.

Партия ұйымдары коммунистерді идеялық жағынан шындауда саяси оқудың үлкен орын алатынын айқын сезеді. Асылында, мұның өзі адамның идеялық өсуіне, коммунистік сенімге ие болуына, жаңа қоғам адамының ең абзал қасиеттерін өз бойына жинап, дарытуға ықпалын тигізеді, буржуазиялық идеологияның жат көріністеріне қарсы батыл күресуімізге көмектеседі.

Аудан партия ұйымдары коммунистерге және жалпы еңбекші бұқараға саяси тәрбие беру ісінде едәуір тәжірибеге ие болды. Біз маркстік-лениндік теорияны үйретуді село еңбеккерлерінің күнделікті практикалық ісімен тығыз ұштастыра жүргізуге ерекше мән береміз.

Жұртқа мәлім, өткен жылдарда партия ұйымдары тындаушылардың сан жағына көбірек үйір болды да, олардың қандай дәрежеде білім алып жүргенін онша елеі қойған жоқ. Тіпті кейбір үйірмелер мен мектептер жыл сайын бір сарыннан шыға алмады. Мұның өзі коммунистердің, жалпы бұқараның білімін жүйелі түрде арттыра беруге көпе-көрнеу тұсау болды. Мұндай қателікті түзету жолын партияның Орталық Комитеті өткен жылы өте дұрыс көрсетіп берді.

Өткен жылдың күзінде аудандық партия комитеті коммунистердің оқуын партияның жаңа нұсқауына сәйкес ұйымдастыруға ерекше жауаптылықпен қарады. Бастауыш партия ұйымдарындағы коммунистердің тілектері мен білім дәрежелерін қатаң ескере отырып, біз 49 бастауыш саяси мектеп (онда 679 коммунист, 96 комсомолец және 65 партияда жоқ адам оқиды), марксизм-ленинизм негіздерінің 26 мектебін (онда 387 коммунист, 47 комсомолец пен 67 партияда жоқ адам оқиды) құрған болатынбыз. Бұлардағы сабақ алғашқы кезден бастап-ақ Орталық Комитет бекіткен программа бойынша жүргізіле бастады.

Сондай-ақ ауданымызда 17 жерден теориялық семинар ұйымдастырылды, оларда марксизм-ленинизм теориясының проблемаларын 260 коммунист және 65 комсомолец өздігінен оқып үйренуде. Қысқасы, аудан бойынша партия оқуының түр-түрімен 2 139 адам камтылды, оның 1 766-ы коммунист, 221-і комсомолец, 152-сі партияда жоқ еңбеккер. Бұлардың сыртында жүзден астам коммунист жоғары және арнаулы орта дәрежелі оқу орындарында сырттан оқып, білім алуда. Біз саяси оқудың идеялық дәрежесінің жоғары болуы насихатшылардың даярлығына, олардың шеберлігіне тікелей байланысты екенін екі елі естен шығармаймыз. Сондықтан да өткен жылы партия оқуының жаңа жүйесіне орай бұл мәселеге көп көңіл бөлдік. Аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары насихатшы кадрларды тәжірибесіне, біліміне,

іскерлік қабілетіне, коммунистік ар-ожданна қарай іріктеп алуға қатты назар аударды. Соның нәтижесінде қазір бізде 140-тан астам насихатшының 124-і жоғары білімді, 8-і ортадан жоғары, 9-ы арнаулы орта дәрежелі білімді адамдар. Насихатшылардың ішінде 10 совхоз директоры, 9 колхоз председатели, 24 ауыл шаруашылығының маманы, 8 аудандық мекеменің басшысы, 84 село интеллигенті бар. Оларға әрдайым методикалық жәрдем беру үшін аудандық партия комитетінің жанынан тұрақты семинар ұйымдастырылды. Семинар сабақтарында программа бойынша оқылатын лекциялардан тыс тәжірибелі насихатшылар методикалық кеңес беріп отырады.

Мысалы, «Трудовой Пахарь» колхозының партия ұйымындағы насихатшылар түгелдей дерлік жоғары білімді, тәжірибесі мол адамдар. Солардың ішінен С. Жүнісов, А. Л. Нахманович, Қ. Шыңғысбаев, Қ. Шалданбаев жолдастарды ерекше атауға болады. Олардың әрқайсысы сабаққа оқу жоспарының белгілі бір бөлімі бойынша өте ұқыпты даярланады. Коммунистер бұл насихатшылардың өткізген сабақтарынан рухани азық алып, үлкен ләззатпен қайтады. Оның үстіне тыңдаушылар саяси әдебиеттермен өздігінен жұмыс істеуге, алған теориялық білімдерін практикалық мәселелермен ұштастыра білуге, экономикалық көрсеткіштерді талдауға, колхоз өндірісінің ішкі резервтері мен мүмкіндіктерін аша білуге жақсы дағдыланып келеді.

Бұл колхозда барлық коммунистер бірі қалмай өздерінің идеялық-саяси дәрежесін арттыруда. Марксизм-ленинизм теориясын өздігінен үйренушілерге көмек көрсету мақсатымен консультанттар белгіленіп қойылған. Мәселен, тарих пәнінің мұғалімі А. И. Зипченко, мектеп директоры О. Жарболов, колхоздың бас агрономы Г. Вьюницкий жолдастардың өздеріне жүктелген аса маңызды міндетті коммунистік жауаптылық сезіммен абыройлы атқарып жүргенін атап айта аламыз.

Коммунистер мен еңбекшілердің идеялық жағынан шындала беруі олардың қоғамдық-саяси және өндірістік белсенділігін барған сайын еселеп арттыра түсуде. Мұны осы колхоздың шаруашылық табысынан да көруге болады. Бұрын, атап айтқанда, 1963 жылы бұл колхоз қант қызылшасынан өте төмен өнім алып келген еді, ал осы соңғы екі жылдың ішінде жоғары өнімге ие болып отыр. Колхоз 1965 жылы 1250 гектар қант қызылшасының әр гектарынан 394 центнерден өнім алды. Өткен жылы мемлекетке қызылша шикізатын сату жоспарын 117,6 процент орындап шықты. Мал шаруашылығынан алынатын өнім де еселеп артты. Осының арқасында колхоз өткен жылғы 10 декабрьде мемлекетке ет сату жоспарын 100, сүттен — 128,1 процент орындады, өнімнің өзіндік құны анағұрлым кемітілді, колхоздың табысы молайды. Мұның бәрі артель мүшелерінің материалдық әл-ауқатының жақсаруына, олардың тұрмыс мәдениетінің көтерілуіне сөзсіз ықпал етіп отыр. Қазіргі кезде колхозшылардың үйінде телевизор, тоназытқыш, кір жуғыш машина сияқты жаңа заман сипатына тән мүліктер аз емес.

Ауданымыздың «Үшбұлақ» совхозындағы марксизм-ленинизм негіздері мектебінің жұмысы айтарлықтай деу керек. Мұнда 19 тыңдаушы бар, бәрінің де білімі орта дәрежелі. Оған совхоз директоры Ф. М. Тарасенко жолдас басшылық етеді. Насихатшы өзінің ой-өрісін үнемі кеңейтіп, білімін байытып отырады.

Тарасенко жолдас жаңа программа бойынша өткізілген алғашқы сабағының өзінде-ақ үлкен әзірлікпен келгенін көрсетті. Алдымен ол тыңдаушыларды оқу жоспарының бұрынғыдан қаншалықты өзгешелігі барын айтып таныстырды, қажетті оқулықтарды ұсынды. Содан кейін барып «Россияда жұмысшы қозғалысының басталуы және марксизмнің таралуы» деген тақырыпты баяндауға кірісті. Ол марксизмнің шығуындағы тарихи жағдайларды, ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылар

К. Маркс пен Ф. Энгельстің қызметін айтып өтті. Алғашқы сабақта тыңдаушылар Бірінші интернационалдың жұмысымен танысты. Сонымен бірге Тарасенко жолдас Рәссияда марксизмді тұңғыш рет таратушы «Еңбекті азат ету тобының» маңызын баяндап берді.

Насихатшы Рәссияда маркстік партия құру жолындағы күрес туралы айтқан кезде В. И. Лениннің аса зор тарихи роль атқарғанына ерекше тоқталды. Ол В. И. Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітабының тарихи маңызын терең ашып көрсетті. Сонымен жұртқа түсінікті етіп қорытынды жасады. Тарасенко жолдас тыңдаушылардың тиісті тақырып бойынша негізгі материалдарды ғана оқып қоймай, қосымша әдебиеттерді, көркем шығармаларды да оқуын талап етіп отырады.

Аудандық партия комитеті басшы кадрлардың оқуына да үнемі зор салып отырады. Партия-совет активі аудандық партия комитеті жапындағы маркстік-лениндік теорияның жеке проблемаларын оқып-үйренетін семинарда оқиды. Мұнда тәжірибелі насихатшылар лекция оқиды, саяси әдебиеттермен өздігінен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлінеді, теориялық конференциялар өткізіліп тұрады. Қазір «Партия туралы маркстік-лениндік ілім және оның қазіргі жағдайда оған әрі дамытылуы» деген тақырыпта теориялық конференция әзірленіп жатыр.

Сондай-ақ басшы кадрлардың экономикалық білім алуына ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұл мәселе аудандық партия комитетінің бюросында арнайы қаралып, тиісті қаулы қабылданды. Мұнда барлық колхоз, совхоздарда орта буын мамандардың оқуы ұйымдастырылды.

Бұрын аудан бойынша партия, шаруашылық қызметкері үшін теориялық семинар жұмыс істеп келді, бірақ онда экономикалық мәселелерге онша көңіл бөлінбейтін. Ал енді әр айда осы семинардың тақырыбына экономикалық мәселелер енгізіледі. Январь айында «Пайда, өзіңдік күн және баға» туралы «Грудовой Шахарь» колхозының председатели А. Л. Нахманович лекция оқитып болды. Сонымен қатар өндіріс басқармасының жанынан ай сайын «Агрономдар күні», «Зоотехниктер күні», «Экономистер күні» белгіленді. Алғашқы екеуі бұрын бар еді, бірақ онда экономикалық талдау жасалмайтын. Қазіргі тәртіп бойынша бір айдағы жұмысқа экономикалық тұрғыдан толық талдау жасалады. Сөз жоқ, бұл жағдай кадрлардың білімін арттырады, әрі олардың жауаптылығын күшейтеді.

Көптеген партия ұйымдары село еңбеккерлері арасында экономикалық білімді насихаттау мәселесіне айрықша назар аудара бастады. Аманкелді атындағы, Партияның XXII съезі атындағы колхоздарда, Чапаев атындағы және «Үшбұлақ» жүзім-шарап совхоздарында «Шаруашылық есепті енгізу—өндірістің рентабельділігін арттырудың маңызды құралы» деген тақырыпта экономикалық конференция өткізілді.

Жамбыл қызылша совхозында бірнеше жылдан бері коммунистік еңбек мектебі, нақты экономика жөніндегі семинар, КПСС тарихын оқып-үйренетін үйірме және бастауыш экономикалық мектеп жұмыс істеп келеді. Бұл оқулардың барлық түрімен 172 адам, оның ішінде 72 коммунист қамтылды. Насихатшылар Ерпазаров, Штифанова, Распутин және басқа жолдастар әрбір сабаққа тыңғылықты әзірлене отырып, оларды күнделікті өмірмен тығыз ұштастыра білді.

Мәселен, совхоздағы ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикасын үйренетін семинарды бірнеше жыл бойы бас агроном Н. И. Козырев басқаруда. Ол — ауданымыздағы ең таңдаулы, әрі тәжірибелі насихатшымыздың бірі. Н. И. Козырев жолдас кезекті тақырыптың мазмұнын тыңдаушыларға терең жеткізу үшін түрлі диаграммаларды, кестелерді, басқа да тәсілдерді үнемі қолданып отырады. Тақырыпты талқылауға жұрт-

тын бәрін катыстырып, оларды өздігінен ойлауға, пайымдауға, талдау жасауға, дұрыс қорытынды шығаруға баулиды.

Сонымен қатар бұл совхозда экономикалық конференциялар ұдайы өткізіліп тұрады. Өткен жылдың ішінде ғана бірнеше конференция өткізілді. Соның бірі май айында болған «Өнімнің өзіндік құнын кеміту—қоғамдық байлықты арттырудың көзі» деген тақырыптағы экономикалық конференция. Бұған жүздеп астам адам қатысты, 11 адам сөйледі. Солардың ішінде зоотехник П. Н. Штифанованың, бас инженер С. М. Рогозиннің, агроном Б. А. Миллердің сөздері өте тартымды болды.

Совхоздың соңғы жылдары алдыңғы қатарлы шаруашылыққа айналуының негізгі себебінің бірі экономикалық оқудың дұрыс жолға қойылуынан десек, тіпті де асырып айтқандық болмайды. Мұны өткен жылдың көрсеткіштері де айқын дәлелдейді. Қызылша совхозы 1965 жылы мемлекетке қызылша тапсыру жоспарын 183,7 процент, еттен—100 процент орындап, елеулі табысқа жетті.

Партия оқуы көптеген коммунистердің үгіт-бұқаралық жұмысқа белсене араласып, оған үлкен жауаптылық сезіммен қарауына да әсерін тигізді. Мәселен, коммунистер В. П. Доценко, М. К. Кремер және басқалар өздерінің саяси білімін үздіксіз көтерудің нәтижесінде қазір өз коллективтерінің арасында лекция оқып, баяндама жасай алатындай дәрежеге жетіп отыр. Әрине, мұндай жағдайға қуанбасқа болмайды.

Коммунистерді, барлық еңбеккерлерді идеялық жағынан күнбе-күн шындап отыру өзінің жемісті нәтижесін беретіні сөзсіз. Партия оқуы көптеген тыңдаушылардың саяси ой-өрісін кеңейтіп, жауаптылық сезімдерін, қоғамдық және өндірістік белсенділігін арттыра түсуде.

Біз коммунистердің өз білімін қалай арттырып жүргенін қатты қадағалауды партия ұйымдарының негізгі міндеттерінің бірі деп санаймыз. Қазір ауданда қоғамдық негізде жұмыс істейтін 9 кабинет бар. Оларда насихатшылар мен маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілерге методикалық көмек беріп отыратын арнаулы бұрыштар ұйымдастырылған. Методикалық советтің мүшелері әрбір апта сайын кезек-кезек тыңдаушыларға кеңес беріп отырады, программаға сай жеке тақырыптар бойынша қажетті әдебиеттерді, көрнекі құралдарды іріктеп алуға жәрдемдеседі.

Алайда коммунистерді идеялық жағынан шындау мәселесінде кемшіліктер де жоқ емес. Біз әлі де болса тыңдаушылардың сан жағына мәз болып, олардың маркстік-лениндік теорияны терең үйренуіне, оны бүгінгі өмірмен тығыз байланыстыруға жөнді көңіл бөле алмай отырмыз. Бірсыпыра партия ұйымдары саяси оқудың идеялық дәрежесіне жеткілікті назар аудармайды. Кей жерде формализмнің салқыны әлі де байқалып жүр.

Аудандық партия комитеті мұндай кемшіліктерді тез жойып, коммунистердің идеялық-саяси дәрежесін, еңбекшілердің саналылығын арттыру жолында, партиямыздың алдағы съезін лайықты табыстармен қарсы алу жолында аянбай күресе береді.

Р. МЕДЕУЛОВ.

Свердлов аудандық партия
комитетінің бірінші секретары

Жамбыл облысы.

АУДАНДЫҚ КОМИТЕТТІҢ МҮШЕСІ

Біздің ауданда мыңнан аса коммунист бар. Лениншіл жауынгерлердің осы үлкен армиясы шаруашылық пен мәдениет құрылысының барлық саласында еңбекші бұқараның нағыз ұйтқысы, ұйымдастырушысы болып отыр. Егер 1964 жылы аудан еңбекшілері мемлекетке 16,3 миллион пұт астық тапсырып, міндеттемені асырып орындаса, былтыр да қуаңшылық болғанына қарамастан тәп-тәуір егін өсіріп, оны ысырапсыз жинап алса, биылғы жылдың мол егініне берік негіз қалап, қоғамдық малды қыстатуға жақсы әзірленіп отырса, осының бәрі ең алдымен коммунистердің белсенділігі мен ұйымшылдығының арқасы.

Коммунистердің өндірістегі жетекшілік ролін күшейткен үстіне күшейту, сол негізде жаппай еңбек өрлеуін туғызып, мемлекеттік жоспарлар мен социалистік міндеттемелердің барлық жерде үнемі мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етіп отыру — міне біз аудан партия ұйымының бүгін таңдағы басты міндеті осы деп білеміз.

Әрине, бұл ондай міндет емес. Аудандық партия комитеті өз аппаратының жұмыс стилін жетілдіріп, бастауыш ұйымдарға, жүздеген, мыңдаған активистерге арқа сүйегенде ғана осы міндеттің үдесінен шықпақ. Біз күнбе-күнгі практикалық жұмысымызды нақ осылай істеп те отырмыз.

Аудандық комитеттің мүшелері партиялық жұмысқа ең алдымен өздері еңбек етіп жүрген өндіріс саласында белсенділіктің, табандылықтың өнегесін көрсетіп, бұқараны сонынан ерту арқылы қатысуда. Бірнеше мысал келтірейік.

Өткен егін жинау науқаны ерекше қиын жағдайда өтті. Қуаңшылық салдарынан егін тым аласа өсіп, көп жерде комбайн пышағына ілінбейтін болды. Міне нақ сол кезде аудандық партия комитетінің мүшесі, Ленин атындағы совхоздың механизаторы Аманкелді Исақов тапқырлық көрсетті. Ол тіркемелі «С-6» комбайнын аласа егінді оратын етіп қайта жабдықтады. Бұл әдісін бригада-бригаданы аралап жүріп басқаларға да үйретті. Сөйтіп бүкіл совхозды қиын жағдайдан шығарды.

Асылы, Исақов жолдас озат тәжірибені таратудан, әсіресе жас механизаторларды тәрбиелеуден жалықпайтын коммунист. Оның баулып өсірген шәкірттерін Ленин атындағы совхоздың барлық бригадаларынан көптеп кездестіруге болады.

Ең бір тамашасы — Исақов жолдас еңбекке адал қарайтындығымен ғана емес, өнегелі тұрмысымен де нағыз коммунистке тән қасиеттердің үлгісін көрсетуде. Оның үлкен ұлы Сабыртай туған совхозында қыста шофер, жазда комбайнер болып істейді, ортаншы ұлы Владимир — жоғары білімді агроном. Ал қызы Зоя Алматы медицина институтында оқиды. Балаларының бәрі де кішіпейіл, еңбек сүйгіш болып өскен.

Аудандық комитеттің мүшесі Михаил Иванович Побудей туралы да осыны айтуға болады. Ол тыңға 1954 жылы келген еді. Ленинградтық азамат жаңа жерді жаңымен сүйіп, еңбек қызығына беріле кірісті. Әуелі Қарасу машина-трактор мастерскойында токарь, механик, соңынан партия ұйымының секретары болып істеді. Ұйымдастырғыш қабілеті бірден көзге түскен Побудей жолдас көп ұзамай Павлов совхозының директорлығына жоғарылатылды. Жалын жігерлі коммунист тың совхозында

тамаша коллектив қалыптастырды. Партия ұйымының қатары мен белсенділігі де тез өсті. Өткен сайлауда ол аудандық Совет атқару комитеті председателінің орынбасары болып сайланды.

Бізде аудандық комитеттің көптеген мүшелері тапсырма берілуін күтіп отырмайды, жергілікті өмірге қызу араласып, өздері инициатива көрсетеді, ұсыныстар жасайды. Мысалы, «Қарасу» совхозының шошқа өсірушісі Татьяна Дорофеевна Лаптикованы аудан жұртшылығы еңбек озаты ретінде біледі. Оның басқаруындағы шошқа фермасы социалистік міндегтемесін жылма-жыл асырып орындайды. Ферма коллективі аяқталған жылда 135 мегежіннен 1600 торай аламыз деп міндеттенген еді. Іс жүзінде 3005 торай өсірді. Үздік ферма коллективінің жұмыс тәжірибесі аудандық партия комитетінің бюросында арнайы талқыланып қорытылды. Фермаға коммунистік еңбек коллективі деген құрметті атақ берілді.

Міне осы Лаптикова жолдас өндірістегі озат еңбегімен қоса аудандық партия комитетінің мүшесі ретінде де үлкен қоғамдық жұмыс атқарып жүр. Ол үнемі еңбекшілердің арасында болып, солардың материалдық-мәдени тұрмысын жақсартуға қамқорлық жасайды. Үш мыңнан астам тұрғыны бар «Восток» поселкесінде су құбырын жүргізу жөнінде аудандық партия комитеті мен Совет атқару комитетінің алдына шұғыл мәселе қойған әрі жұмысты реттегенше тыным көрмей жүрген осы Лаптикова жолдас. Ол еңбек ететін коллективте партия жұмысының жайы үшін біз уайым жемейміз. Себебі онда ешбір кемшіліктің көзден таса қалмайтынына, коммунистер мен партияда жоқ бұқараның байланысы мен ынтымағы берік екеніне кәміл сенеміз.

Нақ осы совхозда аудандық партия комитетінің тағы бір мүшесі— Анна Степановна Новикова тұрады. Жоғары білімді агроном, 1931 жылдан коммунист. 1964 жылы ол жасының ұлғаюымен байланысты пенсияға шыққан-ды. Бірақ коммунист жаны тыныштық тауып үйде отыра алмады, өмір бойы сырлас, тағдырлас болған егіс даласына тарта берді. Қазір Анна Степановна ешбір ақысыз-пұлсыз дикандарға көмектесуде. Бүкіл жаз бойы 20 гектар қызылша егісін қамқорлыққа алды. Енді жерді тынайтып, баптап, келесі егіске әзірлеу ісіне бас болып, ұйымдастырып жүр. Екіншілік мәдениетін көтеру мәселелері жайында еңбекшілер алдында үнемі лекция оқып, баяндама жасап тұрады.

Аудандық партия комитеті мүшесінің міндеті тек пленумдарға қатысу, оқта-текте белгілі бір мәселелерді әзірлеуге көмектесу ғана емес. Ең бастысы—жер-жердегі партия ұйымдарымен тізе қосып, ынтымақтасып, бұқаралық-саяси жұмысты өрістетуге, жаңаның жаршысы, жанашыры, ұйымдастырушысы болу. Бұл жағынан да біздің аудандық комитеттің мүшелері шын саналылық көрсетіп жүр. Тағы да мысал келтірейік.

Обаған совхозында Социалистік Еңбек Ері, коммунист Андрей Николаевич Кижакин еңбек етеді. Ол бұрын комбайнер еді, қазір машина-трактор мастерскойында слесарь. Өткен жылы ол комбайндарды қыста жөндеу жөнінде бастама көтерді. Мұның өзі бізде жаңалық еді. Кижакин жолдас трактор мен автомашиналарды ғана емес, комбайн секілді күрделі техниканы да қысты күні жөндеуге болатынын дәлелдеп көрсетті. Коммунист бастамасын өзге механизаторлар да қызу қостады. Соның нәтижесінде обағандықтар көктем шыққанша барлық 76 комбайнның 46-сын мінсіз әзірлеп қойды. Обағандықтардың бастамасын аудандық партия комитеті мақұлдап, барлық совхоздарда қолдануды ұсынды. Кижакин жолдас механизаторлар жарысын ұйымдастыра жүріп, халықтық бақылауға белсене қатысу үшін де уақыт табады. Ол жуырда қоймадағы астықтың қызып бара жатқанын байқап, дереу дабыл көтерді.

Совхоз агрономына шұғыл шара қолдануды талап етті. Сөйтіп ондаған тонна астықты бүлінуден сақтап қалды.

Аудандық партия комитетінің мүшесі, «Ленинский» совхозының директоры Анатолий Александрович Винников та партиялық-ұйымдастыру жұмысына жан-тәнімен қатысады. Біліміне тәжірибесі сай агроном Винников өте-мөте өз шаруашылығында агрономиялық ілімді насихаттауда айтарлықтай еңбек сіңіріп жүр. Ол совхоз партия бюросының мүшесі әрі «Білім» қоғамының жергілікті лекторлар тобының жетекшісі. Совхоз еңбеккерлері Винников жолдасты жақсы ұйымдастырушы, шын мәнісіндегі тәрбиеші деп қадірлейді. Ол аудандық партия комитетінің қандай тапсырмасын болса да нағыз коммунистке тән жалынмен, ықласпен орындайды.

Аудандық комитет өз мүшелерінің белсенділігін күшейтіп, беделін, ықпалын көтеру үшін алуан түрлі әдіс қолданады. Оларға партиялық тапсырма көбінесе бюрода беріледі де, ол тапсырманың қалай орындалғанын аудандық комитет секретарьларының бірі пленум мәжілісінде хабарлайды.

Егер аудандық комитеттің мүшесі тым шалғайда тұрса, көбінесе оған хат арқылы тапсырма беріледі (мәселен, еңбекшілер алдында белгілібір тақырыпта саяси баяндама жасау, жиналыстар өткізу т. б. туралы).

Аудандық комитеттің қызметкері жер-жерде болғанда пленум мүшелерімен кездесіп, тиісті мәселелерді солармен ақылдасып, кеңесіп, соларды тікелей қатыстыра отырып, қолма-қол шешіп қайтады. Мысалы, социалистік жарысты ұйымдастыру, міндеттемелердің орындалуын тексеру, т. б. жөнінде осыны айтуға болады.

Кейде партия активі арнаулы комиссиялардың жұмысына тартылады. Былтырғы көктемде аудандық комитет бюросының шешімімен совхоздарда шошқа шаруашылығын өркендету жайы жаппай тексерілген кезде, оған А. Г. Боровков, В. И. Окинько, Н. А. Шуман және аудандық комитеттің жер-жердегі басқа да мүшелері (барлығы 24 адам) қатысты.

Біз жеке активистерге арнайы тапсырма беру әдісін де пайдаланамыз. Мысалы, Қарасу астық қабылдау пунктінің директоры А. И. Сулов аудандық партия комитетіне түскен арызды тексеріп, шағым иесінің шын жағдайды дұрыс түсінуіне көмектесті. Жергілікті мектептің мұғалімі Н. Т. Кузьменко аудандық комитет бюросының тапсыруымен Қарасу автобазасының бастауыш партия ұйымында коммунистердің есебі мен мүшелік жарна төлеуінің жайын тексерді.

Мұндай мысалдарды келтіре берсек, толып жатыр. Бірақ бұдан аудандық партия комитетінің өз мүшелерімен жүргізіп отырған жұмысында мін жок екен деген ұғым тұмауға тиіс. Аудандық комитеттің қайсыбір мүшелері, тіпті кейбір басшы қызметтегілердің өзі партиялық жұмыстан сырттап жүреді. Бұл кемшілікке, сөз жок, біз де кінәліміз. Аудандық комитеттің әрбір мүшесімен үнемі байланыс жасап, ақыл-кеңес айту, тапсырма беріп, талап қойып отыру жағы бізде жетіспейді. Ал қатаң талап пен бақылау болмаған жерде ең іскер қызметкерлердің де арқауы босанса бастайтыны мәлім.

Аудандық партия комитетінің мүшелері — үлкен күш. Олардың белсенділігі мен іскерлігін арттыру үшін өндірісте өнегелі, партиялық жұмысты жанындай сүйетін, шын саналы, лайықты жолдастарды дұрыс іріктеп ұсыну қажет. Аудан коммунистері алдағы партия конференциясында осы жағын мұқият ойластырулары керек.

К. ДОСАНОВ,

Қарасу аудандық партия комитетінің секретары.

СЕРГЕКТІК, ПРИНЦИПТІЛІК— БАСТЫ ТАЛАП

КПСС Уставы коммунистерге аса жоғары талап қояды. Партия мүшесі еңбекке коммунистік көзқарастың өнегесін көрсетуге, ең үздік, ең жаңаның бәрін қолдап, көтермелеп отыруға, озат тәжірибені жалықпай таратуға, өзінің мамандығы мен идеялық даярлығын үзбей жетілдіруге, социалистік меншікті көздің қарашығындай сақтап, молайта беруге, барлық істе адал, шыншыл болуға, әділетсіздік, жатып ішерлік, мансапқорлық атаулының бәрімен аяусыз күресуге, қысқасы коммунизм құрылысының моральдық кодексінде бейнеленген жоғары принциптерге лайық болуға міндетті.

Біздің экономикамыздың қарыштай өркендеп, халық шаруашылығы жоспарларының үнемі ойдағыдай жүзеге асуы көп жағынан коммунистердің осы міндеттерді қаншалықты адал орындайтынына тікелей байланысты.

Партия мүшелері мен кандидаттарының басым көпшілігі өздерінің уставтық борыштарын мүлтіксіз атқарады, өндіріс пен қоғамдық өмірде де, тұрмыста да жақсы істерімен өнеге көрсетеді. Сонымен қатар бізде лениндік партияның мүшесі деген жоғары атақты ардақтап ұстамай жүрген, жеке басының мүддесі үшін әртүрлі жарамсыз істерден жиренбейтін, өндірістік және саяси белсенділігі төмен коммунистердің де бар екенін жасыруға болмайды. Өте-мөте бірлі-жарым коммунистер тарапынан кездесетін қызмет бабын теріс пайдалану, социалистік меншікті ұрлау, талан-таражға салу, пара алу, еңбек тәртібін бұзу, маскүнемдікке салынып, кейде қылмысқа ұласатын қылықтар жасау секілді фактілер елеулі нұқсан келтіретінін баса айтқан мақұл.

Партия ұйымдары тәрбие жұмысын күшейте отырып, коммунистерді осындай жарамсыз жайлардан алдын ала сақтандыруға, олардың жеке жауапкершілігі мен өндірістегі жетекшілік ролін көтерген үстіне көтере беруге міндетті. Бұл үшін партияның әрбір мүшесі мен кандидатының Устав талаптарын қалай орындап жүргенін күнбе-күн, қатаң бақылап отыру керек. Мұндай бақылау, жоғары талап бәсеңсіген жерде партиялық тәртіптің қожырап, ұнамсыз фактілердің орын алуы әбден ықтимал. Бірер мысал келтірейік.

Өткен жылғы күзде Атбасар ауданының Горький атындағы совхозының шофері, КПСС мүшесі Беланенко Әбжанова деген кісінің картобын әкеліп беру үшін Тимофеевка бөлімшесіне барады. Жолда бара жатып арақ ішеді. Мас күйінде картопты тиіп алып, кейін қайтады. Қызбалықпен қатты айдап, машинаны аударады. Апат үстінде үш кісі жараланады.

Беланенко жұмысты жақсы істейтін шофер болатын. Бірақ ішкілікке тым жақынырақ жүретін, машинаны «қызып алып» жөңкітетін әдегі бар еді. Онысын жолдастары да жақсы білетін. Бірақ бастауыш партия ұйымы оны бірде-бір рет тәртіпке шақырып көрген емес. Осындай босандықтың салдарынан коммунист өзінің жауапкершілік сезімінен біржолата айырылып, қылмысты әрекет жасады.

Немесе мына бір фактіні алыңыз. Коммунист Я. А. Рожко Жақсы ауданының «Қайрақты» совхозында қойма менгерушісі болып жүріп

үнемі көз бояушылық жасаған. Ол қабылданатын және жөнелтілетін астықты әдейі кем өлшеп, артылған астықты өзі иемденіп, астыртын сатқызып отырған. Рожконың бұл қылмысын заң орындары ашты. Оның үйін тінткен кезде 720 килограм ұн табылды.

Тергеу үстінде Рожконың ұры сыбайластары да бар екені анықталды. Рожко ұрлықты алдымен аздан бастаған. Ол жөнінде кезінде партия ұйымына белгілі де болған. Бірақ бастауыш ұйым дер кезінде шара қолданбады, коммунистік атағын былғаған адамды партия қатарынан аластатады.

Егер совхоздың партия ұйымы, оның секретары Плеханов жолдас принциптілік жасап, әрбір коммунистке қатаңырақ талап қойса, социалистік меншікті қорғау күресін тынғылықты ұйымдастырса, мұндай сорақы оқиға болмас та еді.

Партия ұйымы уставтық міндетін орындамаған немесе жарамсыз қылық жасаған коммунистің мәселесін қарап, тәртіпке шақыруға, қажет болған ретте партиялық жаза қолдануға праволы. Жазаның түрлері КПСС Уставында көрсетілген.

Партиялық жазаның сол коммунист үшін де, бастауыш ұйым үшін де тәрбиелік үлкен маңызы бар. Сондықтан коммунистің дербес ісін қарағанда мейлінше сергек әрі принципті болу керек. Партия мүшесі немесе кандидаты өзінің қате қылығы үшін артық та емес, кем де емес, нағыз лайық жаза алатын болуға тиіс. Ең бастысы— коммунист тарапынан кездескен кемшіліктің, жарамсыз қылықтың бірде-біреуі ескерусіз, айыптаусыз қалмайтынын ұйымның әрбір мүшесі жан-жүрегімен ұғынатын болсын.

Бірақ қайсыбір бастауыш партия ұйымы, аудандық партия комитеті коммунистің дербес ісін қараған кезде асығыстық жасайды, істің байыбына терендеп бармай, қанағаттанғысыз шешім қабылдайды. Мысалы, Атбасар май зауытының бұрынғы директоры Лысенко қызмет бабын пайдаланып, материалдық жауапкершілігі бар қызметке сенімсіз, кездейсоқ адамдарды, өз сыбайластарын орналастырды, сөйтіп сүт өнімдерінің талан-таражға түсуіне көрнеу жағдай жасады. Тексере келгенде Лысенконың өзі де адал болмай шықты. Істеген қылмыстары үшін Лысенко партиядан шығаруға лайық еді. Бірақ аудандық партия комитетінің бюросы тым «жан ашырлық» жасап, қатаң сөгіс жариялаумен тынды.

Ал кейде мұның керісінше болады. Жаксы аудандық халық сотының бұрынғы сот орындаушысы Е. Жұбанышбаев қызмет бабын жеке басының мүддесіне пайдаланды. Бұл факт дер кезінде ашылды да, кінәлі коммунист қызметінен босатылды. Өз қателігін терең ұғынған Жұбанышбаев жаңа қызметінде адалдығымен, іскерлігімен көзге түсті. Оның дербес ісін қараған бастауыш партия ұйымы Жұбанышбаевты партия қатарында қалдыруға болады деп ұйғарып, есеп карточкасына жазылған қатаң сөгіс жариялаумен шектелді. Ал Жаксы аудандық партия комитетінің бюросы бастауыш ұйымның шешімін бұзып, Жұбанышбаевты КПСС қатарынан шығарды. Бұл жазаның тым артық екені күмәнсіз еді. Облыстық партия комитетінің бюросы Жұбанышбаевтың өз қатесін іспен түзеткенін ескеріп, оны бір жыл мерзімге КПСС мүшелігіне кандидаттыққа түсірді.

Жоғарыда келтірілген фактілер орынсыз жұмсақтықтың да, дәлелсіз қаталдықтың да дұрыс емес екенін көрсетеді. Әділ берілмеген жазаның коммунист тәрбиесі үшін зияннан өзге түк пайдасы болмақ емес. Мұны әрбір партия ұйымы мұқият ескеруге тиіс.

Бірқатар коммунистер партия документін, мүшелік билетін жоғалтқаны үшін партиялық жауапқа тартылып жатады. Мұндай оқиға көбінесе коммунистің ашық ауыздығы, ішкілікке салынуы, партиялық тәртіпті бұзуы салдарынан болады. Ал енді бір кемшілік, партия ұйымдары

осы мәселені қарағанда мүлдем үстірттік жасайды. Тіпті партиялық билетін бірнеше рет жоғалтқан коммунистерді де КПСС қатарында қалдырып, жанадан билет бергізе береді.

Кандидаттық мерзімі өтпей жатып кандидаттық карточкасын жоғалту коммунист үшін өте ауыр күнә. Бірақ соған қарамастан кандидаттық карточкасын жоғалтқандардың басым көпшілігіне жанадан карточка толтырып бере салады. Сол адам коммунист атағын алып жүруге лайық па, жоқ па деген мәселе жан-жақты талқыланып, партиялық принциптілікпен шешілмейді. Кейде тіпті кандидаттық мерзімі бітіп, енді партия мүшелігіне қабылдау-қабылдамау мәселесін бастауыш ұйымда қарау қажет болып тұрғанда кандидаттық карточкасын жоғалтып алған коммунистке де жанадан документ жазып береді.

Мұндай «жұмсақтық» коммунистердің партиялық документті сақтау жөніндегі жауапкершілігін күшейтуге көмектеспесе керек.

Кейбір партия комитеттерінің коммунисті партиядан шығып қалды деп есептеу туралы дербес істі мүлдем жеңіл-желпі қарайтынын да елеулі кемшілік деп есептейміз. Бұған да бір мысал келтірейік. Ерейментау ауданындағы «Торғай» совхозы партия ұйымының жиналысында Торғай байланыс бөлімшесінің бұрынғы бастығы Рахымжаповты кандидаттықтан КПСС мүшелігіне қабылдау туралы мәселе қаралған кезде, оған жалған документтер жасап, мемлекет қаржысын ұрлады деген айып тағылды. Бірақ бастауыш партия ұйымы сол қылмысы үшін Рахымжановты кандидаттықтан шығарып жіберудің орнына КПСС Уставының 16-шы тармағына сәйкес шығып қалды деп шешім қабылдады. Бұл шешімді аудандық партия комитеті де бекітті.

Балқашин астық қабылдау пунктінің бастауыш партия ұйымы мен аудандық партия комитетінің бюросында коммунист Забелиннің ісін қарағанда да осындай қателікке жол берілді.

Бастауыш партия ұйымы коммунистерге жаза беру ғана емес, бұрын берілген жазаны алу туралы мәселелерді де қарайды. Партиялық жазаны алу коммунистерді тәрбиелеу процесіндегі аса бір маңызды кезең. Сондықтан бұған мейлінше мұқият қарау керек. Партиялық жаза алған адамды қоғамдық жұмысқа тартып, тапсырмалар беріп, оның өз қатесін терең түсінуіне, бар күнәсін қажырлы, пайдалы ісімен ақтауына жағдай жасау қажет. Коммунист қатесін әбден түзетсе, оған берілген партиялық жазаны дер кезінде алған дұрыс. Егер коммунистің өзі үндемей жүре берсе, «партиялық жазаңды алу жөнінде арыз бер» деп оның есіне салуға да болады.

Партия қатарының тазалығын сақтау, коммунистердің беделі мен ролін көтеру—бастауыш ұйымдардың ең қасиетті міндеттерінің бірі. Сондықтан партия ұйымдары әрбір коммунистің тағдырына асқан сергектілікпен, қамқорлықпен қарауға тиіс. Бұған қазір толық мүмкіншілік бар. КПСС-ке адам алу мәселесін және коммунистердің дербес істерін алдын ала қарау жөнінде аудандық, қалалық партия комитеттерінің жанынан құрылған штаттан тыс комиссиялардың көмегін дұрыстап пайдалану керек. Ең бастысы—коммунистердің жауапкершілігін арттырып, оларды өзіне де, жолдастарына да қатаң талап қою рухында тәрбиелеу қажет. Партия ұйымдарында іске шын жаны аштын, әділ де өткір сын мен өзара сынды өрістетуге керек.

Н. ГАГАРИН,

Целиноград облыстық партия комитетінің
жанындағы партия комиссиясының председателі.

БҰҚАРА ҰЙТҚЫСЫ

Партком секретарының кабинеті. Манадан бері бригадалардың дала қостарымен, қыстаулармен сөйлескен секретарьдың қызылша егістігіне барам деп жиналғаны қашан! Бірақ бірі келіп, бірі кетіп жатқан жұрт жіберер емес.

— Біздің жұмысымыз осы енді, — дейді ол бізге күліңкірей мойын бұрып. Сөйтеді де әлгі келіп, кетіп жатқандардың шаруасын біртіндеп тындыра береді.

Ал шаруа дегеніңіздің шегі жоқ тегі.

«Орта өзек» қыстауына газет, журнал жеткізілмей қалыпты. Өзінің рациясы, қонақ үйі, ауруханасы, қызыл мүйісі бар әрі шопандардың үйі бұмен жылытылатын қыстауға, газет, журнал жеткізуді проблемаға айналдырып жүрген кім екен? Дереу тексеріп, шұғыл шара қолданбаса болмас. Партком секретары Қыдуар Мертеновтың қолдары телефон трубкасын қапсыра ұстайды. Өйтпесе бола ма. Бұқараға газет, журнал жеткізу — бұл поchtаның, я жеке поchtашының ғана жұмысы емес, партиялық жұмыс.

Халық театры қайда кетті? Бір кездері бүкіл ауыл, аудан әлемін дүбірлеткен, сөйтіп еңбекшінің эстетикалық талғамын ұштауға үлес қосқан театр емес пе еді ол?

Театрға мықты режиссер керек!

Парторг ертеңінде колхоз басқармасының алдына мәселе қойды. Халық театрын қалпына келтірмесе болмайды.

Колхоз басқармасы осыдан соң көп ұзамай режиссер мәселесін де шешті.

Әлгіде бір жолдас келіп «Сөйлейтін стенд» жайын сөз етіп кетті. Еңбек адамын жақсылыққа, өнегелі іске, озаттыққа тәрбиелеуде колхоз партия комитеті әсіресе көрнекі үгітке айрықша мән береді. Өйткені көрнекі үгіттің сауыншыға, қызылшашыға, мұрабқа, шопанға және басқа еңбек адамдарына әсері ерекше. Белгілі бір озат адамның, мәселен, колхоздың майталман сауыншысы, СССР Жоғарғы Советінің депутаты Шайбала Тергеуованың, я болмаса атақты қызылшашы Владимир Бубольцын жинақталып, қалыптасқан жақсы тәжірибесін көрнекі құралсыз ауызекі де таратуға болар еді. Бірақ оның былайғы жұртқа етер әсері, жасар ықпалы дәл анау айтқандай болмас еді. Сондықтан колхоз партия комитеті озат тәжірибені таратудың, жалпы насихат жұмысының көрнекі болуына баса назар аударады. «Көрнекілікке не жетсін, көрнекілік үгіт-насихаттың жаны ғой!» — дейді олар.

Сонан да болар, былтыр парторг Кубаньға да барып қайтты, әйгілі устьлабиндік диқандарда болды. Алыстағы атақты елге бұл тектен-тек бару емес, бұқаралық-саяси жұмыстың өздерінде жоқ тансық жақтарын іздестіру, жақсы нәрседен үйрену, жақсы тәжірибені қабылдау, алмасу сапары еді. Оның үстіне Кубаньда астық көп, мал күйлі, қызылша өнімді. Соның бәрі, бір жағынан, еңбеккерлердің қажырлы күресімен келіп жатса, екінші жағынан, жергілікті партия ұйымдары жүргізіп отырған бұқаралық жұмыстардың жемісі екен. Қ. Мертенов «Сөйлейтін

стенді» сол Устьлабин ауданына қарасты «Кубань» колхозының клубынан алып қайтқан еді.

Енді міне сол «стенд» мәселесінің өзі бүгін бұқараны өнімді еңбекке шақыратын колхоздағы өзекті істің біріне айналып отыр.

— «Сөйлейтін стендте» Шайбала сөйледі, Владимир сөйледі, сауыншы Анна Бебер, машина-трактор мастерскойының меңгерушісі Григорий Гладышев сөйледі. Трибунада енді кімге сөз берсек екен? Мүмкін, озат шопандарды шақырармыз.

Бұл тілектен кейін секретарь шаруашылық экономикасына ойша сапар шегіп кетеді. Ірі қараның саны өсіп келеді. Былтыр колхоздың бас зоотехнигі Ян Францевич Разбицкий Эстониядан екі жүз ала сиыр әкеліп, малды асылдандыру жөнінде біраз жұмыс істеп тастады. Ірі қараның өнімділігін арттыруда зоотехник Ошпай Ақыловтың қызметі өз алдына бір төбе. Биыл колхоз әр жүз саулықтан 126 қозы алды. Озат шопандар Ысқабек Ақсақалов, Әбу Имағамбетовтардың етарындағы көрсеткіштерге көңілің толмай қоймайды.

Осылардың бәрін оймен топшылай келеді де, секретарь қызылшашылардың еңбегіне айрықша тоқталады. Бір Талдықорған ауданында ғана емес, бүкіл Алматы облысындағы қызылша өсіретін шаруашылықтардың ішінде КПСС XXII съезі атындағы колхоз биыл көш озық болды. Қызылшаның түсімі жоспарланған төрт жүз центнердің орнына әр гектардан бес жүз центнерден асып түсті. Бір мың гектар егістіктен алынған қызылша 88 000 центнер қант деген сөз. Енді колхоздағы партиялық-саяси жұмыс осындай тәжірибені көп игілігіне айналдыруы керек-ақ қой.

— Бізде жақсы-жақсы адамдар да көп, табыс та мол, соған орай тәжірибе де баршылық, — деді Қыдуар енді ойын бір жерге қорытып. — Осылардың бәріне де рет-ретімен көңіл бөліп отырмасақ болмайды. Біз бірде озат шопандарымызды, бірде жақсы мамандарымызды сөйлетсек, бірде бүкіл бригада, фермаларды көп алдына алып шығуға тиіспіз. Ал бұл жолы қызылшашыларға сөз берейік. Ауа райының қуаң болғанына карамай ала жаздай айтулы еңбек еткен, сөйтіп күзге қарай ат басындай қызылша өсіріп, оны ысырапсыз жинап алған «тәтті тамыр» иелерін ардақтайық.

Сонан кейін «Сөйлейтін стендке» қызылшашылар шығады. Мұның өзі жанды десе жанды стенд. Колхоз суретшісі, партком секретарының орынбасары Леонид Пак ең әуелі жарыс озатының еңбек үстіндегі суретін салады. Ол суреттің айналасына электр шамы жағылады. Стендтің аржағынан радиоқабылдағыш арқылы еңбек озатының магнитофонға жазылып алынған сөзі беріледі. Сонда клуб залында отырған адамдардың көз алдында я қызылшашының, я шопанның, я сауыншының өзі сөйлеп тұрғандай әсер етеді. Тіпті риза болған жұрттың қол шапалақтап жіберетін сәттері де жиі кездесіп жатады.

— Қазір алты жүз қырық орындық Мәдениет сарайы салынып жатыр, — дейді Қ. Мертенов. — Сол пайдалануға берілген соң бұл стендіміздің көлемін де ұлғайтамыз, мазмұнын да жақсартпа түсеміз.

Колхозда бес цехтық партия ұйымы бар. Бесеуі де бұқараны күнделікті күреске шақыратын, КПСС Орталық Комитеті март, сентябрь Пленумдарының шешімдерін жүзеге асыруға бастайтын нағыз айбынды топ. Бейнелі сөзбен айтқанда бұлар аумағы үлкен алып механизмнің бір-бір тетігі тәрізді. Егер сол механизмнің қайсыбірінен ақау табылса, бұл тетіктерді де сол арадан көресіз. Шаруашылықта кездесіп жататын кемшілік бұл бесеуінің көзінен таса қалмайды; күн сайын туындап, өмірге талпынып жататын жаңалықтар да осылардың қолдау-көмегімен тамыр жайып, бүкіл шаруашылыққа тарайды. Қант қызылшасын өсірудің жаңа технологиясын меңгерген, сөйтіп жыл сайын бұл

дақылдан мол өнім алып жүрген Владимир Бубольц, әр жүз саулықтан жүз елуге тарта қозы алып жүрген шопан Ысқабек Ақсақалов, өткен жылы өздеріне бекітіліп берілген 110 гектар қызылшаның әр гектарынан 550 центнерден өнім алып, тек осы арқылы ғана колхозға жүз мың сом табыс келтіріп отырған звено бастығы Шәйгүл Сыздықбаева сияқты ондаған еңбек озаттарының қалыптасқан жақсы тәжірибесі колхоз басқармасы мен партия ұйымы үшін таптырмайтын асыл қазына. Сол қазынаның бар байлығын орны-орнымен пайдалана біл. Сонда ғана ісін алға басады, қадамың құтты болады, атқарған еңбегінің жемісі мол болады. Қоңыр күзде құйылған көп табысқа қарай отырып, сол табыстың колхоз басқармасы, партия комитеті сонау көктемде, жаз ортасында, тағы басқа кезеңде жүргізген, жүзеге асырған игілікті жұмыстарының нәтижесі ғой дейсін.

Күнделікті өмірдің өзінен алынған, мәселен, қызылша егісінен, алыстағы мал жайылымынан, я болмаса товарлы-сүт фермасынан алынған фактілерге құрылған үгіт — шын мәнісінде пәрменді үгіт. Мұның тақырыптық шеңбері тар болып, үйрету, оқыту, тәрбиелеу, баулу формасы ылғи бір түрде, бір қалыпта жүріп отырса, ол тағы келіспейді. Адамдар жалғарып, кейде айтар сөзінің өзі жаттаңдылыққа барып саяды.

Партия комитеті мәселенің бұл жағын да ескермей отырған жоқ. Ең әуелі ұйымда тұратын жүзге жуық коммунистің сексені үгітші екен. Сексен үгітші миллионер шаруашылықтың сексен түрлі объектісінде жүреді. Олар өткізілетін әңгіменің мазмұнын толықтырып, байытатын мысалдармен қаруланар алдында партия комитетінен тиісті нұсқау, кенес алады. Мұндай кеңесті ауыл мектебінің тәжірибелі, білімді мұғалімдері, колхоздың саяси даярлығы жеткілікті басшы мамандары береді. Ал үгітшілер саяси жұмыстың жана түрлерін, әдістерін іздестіріп, шебер қолданып отырады.

— Сондай жаңа форманың бірі, — дейді К. Мертенов жолдас, — радиогазет. Ол айына екі рет шығады. Редакторы аға бухгалтердің көмекшісі Маташ Ермұхамбетов, редакторының орынбасары инженер-электрик Ғабдолла Мәнісов жолдас.

Газеттің бұл түрі арқылы жақсы тәжірибе мен басқалар ғибрат аларлық өнегелі, үлгілі істермен қатар еліміздің сыртқы жағдайы да, адамның денсаулығы мен ауылды көркейту, табиғатты жасандыра беру, баланы семьяда, мектепте, басқа да қоғамдық орындарда тәрбиелеу мәселесі де кеңінен сөз болады.

Бір жолы осы газет арқылы колхоз ауруханасының бас дәрігері Асылхан Жұматаев сөйледі. Дәрігердің денсаулық жайлы айтқан әңгімесінен кейін газет редакциясына еңбекшілерден қаншама тілек түсті десенізші! Колхоз мектебінің мұғалімі Талқанбай Сапиевтің «Халықаралық жағдай туралы», Шұбар ауылдық Советінің секретары Дәукеи Естемісовтың селоны көгалдандыру туралы оқыған лекциялары жұрттың әлі көкейінде.

Колхоз радиоторабы тек радиогазет шығару үшін емес, концерт беру, басқа хабарландыру, жарнамалар айту үшін де пайдаланылады. Колхозда сиырдың сүттілігін арттыратын жылжымалы агрегат бар. Оны жасаған сол ауылдың өнер тапқыш жаңашылы Япе Готлиб. Шаруашылық бойынша үстіміздегі жылдың тоғыз айында жоспардағы 2,4 мың килограмм орнына үш мың килограмм сүт сауылуы осы агрегаттың арқасы. Өндірістегі осындай жаңалықты тарату ісін де радиогазет қызу қолға алып отыр. Сонымен қатар мұнда әр маусымның өз мерекесі бар. Мәселен, қыс аяғы жіңішкеріп, көктем толық кемеліне келген шақта «Механизатор күні» өтеді. Ел жайлауға бет алған кезде «Шопан күні», жаз ортасында «Сауыншы күні», алтын күздің соңын ала сабан-той, «Қызылшашы күні» тойланады. Ауылдағы мұндай шат-шадыман шақтарда радиогазет қызметі де молая түседі.

Өндірісте еңбек өнімділігінің артуы, егіншілік мәдениетінің жақсарып, ауыл шаруашылық дақылдарынан тұрақты әрі мол өнім алынуы сайып келгенде еңбек адамының тәжірибесімен бірге біліміне де байланысты. Колхоздың, я совхоздың бүгінгі өндірісін білімсіз, кара дүрсін, жалаң әкімшілікпен басқаруға болмайды. Егер сенің бір дәнді мың дән етіп қаулатқың келеді екен, ең алдымен агрономиялық ғылым негіздеріне жетік бол. Егер сен жүз саулықтап алынар төлді екі-үш есе көбейткің келеді екен, зоотехниялық-малдәрігерлік қағидаларды бес саусағыңдай жақсы біл. КПСС Программасында айтылғанындай, қатардағы егіншіні ғалым-агроном дәрежесіне, бүгінгі малшыны, шопанды, сауыншыны жоғары білімді зоотехник дәрежесіне дейін көтерудің мәні-мағынасы да осында. Жергілікті партия ұйымдары үгіт-бұқаралық жұмыстың барлық құралдарын тиімді пайдалана отырып, еңбекшілердің экономикалық білімін, ой-өрісін, рухани дүниесін байыта беруге борышты.

КПСС XXII съезі атындағы колхозда партия ұйымының ынтасымен құрылған ауыл шаруашылық университетінің қызметі осы міндетті абыроймен орындауға бағытталған.

Университеттің сабағы айына екі рет өтеді. Партия комитеті университет ректорлығына Қ. Мертенов жолдасты, ректордың орынбасары етіп колхоз председателі, ауыл шаруашылық ғылымының кандидаты, Социалистік Еңбек Ері Қ. Асанов жолдасты бекіткен.

Университет сабағына жетекші мамандар ғана емес, қарапайым колхозшылар да, еңбек озаттары да белсене қатысады.

Университеттің тұңғыш сабағын карт қызылшашы, Социалистік Еңбек Ері Ақық Нұрмамбетов ашқан еді.

— Оқығанға, білім алғанға не жетсін, шырақтарым, — деген-ді дикан-ата. — Ауылымыздан ашылып отырған бұл жаңалыққа бәріміз белсене қатысайық. Жұмыла кіріссек, айтатын әңгімеміз де көп, өзара алмасатын білім, тәжірибеміз де көп. Іске сәт болсын, шырақтарым!

Сонан бері мұнда егістікті өңдеу, күту, суару, малдың қондылығын, сиырдың сүттілігін арттыру сияқты өзекті мәселелер бойынша талай-талай сабақ өтті. Бір сабақта өзінің сүтті мол сауудағы тәжірибесі жайлы Шайбала Тергеуова әңгіме айтып берді. Сабаққа қатысқандар озат сауыншыға көптеген сұрақтар берді. Тағы бір ретте «Егістіктің сүйем жері мен бір килограмм тыңайтқыш», «Түнгі суару мен күндізгі суарудың ерекшеліктері», «Алатау» тұқымдас сиырдың еті мен сүті» деген тақырыптарда келелі әңгімелер болды.

...Секретарьдың кабинетіне кіріп, шығып жатқандар толастар емес. Партия комитетінің активтері колхозды ауылдың тұс-тұсына қыстаудағы малшыға, іргедегі бригадаларға арнаулы тапсырмалар алып аттанып жатыр. Сонын бәрін көз алдымыздан өткерген біз де: «Колхоз партия ұйымы молшылық жолындағы күрес майданының нағыз жауынгерлік штабы, бұқараның ұйтқысы екен» деген ойға оралдық.

Н. ШӘКЕЕВ.

Партияның XXII съезі атындағы колхоз,
Талдықорған ауданы, Алматы облысы.

ҮГІТШІЛЕР КОЛЛЕКТИВИ ТУРАЛЫ

Жамбыл облысындағы Свердлов ауданының «Жасөркен» совхозынан коммунист С. Есжанов «Үгітшілер қалай іріктеледі? Үгіт коллективіне партия ұйымының секретарынан басқа кісіні жетекші етіп тағайындауға бола ма? Осы жөнінде толығырақ түсінік берсеңіздер екен» деп сұрайды.

Бұқара арасында үгіт жұмысын жүргізу үшін партия ұйымы саяси сауатты, көпшілік арасында беделді, өндіріс жайын жақсы білетін жолдастардан үгітшілер тобын бекітеді. Үгітшілер үнемі еңбек адамдарымен бірге болып, әңгімелесіп, олардың күнбе-күнгі талап-тілегіне үн қатып отырады. Сондықтан үгітшілерді негізінен тікелей бригадаларда, фермаларда істейтін адамдардан іріктейді.

Тек жалынды сөзімен емес, қажырлы еңбегімен де жақсы өнеге көрсете алатын үгітшілер көбірек нәтижеге ие болады. Егер үгітшінің сөзі мен ісінің арасында алшақтық болса, оның еңбекшілер алдында беделі де, ықпалы да болмайды. Демек, үгітшілікке еңбекте озат, тұрмыста ұстамды, өнегелі адамдардан іріктеп тағайындау керек. Үгіт жұмысына басшы қызметкерлер мен мамандарды ғана емес, өндіріс озаттары мен жаңашылдарын, жолдастарына беделі бар үздік колхозшыларды, жұмысшыларды көбірек тартқан мақұл.

Үгітшілерді партия бюросының мәжілісінде, ал шағын коллективтерде партия жиналысында бекітеді. Мұндай әдіс үгітшілердің жауапкершілігін арттырады. Бұрынырақ үгіт коллективін әдетте партия ұйымының секретары ғана басқаратын. 1958 жылдан бастап ол тәртіп өзгерді. КПСС Орталық Комитеті үгіт коллективінің жетекшісі етіп партия ұйымының секретарымен қатар даярлығы бар басқа коммунистерді де тағайындауға болады деп көрсетті.

Үгіт коллективінің жетекшісі үгітшілердің күнделікті жұмысын бағыттап, қай тақырыпта әңгіме өткізу керектігі жөнінде ақыл-кеңес айтып, жәрдемдесіп отырады. Белгілі бір мәселені талқылап, жұмысты қорытып, жоспар белгілеп, пікір алысу үшін үгітшілер оқтын-оқтын бас қосып тұрады.

Үгіт коллективінің нәтижелі жұмыс істеуі үгітшілердің даярлығына байланысты. Сондықтан партия бюросы оларды үнемі оқытып, үйретіп отыру жөнінде қамқорлық жасауға, партияның ішкі-сыртқы саясаты, шаруашылық және мәдениет құрылысы міндеттерінің орындалу барысы, кәсіпорындардың, колхоздардың, совхоздардың алдында тұрған нақты міндеттер туралы хабарлап, таныстырып отыруға тиіс. Сол мақсатта ол арнаулы семинарлар ұйымдастырады, кенестер, кездесулер өткізеді. Көп жерлерде үгітшілердің тұрақты мектебі жұмыс істейді. Ондай мектепте үгітшілер өздерінің идеялық-саяси дәрежесін көтереді, өндіріс экономикасы жөніндегі білімін жетілдіреді, адамдармен жұмыс істеу өнеріне жаттығады, әңгіме өткізуге керекті материалдар алады, фактілер мен цифрларды, көркем әдбиетті, көрнекі құралды пайдалану, әңгімені жүйелі өткізу әдістерін үйренеді.

НАҚТЫ ЖАҒДАЙ ЕСКЕРІЛЕДІ

Алматы облысындағы Панфилов ауданының «Красный Восток» колхозынан КПСС мүшесі Е. Отыншиев жолдас редакцияға жолдаған хатында былай деп жазады: «1964 жылғы декабрьде «Красный Восток» колхозындағы Крылов орта мектебінің партия ұйымы мені КПСС мүшелігіне кандидат етіп қабылдаған еді. Денсаулық жағдайыма байланысты 1965 жылғы июльден бастап колхозға ауыстым. Сол колхоз партия ұйымында есепте тұрамын. Қазір менің кандидаттық стажым толды. Осыған байланысты мен КПСС мүшелігіне өту үшін кепілдемені кімнен алуым керек? Бұрынғы қызмет істеген жерімнен (мектептен) бе немесе колхоз коммунистерінен бе?»

Құрметті Отыншиев жолдас! Партия мүшелігіне кандидат кісі дәлелді себеппен басқа ұйымға ауысса, кандидаттық мерзімі өткеннен кейін бұрынғы қызмет істеген жеріндегі КПСС мүшелерінен кепілдеме алуға праволы. Оның үстіне сіздің бұрын қызмет істеген мектебіңіз қазір өзіңіз тұратын «Красный Восток» колхозының ішінде. Демек, мектеп коммунистері бұрын сізді қалай білсе, бүгін де солай білуіне толық мүмкіндік бар. Сондықтан сіздің олардан кепілдеме алуыңызға болады. Бұл жағдайда колхоз партия ұйымы сіздің мұнда келгеніңізге жыл толмаса да КПСС мүшелігіне өту туралы арызыңызды қарай береді. Егер қажет деп тапса, мектеп партия ұйымынан сізге мінездеме сұратып алады.

Ал егер әр түрлі себеппен мектеп коммунистерінен кепілдеме ала алмасаңыз, онда колхоз партия ұйымы мұнда ауысқаныңызға бір жыл толғанша сіздің партия мүшелігіне өтуіңіз туралы мәселені қарамай қоя тұрады. Сол мерзім өткен соң сіз КПСС мүшелігіне өту үшін колхозда бірге қызмет істейтін коммунистерден кепілдеме сұрай аласыз.

Әрине, партия ұйымының мұндай жеңілдік жасауы үшін сіз өндірісте де, тұрмыста да жақсы істеріңізбен көрініп, қоғам жұмысына белсене қатысуға міндеттісіз. Партиялық тапсырманың қандайын болса да адал орындап, колхоз коллективінің, коммунистердің сеніміне ие болуыңыз керек.

Кепілдемеге байланысты тағы бір ескеретін жай мынау. Әдетте коммунистің берген кепілдемесі бірнеше ай күшін сақтайды. Бірақ бұған сүйеніп кепілдемені ерте бастан, кандидаттық мерзім таусылмастан бір-екі ай бұрын алып қоюға болмайды. Рас, кандидаттың кепілдеме беретін КПСС мүшесімен алдын ала келісіп қоюына еркі бар. Ал кепілдеме іс жүзінде кандидаттық мерзім өткеннен кейін, мүшелікке қабылдауға қатысты басқа документтер реттелген кезде жазылып, солармен бірге тапсырылуға тиіс. Сонда ғана кепілдеме кандидаттың сынақ мерзімін қалай өткенін дәлірек анықтауға көмектеседі.



МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ТЕОРИЯСЫН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

✓ Лениндік социалистік революция теориясы және қазіргі заман

Маркстік-лениндік ілімнің неғұрлым актуальді проблемаларының бірі лениндік социалистік революция теориясы болып табылады. Қазіргі жағдайда оның теориялық және қоғамдық саяси маңызын біздің дәуірдің — адамзаттың капитализмнен социализмге өту дәуірінің сипатының өзі, азаттық күресінің нақты тілектері орасан күшейтіп отыр. Осы өтудің неғұрлым түйінді заңдылықтарын ашып беретін лениндік социалистік революция теориясы қазіргі жағдайда жұмысшы табының дүниені революциялық жолмен социалистік негізде қайта құру күресіндегі айбынды қаруы болып алды. КПСС XX — XXII съездерінің шешімдері мен Программасында, дүние жүзілік коммунистік және жұмысшы қозғалысының программалық документтерінде бұл теория творчестволық жолмен онан әрі дамытылған. Осының бәрі саяси оқу жүйесінде бұл тақырыпты оқып-үйренуді өте керек етеді.

Семинар сабақтарында оқып-үйренуде бұл тақырыптың ең түйінді мәселелерін төмендегіше үш тарау етіп бөлген жөн:

1. К. Маркс пен Ф. Энгельстің социалистік революция теориясының негіздерін салуы; В. И. Лениннің оны творчестволық жолмен дамытуының тарихи жағдайлары.

2. Лениндік социалистік революция теориясының негізгі проблемалары мен құрамды бөліктері; оларды қазіргі дәуірде дүние жүзілік жұмысшы қозғалысында қолдану.

3. КПСС шешімдері мен халықаралық коммунистік қозғалыстың программалық документтерінде лениндік социалистік революция теориясының творчестволықпен дамытылуы. Лениндік социалистік революция теориясының тарихи маңызы.

*
*

Социалистік революция теориясының негіздерін К. Маркс пен Ф. Энгельс салған болатын. Марксизмнің негізін қалаушылар өздерінің еңбектерінде адамды адам езушілігінің соңғы түрі капитализмге аса терең талдау жасап, пролетариаттың тарихи миссиясын — ол қанаушылық құрылысты құртушы болып табылатынын анықтады, социалистік революцияның барысында капитализмнің күйрегіні даусыз екендігін дәлелдеді.

К. Маркс пен Ф. Энгельс мынаны көрсетті: пролетариаттың капиталистік қоғамды революциялық жолмен социалистік қоғамға айналдыруындағы процесте пролетарлық бірлік болуының және пролетарлық дербес партиялар құрудың маңызы аса зор. Пролетариат, деп көрсетті олар, ұлт шеңберінде ғана емес, бүкіл халықаралық келемде өз қатарының бірлігі үшін күресуге тиіс. Таптық партиясы, саяси өкімет билігін орнату жолындағы жеңімпаз күреске еңбекші бұқараны әзірлейтін партиясы болмайынша пролетариаттың буржуазияны жеңуі мүмкін емес.

Марксизмнің негізін қалаушылар революцияны авантюристік ойыншыққа айналдырушылыққа үзілді-кесілді қарсы болды. Олар пролетарлық революционерлердің міндеті мынада деп білді: экономикалық және саяси мұқият талдау негізінде революциялық процестің әртүрлі кезеңдегі даму өрекшеліктерін дұрыс анықтай білу керек және соған сәйкес пролетариаттың азаттық жолындағы күресінің стратегиясы мен тактикасын анықтап алу керек.

Маркс пен Энгельс монополистік капитализмнен бұрынғы дәуірде, социализмнің жеңуіне керекті объективтік және субъективтік алғы шарттар әлі пісіп-жетілмеген кезде өмір сүрді. Кейін, К. Маркс қайтыс болғаннан бергі жерде, Ф. Энгельс 1848 жылғы революция да, Париж Коммунасы да еуропалық елдердің экономикалық дамуы капиталистік құрылысты революциялық жолмен құлатуға қажетті дәрежеге жетуден әлдеқайда төмен жатқанын көрсетті деп жазды¹. В. И. Ленин де осыны айтты. 1915 жылы «Социализм және соғыс» деген еңбегінде ол кісі Париж Коммунасы тұсында жұмысшы табының жеңуіне қажетті объективтік шарттар да, субъективтік шарттар да әлі жоқ еді дегенді атап көрсетті. «Бұдан жарты ғасыр бұрын, — деп жазды ол кісі, — пролетариат тым әлсіз еді, социализмнің объективтік жағдайлары әлі пісіп-жетілген жоқ еді...»².

¹ К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 22-том, 535-537-беттер.

² В. И. Ленин. Шығармаларының толық жинағы, 26-том, 325-бет. Қазақша, 21-том, 317-бет.

Капиталистік қоғамның XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі дамуын жан-жақты талдау негізінде В. И. Ленин «Империализм—капитализмнің жоғарғы сатысы» (1916 ж.)³ деген еңбегінде жеңімпаз социалистік революция жасауға капитализм тек империализм дәуіріне енгенде ғана пісіп-жетілгенін дәлелдеп борді.

Социалистік революция теориясын жасауда Маркс пен Энгельстің үздіксіз (перманент) революция және пролетарлық революцияны шаруалар соғысымен ұштастыру жайындағы данышпандық идеялары аса маңызды роль атқарды. Социалистік революция, деп көрсетті Маркс пен Энгельс, пролетариат диктатурасын орнатумен аяқталуға тиіс, ол диктатура капиталистік өндірістік қарым-қатынастарды жоюда да, социалистік құрылысты бекіндіріп, дамыту жолындағы күресте де шешуші роль атқаруға тиіс.

Осы негізгі марксистік қағидаларды қарастырғаннан кейін бұл тараудың екінші мәселесін — В. И. Лениннің социалистік революция теориясын творчестволықпен дамытуының тарихи жағдайларын оқып-үйренуге кошу қажет. Бұл мәселені анықтау ісі тыңдаушыларға капитализм дамуының империалистік сатысының негізгі ерекшеліктерін түсіндіруден басталуға тиіс.

Капитализм дамуының жоғарғы және ақырғы сатысы — империализм басталуымен капиталистік тіректердің шіру дәуірі, революциялық зор сілкіністер мен дүние жүзілік соғыстар дәуірі басталды. Капиталистік системаның социалистік революция жасауға пісіп-жетілгені ең алдымен пролетариаттың азаттық күресі күшеюінен айқын көрінді. Шаруалар, езілген халықтар, еңбекшілердің басқа да пролетар емес жіктері көтерілді. Жеке елдердің, ең алдымен Россияның пролетариат бас болған еңбекші бұқарасы үздіксіз өршіген әлеуметтік шайқастарда дүние жүзіне өзінің айбынды революциялық мүмкіндіктерін, күресе де, жеңе де білетіндіктерін көрсетті. Пролетарлық революция капиталистік қоғамның қақпасын қиратуға төніп келді.

Революциялық практика революциялық теория алдына жаңа сұрақтар қойды, оларға өздерінің революциялық теориясын монополистік капитализмнен бұрынғы дәуірде жазған Маркс пен Энгельстің ілімінде жауап берілмеген болатын және берілуі мүмкін де емес еді. Империализм тұсында өмірдің өзі алға қойған, революциялық азаттық күресінің көкейтесті мәселелеріне толық жауап берген В. И. Ленин болды. Меньшевиктерге, троцкистерге, II Интернационалдың оппортунистеріне қарсы қажырлы күресте ол кісі маркстік социалистік революция теориясын барлық жағынан дамытып, жаңа қорытындылармен, қағидалармен байытты, сапа жағынан жаңа сатыға көтерді. В. И. Лениннің еңбектерінде маркстік социалистік революция теориясының дамытылғаны сонша, оның лениндік теория деп аталып кеткені өбден орынды. Осы теория жасалуымен байланысты халықаралық пролетариат айбынды идеялық қаруға ие болды, онсыз капиталистік езгіден азат болу жолында жеңімпаз күрес жүргізу мүмкін емес еді. Тақырыптың бірінші тарауы жөніндегі сабақтарға әзірленгенде Ю. А. Красиннің «Лениндік социалистік революция теориясының кейбір методологиялық проблемалары туралы» («Вопросы истории КПСС» журналы, 1961, № 9) деген мақаласындағы материалдарды пайдаланған жөн.

* * *

Екінші тарау сабағын лениндік социалистік революция теориясының жалпы ұғымын талдаудан бастаған абзал. Кейде бұл теорияны социализм әуелінде бірнеше немесе жеке алынған бір елде жеңу мүмкіндігі туралы В. И. Ленин жасаған қорытынды деп түсінушілік бар. Дау жоқ, бұл данышпандық жаңалық лениндік социалистік революция теориясынан аса маңызды орын алады. Дегенмен бұл жаңалықтың бір өзі ол теорияның мазмұнын түгел қамти алмайды.

Лениннің теориясы дүние жүзілік социалистік революция теориясы болып табылады. Асылында, ол өзі пролетариаттың барлық елдерде жеңуі жайындағы, бүкіл дүние жүзін революциялық жолмен қайта құру жайындағы тұтас бір ғылым. Оның ең маңызды, өзара біте қайнаған құрамды бөліктері мыналар: азаттық қозғалысында пролетариат жетекшілігі туралы ілім, буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы теория, жеке елдерде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы ілім және бұқараны социалистік революцияға әзірлеу, революцияның толғағы жеткенін анықтау туралы лениндік нұсқаулар.

Сонымен қатар социализмге өту формаларының сан алуандығы жайындағы қағидалар мен революцияшыя пролетариаттың социалистік революциядағы стратегиясы мен тактикасы жайындағы ілім де осы лениндік социалистік революция теориясының құрамды бөліктерінің аса маңыздыларынан саналады. КПСС пен туысқан коммунистік және жұмысшы партияларының программалық документтерінде творчестволық жолмен жан-жақты дамытылған осы проблемалардың біріншісін біз консультацияның үшінші, қорытынды тарауында қарастырмақпыз, ал екіншісі, қиын болғандықтан және оған кіретін мәселелер көп болғандықтан, семинар сабақтарында оқып-үйренетін дербес тақырып етіліп, бөлек алынып отыр.

Лениндік социалистік революция теориясының құрамды бөліктерінің бірі азаттық қозғалысындағы пролетариат гегемониясы туралы ілім болып табылады. Осы ілімге

³ В. И. Ленин. Шығармаларының толық жинағы, 27-том, 299—426-беттер. Қазақша, 22-том, 191—320 беттер.

енген аса маңызды идеяларды — капитализмді пролетариат құртады, шаруалар соғысын социалистік революциямен ұштастыру қажет дегенді К. Маркс пен Ф. Энгельс анықтаған. Дегенмен ол кезде осы мәселелер жайында кеңінен теориялық тұжырымдар жасауға қажетті материалдар өмірде әлі құрала қоймаған еді, ал азаттық күресінің ертүрлі формаларына пролетариат басшылығы туралы проблема әлі практиканың тікелей міндетіне айналмаған болатын.

Империализм дәуірінде пролетариат гегемониясы туралы мәселе азаттық күресі практикасының ең басты мәселесіне айналды. Россиялық және халықаралық оппортунизмге қарсы мейірімсіз күресте В. И. Ленин пролетариат гегемониясы туралы ілімді әрі дамытып, қорғап қалды. Бұл ілім төмендегі еңбектерде неғұрлым кең дәлелденген: «Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» (1894 ж.), «Не істеу керек?» (1902 ж.), «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» (1905 ж.), «Мемлекет және революция» (1917 ж.), «Пролетарлық революция және ренегат Каутский (1918 ж.)», «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» (1920 ж.) және бірсыпыра басқа еңбектер.

В. И. Ленин жұмысшы табы бір өзінің күшімен таптық дұшпандарын жеңе алмайды деп үйретті. Жеңіске жету үшін ол ең алдымен азаттық қозғалысында гегемондыққа (жетекшілікке) жетуге тиіс: өз бойында халық бұқарасына саяси жетекші болу қабілетін қалыптастыруға, бұқараны буржуазиядан бөліп әкете білетін болуға, азаттық қозғалысының барлық немесе кейбір кезеңдеріне қатыса алатын таптар мен жұртшылық топтарының күллісін өз төңірегіне жинақтап, өзі басқаратын бірыңғай революциялық майданға топтастыру сияқты қиын іске жетік болуға тиіс.

Пролетариат азаттық қозғалысында өз гегемониясын іске асыруы дегеніміз ең алдымен еңбекші шаруамен революциялық одақ жасау, ұлт-азаттық күресін басқару, шаруалар бұқарасы мен езілген халықтарды буржуазия ықпалынан шығарып алу, сөйтіп олардың революциялық мүмкіншіліктерін түгелінен социализм жолындағы күрес мүддесіне пайдалану деген сөз. Социализм үшін күрестің әртүрлі кезеңдерінде жұмысшы табы бұған түрліше таптық күштерді тартуы, ол күштерді басқаруы керектігі жайындағы лениндік нұсқаулар пролетариат гегемониясы туралы ілімнің мазмұны болып табылады.

Пролетариат гегемониясының ең жоғары белгісі — еңбекшілердің барлық шайқастарын, бейсенді, батыл қимылдарын пролетариаттың революцияшыл партиясының басқаратындығы; мұны сабақтарда баса көрсеткен мақұл.

Біздің елде әуелі буржуазиялық-демократиялық, ал онан кейін социалистік революцияда пролетариат гегемониясы туралы ілім тыңғылықты қолданылды да, сол революцияларды жеңіспен аяқтауға жеткізді. Бұл ілім басқа да социалистік елдердің бәрінде ойдағыдай іске асырылды. Бұл ілім қазір капиталистік дүниедегі еңбекшілердің азаттық күресі практикасында да кеңінен қолданылуда.

Қазіргі заманда пролетариат гегемониясына жетуді едәуір жеделдете түсетін бір жағдай мынау: демократия мен бейбітшілік принциптерінен безген империалистік буржуазия өзінің әлеуметтік позицияларын барған сайын осалдата түсіп отыр. Әлеуметтік және экономикалық теңсіздік тұңғығы тереңдей түсті. Монополия бұғауы барған сайын төзгісіз ауырлап, ірі монополиялар мен халықтың барлық жіктері арасындағы қайшылықтар барған сайын мейлінше шиелене түсуде. Жұртшылықтың сан алуан жіктерін — жұмысшы табын, шаруаларды, интеллигенцияны, қаланың ұсақ және орташа буржуазиясын монополиялар үстемдігіне қарсы күреске топтастыруға керекті объективтік алғы шарттар жасалуда. Мұның өзі халықаралық көлемде капитализмнен социализмге өту ісін жеңілдететін азаттық күресінің әлеуметтік базасы кеңейе беруіне апарып соқпай қоймайды.

Осы тақырыптың екінші тарауындағы тағы бір өте маңызды мәселе — ол **буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы жайындағы лениндік теория**. Оны оқып-үйренгенде тыңдаушылар бұл теорияның революциялық қозғалыстағы пролетариат гегемониясы туралы идеямен ішкі байланысы терең екенін жақсы аңғаратын болуын көздеген жөн. Демократиялық революциядағы пролетариат гегемониясы сол революцияны социалистік революцияға ұластыратын, әуелі буржуазиялық-демократиялық, ал онан кейін социалистік өзгерістерді тыңғылықты жүргізетін күш болып табылады.

Ленин «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында және басқа еңбектерінде анықтап берген буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы теориясында революцияның демократиялық және социалистік кезеңдерінің арақатынасы туралы мәселе жаңаша шешілген. Одан бұрынғы жерде дүние жүзілік жұмысшы қозғалысында жеңген буржуазиялық және болашақ социалистік революциялар аралығында сөз жоқ ұзақ үзіліс болады, онда жұмысшы табы ұлттың көпшілігіне айналуда тиіс болады деген пікір үстем болып келген. Мұндай көзқарас пролетариатты буржуазиялық-демократиялық революция жеңгеннен кейін ұзақ уақыт күтіп, әрекетсіз жата беруге ұшырататын.

В. И. Ленин мынаны әбден дәлелдеп берді: пролетариаттың күші оның санына ғана байланысты емес, қайта көбінесе оның таптық саяси жағынан жетілуіне, ұйымшылдығына, революцияшыл пролетарлық дәстүрлерінің беріктігіне, жұмысшы табын басқаратын жауынгер марксистік партияның болуына байланысты. Елдегі халықтың шағын

ғана бір бөлегі болған Россия пролетариатында міне дәл осы қасиеттер түгелінен бар еді, сондықтан да ол дүние жүзінде тұңғыш рет жеңімпаз социалистік революция жасады.

В. И. Ленин азаттық күресі жұмысшы табының басшылығымен жүргізілген елдерде, жеңімпаз буржуазиялық-демократиялық революция мен болашақ социалистік революция арасындағы үзіліс ұзақ болмасқа тиіс екенін айқын дәлелдеп берді. Олар біртүзбектің екі буынына, қанаушылар біткенді бөлшектеп қиратып, әуелі пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасын, ал онан кейін пролетариат диктатурасын орнататын айбынды халықтық революцияның өрлеген бірыңғай процесінің стратегиялық екі кезеңіне айналады.

Буржуазиялық-демократиялық революциядан социалистік революцияға өтуді бастауға кірісу үшін қандай шарт керек? «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітабында В. И. Ленин бұған екі жағдай керек деді: біріншіден, пролетариаттың саналылығы мен ұйымшылдығы жеткілікті болуы, оны басқаратын партия болуы, ол партияның бұқараны социализм жолындағы батыл шайқастарға бастауға қабілетті болуы шарт, екіншіден, қала мен деревняның жартылай пролетар элементтерінің пролетариат төңірегіне берік топтасуы шарт¹.

Троцкийдің азаттық қозғалысының буржуазиялық-демократиялық кезеңінен аттап өтіп кету керек дегенін Лениннің қатты сынауының теориялық және практикалық маңызы зор болғанын семинар сабағында атап көрсету қажет. В. И. Ленин троцкистердің мұнысы реакциялық көзқарас екенін әшкерелеп, бұл пролетариат шаруалармен одақтаспай, буржуазиялық-демократиялық және социалистік революцияларды жұмысшы табы жалғыз өз күшімен бірден іске асыруы керек дейтін апатты, сектанттық, авантюристтік жолға итермелейтінін айтты. Троцкийдің топшылауы бойынша, Россия жұмысшы табы елдің өз ішінен одақтастар таппайды, сол себептен ол тек дүние жүзілік пролетариаттан ғана көмек күте алады. Троцкийдің мұнысы елдің өз ішінде социализм жеңісін қамтамасыз етуге қабілетті революцияшыл күштер барын жоққа шығару еді. (Насихатшылар бұл мәселе жөніндегі материалдарды С. Л. Титаренконың «Лениннің октябрьден бұрынғы кезеңде троцкизмнің ұсақ буржуазиялық мәнін әшкерелеуі» деген мақаласынан табады «Вопросы истории КПСС» 1965, № 6). Троцкистердің осы «теориясына» қарама-қарсы лениндік ұласу теориясы марксистік партияларды демократиялық міндеттерден аттап өтіп кетпеуге үйретеді, социалистік өзгерістерге керекті жағдайлар жасап, оны дер кезінде өткізу күресіне аса сақтықпен, мұқият әзірленуге үйретеді. Лениндік осы қағидаға сәйкес қазіргі заманда бірсыпыра шетелдердегі коммунистік партиялардың программалық документтерінде бірінші кезекке социализм үшін күресу міндеттері емес, қайта аграрлық, антиимпериалистік, антимонополистік революцияларға әзірлену және оны өткізу міндеттері қойылып отыр.

Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы лениндік теорияның өміршеңдігін еңбекшілердің азаттық күресінің күллі барысы айқын көрсетуде. Осы теория үш орыс революциясының бәрінде большевиктік партияның жеңімпаз стратегиясы мен тактикасына негіз болды, халық демократиясы елдерінің революциялық күрес практикасынан орын тепті. Лениндік ұласу теориясы капиталистік елдердегі коммунистік партиялар үшін жауынгерлік нұсқау болып отыр. Бұл теория оларды социализм үшін күресті демократия жолындағы күреспен дұрыс ұштастыра білуге, халық бұқарасының бейбітшілік жолындағы, буржуазиялық-демократиялық бостандыққа жету, оны баянды ету, кеңейту, түбегейлі социалистік өзгерістер жасау жолындағы ұлы қозғалысын шебер ұштастыра білуге үйретеді.

Россияда социалистік революция жеңуімен байланысты буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы теориясын қолдану шеңбері әлшеусіз кеңейді. Ұлттық-азаттық қозғалыстары дүние жүзін социалистік жолмен қайта құру күресінің құрамды бөлігіне айналды, сөйтіп, В. И. Ленин үйреткендей, езілген халықтар отаршылдар мен феодалдардың бұғауын бұзып, пролетариат, жеңіске жеткен елдердің көмегі арқасында, дамудың капиталистік сатысына соқпастан, социалистік өзгерістер жасау жолына түсуге мүмкіндік алды.

Үстіміздегі дәуірде капиталистік елдердегі коммунистік және жұмысшы партиялары өз жұмыстарында социализм үшін күресті демократиялық өзгерістермен, бейбітшілік жолындағы күрес міндеттерімен, халықтардың ұлттық-азаттық қозғалысын өркендетумен қалай ұштастырып отыр деген сұрақтарға жауапты тыңдаушылар мыналардан табады: «Халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысы» деген кітап (екінші басылуы, 248—287-беттер), «Капиталистік елдерде пролетариаттың таптық күресі» («Политическое самообразование» журналы, 1964, № 8); А. Сиволов. Латын Америкасы елдеріндегі азаттық күресінің кейбір мәселелері (сол журналда, 1964, № 12); «Капитал елдеріндегі жұмысшы күресінің қазіргі заманғы кезеңі» («Коммунист», 1965, № 2); Лео Фигер. «Француз коммунистерінің нағыз демократия жолындағы күресі» («Коммунист», 1965, № 14).

Социализмнің әуелінде бірнеше елде немесе жеке алынған бір елде жеңу мүмкіндігі туралы лениндік теорияны оқып-үйренгенде төмендегі мәселелерді ерекше ес-

¹ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 37-том, 305—316-беттер. Қазақша, 28-том, 228—239-беттер.

керген жөн: а) капитализм дамуының өркелкілігі; б) империализм тізбегіндегі осал буын; в) жеке елдердің бөлініп шығуы процесінде капиталистік системаның күйрейтіні және жеке елдерде социализмнің жеңетіні туралы.

Социализмнің әуелінде жеке алынған бір немесе бірнеше елде жеңуі мүмкін деген қорытындыны В. И. Ленин дүние жүзілік бірінші соғыс жылдарында тұжырымдады. Одан бұрын марксистер социалистік революция барлық елдерде немесе өркендеген капиталистік елдердің көпшілігінде бір мезгілде жеңуі мүмкін деген пікірді түгел қуаттап келген болатын.

Жеке елдердің пролетариатын күресте енжарлыққа ұшырататын осы қате көзқарастарға өсіресе түрліше оппортунистер қатты жармасты. Осы тұжырымды дәріптеген социал-демократия басшыларын әшкерелей келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Мен білемін, өздерін өте ақылды санайтын және тіпті өздерін социалист деп есептейтін данышпандар, өрине, баршылық, олар қашан барлық елде революция болғанға дейін өкімет билігін қолға алмау керек еді деп сжіктейді. Осылай деуімен олар өздерінің революциядан безіп, буржуазия жағына өтіп кеткендерін сөзбейді. Еңбекші таптардың халықаралық көлемде революция жасауын күту — сол күткен қалпында жаппай тоқырап қалу деген сөз. Мұнда мағына жоқ»⁵.

Тарихи жаңа жағдайлар социалистік революцияға жаңаша қарауды талап етті. Міне осы жаңаша қарау социализмнің жеке елдерде жеңуі мүмкіндігі жайындағы лениндік теория болып табылады.

В. И. Ленин мынаны көрсетті: империализм тұсында капиталистік негізгі қайшылықтар — еңбек пен капитал арасындағы, империалистік державалар мен отарлар арасындағы және империалистік мемлекеттердің өз араларындағы қайшылықтар шегіне жете шиеленіседі, мұның өзі революциялық дағдарыстар туғызбай қоймайды. Империалистік дәуірдегі экономика мен саясатты талдау негізінде ол кісі капитализмнің экономикалық және саяси дамуының өркелкілігі заңын ашты.

Капитализм дамуының империалистік сатысында бұл өркелкілік мейлінше күшейіп, бір елдің екінші елдерден секірмелі түрде басып озуына айналады, сөйтіп бұл өзі бүкіл капитализм жүйесінің құлауын тездету факторына айналады. Капиталистік дүниеде бұрын салмақты орын алып келген кейбір озық ел экономикалық дамуын тоқтатады немесе құлдырата төмендетеді, сондықтан оларды бұрын екінші және үшінші дәрежеде болған елдер секірмелі түрде қуып жетеді немесе тіпті басып озады. Мұның өзі капиталистік державалар арасында күштердің арасалмағы өзгеруіне әкеліп соғады. Күшейіп келе жатқан капиталистік елдер өркендеген экономикалық күшінің көлеміне сәйкесетін базарлар, шикізаттар талап етеді, ал олардың ішіндегі ең күштілері дүние жүзіне үстемдік етуге тырысады. Империалистік державалар арасындағы қайшылықтар өлшеусіз ұшығады, мұның өзі жиі-жиі империалистік соғыстар туғызып, монополистік капиталдың күштерін әлсіретеді, азаттық қозғалысымен күресте олардың ынтымақтасуына бөгет болады, сөйтіп революцияшыл пролетариат империализм майданын оның неғұрлым талмау буынынан бұзуына жол ашады. Сонымен революцияшыл пролетариаттың жеңімпаз азаттық күресі үшін халықаралық қолайлы жағдай жасалады.

Екінші жағынан, өркелкілік күшеюі жеке елдерде социалистік революцияның ішкі алғы шарттары пісіп-жетілуін тездетеді. Дамудың өркелкілігі тек елдерге ғана емес, капиталистік елдердегі жеке кәсіпорындарға, өнеркәсіптің жеке салаларына, облыстар мен аудандарға да тән нәрсе. Өркелкілік таптық қайшылықтарды, жалпы қанаушы таптардың, оның бержағында буржуазияның әртүрлі топтарының арасындағы қайшылықтарды өршітеді, сөйтіп жеке елдерде жұмысшы табының ішкі жауларын әлсіретеді.

В. И. Ленин «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақаласында (1915 жылғы август)⁶ социализм әуелінде азғана немесе тіпті жеке алынған бір елде де жеңуі мүмкін деген маңызды қорытындыға келді. Осы ашқан ұлы жаңалығын тереңдете, дамыта келіп, 1916 жылдың күзінде «Пролетарлық революцияның соғыс программасы»⁷ деген мақаласында В. И. Ленин бұл қорытындыны социализм барлық елде бір мезгілде жеңуі мүмкін емес деген қағидамен толықтырды. Ол кісі мынаны делелдеді: социалистік революцияның алғы шарттарының пісіп-жетілуі әртүрлі кезде болатындықтан, пролетариат жеңісі бүкіл дүние жүзінде бір мезгілде жасалатын іс ретінде болуы мүмкін емес.

Социализм әуелінде жеке елдерде ғана жеңуі мүмкін болса, сонда осы жеңіске жету үшін қандай жағдайлар ұштас келуі қажет?

Ленин пролетариат ең алдымен империализм тізбегінің талмау буыны болып табылатын елдерде жеңетінін анықтады. В. И. Ленин айтқандай, социализм әуелінде капиталистік даму жағынан бері дегенде орташа дәрежеден төмен емес елде (революциядан бұрынғы Россия дәл осындай ел болатын) жеңуі мүмкін, ал содан кейінгі жерде социалистік революция жеңген елдің көмегіне сүйеніп, басқа, тіпті мешеу қалған

⁵ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 36-том, 335-бет. Қазақша, 27-том, 372-бет.

⁶ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 26-том, 361—455-беттер. Қазақша, 21-том, 344—348-беттер.

⁷ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 30-том, 131—143-беттер. Қазақша, 23-том, 79—86-беттер.

елдерде де социалистік, революциялық өзгерістер жасауға мүмкіндік туады. Социалистік революцияның жеңуі бәрінен бұрын таптық қайшылықтардың мейлінше шиеленісуіне, таптық күштердің арасалмағына, жұмысшы табының революцияшылдық дәрежесіне, жеңісті ұйымдастыруға қабілетті маркстік-лениндік партияның болуына, еңбекші шаруа бұқарасына пролетариат ықпалының дәрежесіне және басқа да бірсыпыра факторларға байланысты.

Осы шарттар тұрғысынан алғанда, XX ғасырдың бас кезінде дүние жүзілік империализм тізбегінің ең осал буыны, оның қайшылықтарының түйіскен жері Россия болды. В. И. Ленин Октябрь революциясынан көп бұрынғы кездің өзінде Россия пролетариаты дүние жүзілік азаттық қозғалыста авангардтық рольде екенін, дүние жүзілік империализм тізбегін әуелінде біздің елде бұзуға мүмкіндік барлығын және солай істеу қажеттігін көрсеткен болатын.

Пролетариаттың әуелінде бір елде жеңуі мен капитализмнің барлық елде құруының аралығында тұтас бір тарихи дәуір жатыр — ол капитализмнен социализмге өту, капитализмді революциялық жолмен күйрету және социализм жеңістерін үдету дәуірі. Ол өзі дүние жүзілік социалистік революцияның бүкіл дүние жүзілік тарихи шайқастарының дәуірі болатынын, бұл дәуірде жұмысшы табының өз диктатурасын орнату жолындағы күресі, ұлттық-азаттық соғыстары мен демократиялық қозғалыстар ортақ бір арнаға құйылатынын В. И. Ленин асқан данышпандықпен күн ілгері көрсетті. Осы революциялық азаттық қозғалыстары үстінде империализм жүйесінен барған сайын үсті-үстіне жана елдер бөлініп шығады, олар социалистік революция жасаған тұңғыш ел негізін салған социализм системасына көше бермек. (Қазіргі заманда капиталистік қайшылықтардың шиеленісуі жөніндегі мәліметтерді насихатшы «Жұмысшы табының халықаралық жұмысшы қозғалысы» деген кітаптың (екінші басылуы) 187—210-беттерінен, «Маркстік-лениндік ілім және қазіргі заманғы дүние» мақаласынан («Коммунист», 1965, № 14) табады.

Социализмнің әуелінде бірнеше елде немесе жеке алынған бір елде жеңу мүмкіндігі туралы лениндік теория — марксизм-ленинизм дамуының асқан зор белесі, маркстік ілімді творчестволық жолмен дамытудың айқын үлгісі болып табылады. Бұл пролетариатты өз жеңісіне керекті ең қолайлы жағдайларды білумен қаруландырады, басқа елдерде революция басталуын күтпей, өздігінен еркін де батыл қимылдар жасауға жігерлендіреді. Социализмнің жеке алған бір елде жеңу мүмкіндігін дәлелдеп, В. И. Ленин большевиктік партияға Россияда социалистік революцияны ойдағыдай іске асырудың ғылыми жағынан әбден дәлелденген бағытын көрсетіп берді. Өз елдерінде социалистік құрылыс орнатуда социализм елдерінің бәрінің коммунистік және жұмысшы партиялары осы теорияны басшылыққа алды; дүние жүзілік коммунистік қозғалыс дүние жүзілік капитализм тіректерін бұл күндерде барған сайын мықтап шайқалтуда, осы жұмыстағы стратегия мен тактиканың берік іргесі де лениндік теория болып отыр.

Бұл тараудың ендігі мәселелерін оқып-үйренгенде онан мынадай екі мәселені айрықша қарастырған жөн: а) бұқараны социалистік революцияға жеткізу, б) пролетариат жеңуінің объективтік және субъективтік шарттары.

Революциялық практика үшін бұқараны социалистік революцияға әкелу мәселесінің маңыздылығын атап көрсете келіп, В. И. Ленин былай деген болатын: «Бұқараны нағыз, үзілді-кесілді, ақтық, ұлы революциялық күреске жеткізетін нақтылы жолды немесе оқиғаның ерекше бет бұрысын таба, байқай, дәл анықтай білу — міне, Батыс Еуропа мен Америкадағы қазіргі заманғы коммунизмнің басты міндеті осында»⁸.

Әрбір нақты елдің пролетарлық бұқарасына қандай қат-қабат жағдайлар дем беретінін, сөйтіп оларды революцияға тікелей ұштастыратынын күн ілгері болжауға болмайды, деп үйретті В. И. Ленин. Социалистік революция тек империалистік соғыс нәтижесінде ғана жасалады деп тану да қате болмақ. В. И. Ленин пролетариатты социалистік төңкеріс жасауға қолайлы жағдайдың бәрін, оның бейбіт түрін де, соғыс түрін де пайдалана білуге үйретті. Тарихи жағдай ең алғыр деген революционердің болжауының өзінен әпдеқайда тез өзгереді. Сондықтан да күтпеген революциялық өрлеу туып, коммунистер қапыда қалмауы үшін, тап күресі өзгеріс тапқан жағдайда коммунистік партия оқиғаны басқара алмай қалмауы үшін, деп үйретті В. И. Ленин, коммунистер өздерін және халық бұқарасын социализмнің жеңуі жолындағы алдағы шайқастарға әрқашан әзір ұстауға тиіс.

Марксизм-ленинизм ішкі және сыртқы жағдайларды қатаң есепке алмайынша, елдің ішіндегі және халықаралық майдандағы күштердің арасалмағына талдау жасамайынша, еңбекші бұқараның революциялық қимылдарға әзірлігін мұқият зерттемейінше, социалистік революцияны бастауға болмайтынын ескертәді. Революцияны заказ бойынша да, шет жердің итермелеуі бойынша да жасауға болмайды. Революцияны итермелеу керек деген идеяны ұсынумен болған троцкистер мен «солшыл» доктринерлерді В. И. Ленин қатты сынады⁹.

Революцияны халық бұқарасы жасайды, оларды саяси төңкеріске партия аттандырады. Партияның революцияны бастау кезеңін дұрыс белгілеуінің революция жеңуі

⁸ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 41-том, 82-бет. Қазақша, 31-том, 87-бет.

⁹ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 36-том, 457-бет. Қазақша, 27-том, 489-бет.

үшін шешуші маңызы бар мәселе. Революциялық аттаныстан кешігу немесе оған ертө кірісу революцияны сөз жоқ жеңіліске ұшыратады. В. И. Лениннің 1917 жылғы Октябрь қарулы көтерілісінің уақытын дәл көрсеткені революцияны бастау кезеңін ғылыми тұрғыдан негіздеп, мүлтіксіз белгілеудің асқан зор үлгісі болып табылады.

Социалистік революцияның толғағы жеткенін анықтау тәжірибесін В. И. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабында қорытты. Коммунистер, деп баса көрсетті ол кісі, революция пісіп-жетілген кезде, революциялық ситуация туған кезде, және де революцияның жеңуіне керекті объективтік және субъективтік жағдайлар бар кезде ғана бұқараны саяси төңкеріске аттандыра алады. Егер революциялық ситуация тумаса, егер революциялық шабуылға керекті объективтік жағдайлар жоқ болса, революцияшыл пролетариат қаншама батыл, қаншама қауырт қимылдағанымен, революциялық төңкеріс жасай алмайды. Социалистік революцияның толғағы жеткені, деп көрсетті В. И. Ленин, жалпы ұлттық дағдарыстан көрінеді, мұндайда «жоғарғылар» енді ескіше басқара алмайтын болады, ал «төменгілер» ескіше тұрғысы келмейтін болады¹⁰.

Революциялық ситуация туғаннан соң революцияның тағдырын көбінесе субъективтік жағдайлар — күресуші әлеуметтік күштердің жігері, батылдығы, ұйымшылдығы, саналылығы шешеді. Жауынгер, беделді марксистік партия болуын В. И. Ленин аса маңызды субъективтік жағдайлардың бірі деп санайды. Ол партия шиеленіскен революциялық жағдайды дұрыс талдай білетін, сөйтіп ешбір тайсақтамай, пролетариатты өкімет билігін алу күресіне бастай білетін болуға тиіс. Мұндай партия болмайынша пролетариаттың жеңуі мүмкін емес.

Алайда жұмысшы табының марксистік-лениндік партиясы болуы қаншама маңызды болғанымен, пролетариаттың жеңуіне керекті субъективтік жағдайлар жалғыз мұнымен тынбайды. Өз қатарына пролетариаттың озық, неғұрлым саналы да ұйымдасқан тобын жинақтаған партия әсте бұқарасыз жеңіске жете алмайды. Революция жеңуі үшін жұмысшы табының көпшілігі революцияның қажеттігін ұғынған болуы, сөйтіп коммунистерге еруге әзір болуы шарт. Жұмысшы табы көпшілігінің революциялық жігері қайнауы революцияның толғағы жеткенінің аса қажетті шарты болып табылады. Сол сияқты шаруаларды, ұсақ буржуазия мен интеллигенцияны буржуазиядан бөліп алып, пролетариаттың одақтастарына айналдыру да социалистік революция жеңіп шығуының қажетті шарттарына жатады.

Егер коммунистер жұмысшы қозғалысындағы социал-реформистерді, ревизионистер мен «солшыл» доктринерлерді жеңе алмаған болса, онда социалистік төңкеріс жасау ісі пісіп-жетілген деп есептеуге болмайды. Егер жұмысшы қозғалысын оппортунистік шиқаннан арылту сәті түспей ұзап кетсе, онда паразиттік өліп бара жатқан капитализм едәуір ұзақ уақыт бойына іріп-шіріген күйінде қала беруі ықтимал, деп атап көрсетті В. И. Ленин.

Сонымен қаналушылар ескіше тұрғысы келмейтін болған кезде, ал билеп-төстеуші таптар мейлінше сасып, шатасқан, берекесі кетіп, іріп-шіріген кезде, революцияға бас болуға қабілетті партия болған күнде, пролетариаттың көпшілігі оның соңынан еретін болған күнде, «орташалар жігіндегілер» буржуазиядан безіп, пролетариаттың одақтасы болған күнде, жұмысшы табындағы оңшыл және солшыл оппортунистер жеңіліс тапқан күнде, тек сонда ғана пролетарлық революцияның жеңуіне керекті жағдайлар түгел жасалған болып саналады. Егер осы жағдайлардың бәрі бар болса, және де пролетариаттың өкімет билігін жаулап алу кезеңі дұрыс белгіленген болса, деп жазды В. И. Ленин, онда жеңістің қамтамасыз етілгені¹¹.

* *
*

Үшінші тараудың ең бір маңызды мәселесі — ол лениндік социалистік революция теориясының КПСС XX—XXII съездерінің қарарларында, КПСС Программасында, халықаралық коммунистік қозғалыстың программалық документтерінде онан әрі дамытылуы жөніндегі мәселе¹². Бұл тарауды өту сабағында ленинизмнің, оның ішінде социалистік революция теориясының творчестволық сипатын атап көрсеткен абзал. В. И. Ленин мынаны үйретті: қоғамдық даму мен тап күресінің тәжірибесін жинақтап отыруға тиісті революциялық теория сол қоғамның өзінің дамуымен және таптар күресінің жағдайлары мен түрлері өзгеруімен бірге дамымай тұра алмайды.

СССР мен басқа да социалистік елдердегі революциялық өзгерістердің асқан бай тәжірибесін, қазіргі заманғы азаттық қозғалысының тәжірибесін қорыту негізінде Со-

¹⁰ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 26-том, 218-бет, 41-том, 69—70-беттер. Қазақша, 21-том, 210-бет, 21-том, 72—73-беттер.

¹¹ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 41-том, 79-бет. Қазақша, 21-том, 22-бет.

¹² Бұл мәселені қарағанда насихатшыға мынадай материалдардың үлкен көмегі тиеді: Д. Чесноковтың «Маркстік-лениндік социалистік революция теориясы және қазіргі заман» («Политическое самообразование», 1964, № 8) деген мақаласы мен Ю. Красиннің «Лениндік социалистік революция теориясының дамуы» (сол журналда, 1965, № 4) деген консультациясы.

вет Одағының Коммунистік партиясы ленинизмді творчестволықпен дамытып келеді. Лениндік теорияны байыту ісіне туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары мен дүние жүзілік коммунистік қозғалыс зор үлес қосуда.

КПСС XX, XXI және XXII съездерінің шешімдері, партиямыздың Программасы, туысқан коммунистік және жұмысшы партияларының программалық документтері, социалистік елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдері Кеңесінің Декларациясы (1957 ж.) мен коммунистік және жұмысшы партиялары Кеңесінің Мәлімдемесі (1960 ж.) лениндік социалистік революция теориясын қазіргі заман жағдайында дамытудың үлгісі болып табылады.

КПСС пен туысқан партиялардың творчестволық жұмысы нәтижесінде пролетарлық революцияның социалистік өзгерістер жолына түсіп отырған елдердің бәріне тән басты-басты заңдылықтары айқын белгіленді. Насихатшы 1957 жылғы Москва Кеңесінің Декларациясын пайдалана отырып, тыңдаушыларды осы заңдылықтармен таныстырып, олардың жалпыға бірдей ортақ сипатын түсіндіргені мақұл.

Коммунистер ұлттардың ерекшеліктерін елемеушілікті де, олардың маңызын асыра бағалаушылықты да мақұл демейді. Ұлттық ерекшеліктерді елемеушілік партияны бұқарадан аулақтайтын сектанттық пен өмірден қол үзетін догматшылдыққа душар етеді де, ал ұлттық өзгешеліктер ролін асыра бағалау, сөз жоқ, пролетарлық революция мен социалистік құрылыстың ортақ принциптерінен бас тарту сияқты ревизионистікке, пролетарлық интернационализмнен айнуға апарып соғады.

КПСС XX съезі капитализмнен социализмге өтудің саяси формалары сан алуан болатыны жөнінде В. И. Ленин ұсынған қағиданы тереңдете түсті, мұның өзі социалистік революция теориясын дамытуда тағы бір қадам алға басу болды¹³. XX съезд бұл лениндік қағиданың өміршеңдігін социалистік елдердің тарихи тәжірибесі айқын сипаттағанын көрсетті. Жұмысшы табының революциялық творчествосы қазірдің өзінде-ақ қоғамды социалистік жолмен қайта құрудың екі саяси формасын жарыққа шығарды — ол советтік және халықтық-демократиялық формалар. Әрбір социалистік мемлекетте сол елдің ерекшеліктерінен туған айырмашылықтар аз емес. Мысалы, халық демократиясы елдерінің ішінде Монғол Халық Республикасының дамуында өзіндік үлкен ерекшеліктер бар, ол антиимпериалистік, антифеодалдық революция жеңгеннен кейін капитализмге соқпастан, социализмге өтті¹⁴.

XX съездің «елдердің социализмге өту формасы мұнан былай барған сайын сан алуан бола бермек»¹⁵ деп жасаған қорытындысының маңызы зор. Куба революциясы осы қорытындының дұрыстығының айқын айғағы болып табылады, ол социалистік өзгерістерді іске асырудың жаңа формасын, қоғамды социалистік жолмен қайта құрудың жаңа тәсілдерін жарыққа шығарды, оның советтік тәсілден де, халықтық-демократиялық тәсілдерден де көптеген айырмасы бар. Куба революциясының тарихи тәжірибесі жөніндегі нақты фактілерді насихатшы Б. Горбачев пен А. Калининнің «Куба: күрес пен еңбек жылдары» («Коммунист», 1965, № 2) деген мақалаларынан табады. Социализмге өту формаларына, социалистік өзгерістер жасау әдістеріне өркендеген капиталистік елдер де, дамудың капиталистік емес жолына түсе бастаған ұлт демократиясының тәуелсіз мемлекеттері де болашақта көп өзгешеліктер қосуы әбден ықтимал.

КПСС XX съезі социалистік революцияның қазіргі заманғы жағдайлардағы формалары туралы, революцияның бейбіт емес жолмен де, бейбіт жолмен де дамитыны туралы тұжырымдаған қағидалар лениндік социалистік революция теориясын байытуға қосылған зор үлес болды.

Марксизм-ленинизм негізін салушылар әрқашан пролетарлық революцияның неғұрлым қолайлы формасы — ол пролетариатқа өкімет билігін бейбіт тәсілмен, азамат соғысынсыз жеңіп алуға жол ашатын форма деп есептеді. Бұл жөнінде В. И. Ленин санау 1899 жылғы «Орыс социал-демократиясындағы кері бағыт»¹⁶ деген мақаласының өзінде-ақ жазған болатын. 1917 жылғы атақты Апрель тезистерінде В. И. Ленин елімізде революцияны бейбіт жолмен дамыту бағытын белгілеген болатын. Орыс буржуазиясы революцияшыл халыққа қарсы күш жұмсауға ашық кіріскеннен кейін ғана большевиктік партия бұл бағытты қойып, буржуазияның күш жұмсауына қаруланған пролетариат пен кедей шаруалардың революциялық күш жұмсауын қарсы қоюға мәжбүр болды.

Алайда, пролетариат революциясын бейбіт жолмен дамыту неғұрлым қолайлы жол дей отырып, В. И. Ленин мұндай жол мүмкіншілігі тарихта өте сирек кездесетінін, сондықтан пролетариат қарулы шайқасқа әзір тұруға тиіс екенін атап айту жағын да ұмытқан жоқ. Қашан дүние жүзілік социалистік система пайда болғанға дейін социалистік

¹³ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 30-том, 123-бет. Қазақша, 23-том, 88-бет.

¹⁴ Капитализмнен социализмге өтудің саяси формалары туралы мәселені түсіндіргенде Н. Фарберовтың «В. И. Ленин пролетариат диктатурасы формаларының алуандығы туралы» («Политическое самообразование», 1965, № 9) деген мақаласындағы материалдарды пайдалануға болады.

¹⁵ «Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезі». Стенографиялық есеп, II бөлім, М., 1956, 415-бет.

¹⁶ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 4-том, 264-бет. Қазақша, 4-том, 288-бет. Б. «Қазақстан коммунисті» № 1.

революцияны бейбіт жолмен жасау мүмкіншілігі жоқтың қасы еді. Революцияға көтерілген қай елдің пролетариаты болса да оған контрреволюцияның ішкі күштерімен ғана емес, оның үстіне контрреволюцияны шетелдерден әкелушілермен күресуге тура келетін. Париж Коммунасы да, Ұлы Октябрь дүниеге келтірген Советтік Россия да, 1919 жылғы Венгер Советтік Республикасы да осындай күрес жүргізді (бейбіт формада басталған Венгер революциясы тез арада-ақ интервенттер мен венгер буржуазиясының басым күштеріне қарсы кескілескен қарулы шайқасқа ұласты). Пролетариаты қарулы күреске шығарған ішкі және сыртқы контрреволюция күштері болды.

Біздің заманымызда, капиталистік дүние елдерінде ішкі революциялық күштер ылғи өсуімен және дүние жүзілік көлемде капитализмнен социализм күштерінің басымдығы арта түсуімен байланысты енді ішкі және сыртқы контрреволюция азаттық қозғалысын тұншықтыру жағынан дүние жүзілік екінші соғыстан бұрынғы кезде болған мүмкіншіліктерінен айырлып отыр. Осының арқасында қазір революцияны бейбіт жолмен, оның ішінде парламентті пайдалану жолымен жасауға неғұрлым қолайлы жағдайлар жасалуда. Алайда бейбіт жолмен социалистік революция жасау ісін пролетариаттың қолына өкімет билігі өтуінің парламенттік формасы ғана деп түсіну қателескендік болмақ. Мұның сан алуан түрі болуы мүмкін. Мысалы, Венгрияның революцияшыл пролетариаты өкімет билігін өз қолына бейбіт жолмен алды, бірақ бұған парламентті пайдаланған жоқ.

Марксист-лениншілдер революцияшыл пролетариат күрестің парламенттік формасын пайдалансын дегенді өрқашан айтып келді. Бірақ дүние жүзілік социалистік система орнағанға дейін бұл форманы қолданудың өрісі тар болды, демократия үшін күрес шеңберінен шыға алмады, тек буржуазия парламенттерінің сайлауларына қатысумен және ондағы коммунистік фракция жұмысымен ғана шектелді. Дүние жүзілік екінші соғыстан кейін дүние жүзілік көлемдегі және әрбір капиталистік елдің өз ішіндегі таптық күштердің арасалмағы түбірінен өзгеруі нәтижесінде ғана күрестің парламенттік формасын пайдалану шеңберін ұлғайтуға мүмкіндік ашылды. Кейбір елдердің революцияшыл пролетариаты енді парламенттік формаларды азаттық қозғалысының демократиялық сатысында ғана емес, социалистік сатысында да пайдалануына болады. Парламенттік форманы парламенттен тыс кеңінен өрістетілген бұқаралық күреспен ұштастырғанда ғана ойдағыдай қолдануға болатынын, ал компартиялар жұмысшыларды, шаруалар бұқарасын, қалалық орташа қауымды, ірі монополистік капиталға қарсы шыққан таптық күштердің бәрін осы күрес арнасына салуға тиіс екенін ерекше атап көрсету қажет.

Империализм күштерінен социализм күштерінің басымдығы күшейген сайын социалистік революцияны бейбіт жолмен жүзеге асыру мүмкіндігі ұлғая бермек. Алайда ендігі жерде де пролетариат партиялары социализмге бейбіт емес жолмен көшу мүмкіншілігін де естен шығармайды. Бұлай істеудің өзі үстемдік етуші таптар өкімет билігін өз ықтиярымен бере салмайды деген, дұрыстығын тарихи тәжірибе әбден анықтаған лениндік қағидадан туып отыр. Сондықтан социализм жолындағы күрестің барысында қару қолдану немесе оны қолданбау пролетариатқа емес, көбінесе буржуазияға, халықтың басым көпшілігінің дегеніне оның қарсыласуының қандай дәрежеде болуына байланысты. «Әрбір жеке елде социализмге өтудің белгілі бір тәсілінің шынайы мүмкіншілігін нақты тарихи жағдайлар шешеді»¹⁷ делінген 1957 жылғы Москва Кеңесінің Декларациясында. Жұмысшы табы бұрынғысынша капитализмді жеңу ісінде құрбандық мейлінше аз болуын, капитализм өзі жоғалар алдында дүниені қан сасытпайтын ету жағын көздейді. Бірақ пролетариат объективтік жағдайлармен санаспай отыра алмайды, ол тап күресі жағдайларының тұтқұйыл өзгерістері мен оның формаларының күтпеген жерден құбылуына әзір тұруға тиіс.

Тарауды қорыта отырып, лениндік социалистік революция теориясын дамыту ісіне жаңадан КПСС пен басқа коммунистік партиялар қосқан үлеске тиісті баға берген жөн. Бұл үлес жұмысшы табын революциялық күрестің қазіргі заман жағдайларындағы неғұрлым қолайлы әдістері мен тәсілдерін білумен қаруландырады, нақты жағдайларға байланысты социализмге жетудің қан төгу мен бүліншілік неғұрлым аз болатын жолын таңдай білуіне көмектеседі, пролетариатқа социалистік революцияның әлеуметтік базасын кеңейту мүмкіндігі бар екенін, бұған социализм жолындағы күреске халықтың жаңа топтарын үсті-үстіне тарту арқылы жету керектігін көрсетеді.

Семинарда тақырыпты оқып-үйрену ісін лениндік социалистік революция теориясының тарихи маңызы туралы мәселені тұтас қорытып қараумен аяқтаған жөн.

В. И. Лениннің социалистік революция теориясын жасауы пролетариаттың революциялық күресінің тарихи тағдырында жаңа кезең болды. Капитализмнен социализмге өту, социализмнің жеңіспен қанат жаюы дәуірінің есігін ашқан Ұлы Октябрь социалистік революциясы бұл теорияның нақты іске асуының жарқын бейнесі болды. Дүние жүзілік тарихтың барысына Октябрь революциясының тигізген ықпалы дүниенің барлық елдері мен халықтарына революцияшылдық жолға түсуге дем бергенінен, сонымен қатар оның кейбір негізгі белгілері басқа елдерде сөзсіз қайталанатынынан көрінеді.

¹⁷ Бейбітшілік, демократия және социализм үшін күрестің программалық документтері, М., 1961, 18-бет.

Мешеу қалған буржуазиялық-помещиктік Россияны революциялық жолмен өзгертіп, айбынды социалистік державаға айналдыру тәжірибесі керемет қуатты жарық жұлдыздай, адамзат прогресінің жолына нұр шашып тұр. «Советтік жолдастар, — деді Пальмиро Тольятти Италия компартиясының IX съезінде, — біз үшін де, біздің жұмысшы табымызды азат ету үшін де, итальян халқының азаттығы үшін де жапа шеккенін, жеңгенін, күрескенін біз ешқашан ұмытпауға тиіспіз. Өз күресінде олар жинақтаған тәжірибе біздің де тәжірибеміз: ол бүкіл халықаралық жұмысшы және коммунистік қозғалыстың аса бағалы капиталы болып табылады»¹⁸.

Октябрь революциясына дейін социализм тек ғылыми болжау, еңбекші бұқараны қонаушылар мен құлданушыларға қарсы жан аямас ерлік күреске шақыратын тамаша идеал ғана еді. Октябрь революциясы осы идеалды өмірде іске асырудың бастамасы болды. Социализм теориялық ілімнен, революциялық күрес туынан енді көзбен көріп, қолмен ұстарлық нақты шындыққа айналды. Ал бұдан ширек ғасырдан аса бұрын бұл прогресс бір елдің шеңберінде ғана еді. Европа мен Азияның үлкен бір топ елдерінде социалистік революция жеңгені лениндік социалистік революция теориясының дұрыстығына тағы бір айқын айғақ бола отырып, халықаралық социализм дамуының жаңа кезеңінің іргесін қалады.

Бұл күндерде капиталистік дүниенің әрбір елінде дерлік социализм жолындағы күресті ойдағыдай басқара алатын революцияшыл пролетарлық партия бар. Еңбекшілер арасында олардың ықпалы арта түсуде. Бұл өзі қазіргі заманғы қоғамдық дамудың бұлжымас заңы болып алды.

Социализм барлық жерде және біржолата жеңетінінде ешбір күмән жоқ. Лениндік социалистік революция теориясы жеңіс жолындағы күресте коммунистерге революциялық дем беретін сарқылмас қайнар бұлақ болып отыр.

Н. В. ТРОПКИН.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТ

1. К. Маркс, Ф. Энгельс. Коммунистік партияның манифесі. I тарау (Шығармалар, 4-том, 424—436-беттер).
2. К. Маркс. «Саяси экономия сынына» алғы сөз. Шығармалар, 13-том, 5—9-беттер.
3. В. И. Ленин. Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы (Шығармаларының толық жинағы, 11-том, 3—131-беттер. Қазақша, 9-том, 1—131-беттер).
4. В. И. Ленин. Империализм—капитализмнің жоғарғы сатысы. (Шығармаларының толық жинағы, 385—426-беттер. Қазақша, 22-том, 278—321-беттер).
5. В. И. Ленин. Европа Құрама Штаттары ұраны туралы (Шығармаларының толық жинағы, 26-том, 351—355-беттер. Қазақша, 21-том, 344—348-беттер).
6. В. И. Ленин. Пролетарлық революцияның соғыс программасы. (Шығармаларының толық жинағы, 30-том, 131—143-беттер. Қазақша, 23-том, 74—86-беттер).
7. В. И. Ленин. Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы. (Шығармаларының толық жинағы, 41-том, 62—90-беттер. Қазақша, 31-том, 64—94-беттер).
8. «Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезі». Стенографиялық есеп, II том, 414—416-беттер.
9. «Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасы» М., 1965, 7—44-беттер.
10. «Социалистік елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің 1957 жылғы 14—16 ноябрьде Москвада өткен кеңесінің Декларациясы» — «Бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күрестің программалық документтері» деген жинақта. Москва, 1961, 4—21-беттер.
11. «Коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің 1960 жылғы ноябрьде Москвада өткен Кеңесінің Мәлімдемесі». Бұл да сонда, 38—85-беттер.
12. «Коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің 1965 жылғы 1—5 марттағы консультациялық кездесуінің қорытындылары туралы». КПСС Орталық Комитеті Пленумының 1965 жылғы 26 мартта қабылдаған қаулысы. «Правда», 27 март, 1965 жыл.

(«Вопросы истории КПСС» журналы, 1965, № 11).

¹⁸ «Италия коммунистік партиясының IX съезі», Материалдар. М., 1960, 12-бет.

Шымкент металлургтері жаңа белесте

Өнеркәсіпті басқаруды жақсартуда, жоспарлауды жетілдіруде және өнеркәсіп өндірісін экономикалық жағынан көтермелеуді күшейтуде КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы белгілеген шаралар өскелең социалистік экономиканың бүгінгі тандағы қажетіне сай келіп, әрбір кәсіпорында өндірісті тиімді ұйымдастыруға даңғыл жол ашып берді.

Өнеркәсіпті басқарудың бұрын қолданылып келген формалары, жоспарлау мен экономикалық жағынан көтермелеудің әдістері коммунистік қоғам құрылысындағы өндіргіш күштерді неғұрлым шапшаң дамыту міндетіне сай келмеді. Шаруашылықтың социалистік системасының артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік бермеді. Бұл жағдай әрбір кәсіпорын жұмысынан да анық байқалатын.

Ленин орденді Шымкент қорғасын заводы — Совет Одағындағы түсті металлургияның ірі кәсіпорындарының бірі. Өткен жетіжылдықта металлургия коллективінің өндіріс алаңын ұлғайтуда, заводты қайта құруда, өндіріске жаңа техника мен технологияны енгізуде, техника-экономикалық көрсеткіштерді жақсартуда қол жеткен елеулі табысы бар. Осы уақыт ішінде жалпы өнім өндіру көлемі 40 процент, товарлы өнім 31,8 процент арттырылды, жоспардан тыс миллиондаған сомның жалпы өнімі, сан миллион сомның товарлы өнімі берілді. Еңбек өнімділігі 40,3 процент өсіп, жұмсақ қорғасынның өзіндік құны 5 проценттей кеміді. Жетіжылдықта кадмий, таллий, теллур, мырыш тотияйыны сияқты жаңа өнім түрлері шығарыла бастады.

Жетіжылдық ішінде негізгі өнім қорғасын шығару мыңдаған тоннаға өсті. Заводты қайта құру және рационализаторлық ұсыныстарды кеңінен қолдану негізінде цехтар мен агрегаттардың қуаты артып, жаңа цехтар, технологиялық желілер құрылды. Таза қорғасын алудың әдістері игерілді. Қорғасын тозанын өңдейтін жаңа гидрометаллургия цехы пайдалануға берілді. Сондай-ақ концентраттарды контейнермен тасу, тиеу-түсіру жұмыстары механикаландырылды, шахта пештеріне шихталарды жеткізу автоматтандырылды. Агломерация мен шахталық қорыту технологиясына табиғи газ бен оттегі қолданылатын болды.

Осыдан байқалып отырғанындай, завод коллективінің қолы жеткен елеулі табыстары бар. Бірақ осы табысқа сентябрь Пленумы шешімдерінің тұрғысынан көз салсақ, онда бұл жетістіктер оншама қомақты емес. Заводта жетіжылдықтың алты жылы ішінде негізгі қор мен айналмалы қаржының 25,5 процентке артуына байланысты өнімді өткізу көлемі 14,8 процент өссе, ал өндіріс қорының әрбір сомына келетін пайда небәрі 6 процент қана көбейді.

Өндірістің тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштің бұлайша төмен болуы техника саясатын жүзеге асыруда елеулі кемшіліктің болғанын, заводты ұлғайтуға және қайта құруға жұмсалған күрделі қаржының экономикалық жағынан жеткілікті негізделмегенін, негізгі өндірістік қорды пайдалануға экономикалық жауапкершіліктің болмағанын көрсетеді.

Заводқа шлақты айыратын қондырғының аса қажеттігіне қарамастан, ол әлі күнге дейін орнатылмай келеді. Мұндай салақтықтың салдарынан завод жыл сайын халық шаруашылығына керекті құнды металды кем өндіріп келеді. Бұл проблеманы шешу мүддесі заводта шлақ айыратын қондырғыны орнатуды қажет ететін еді. Одан келетін пайда ұшан-теңіз.

Қазіргі кезде заводта оттегі станциясының пайдалануға берілуімен байланысты шлақ айыратын қондырғының қажеті бұрынғыдан да арта түсіп отыр. Сондықтан да оны таяу уақыттың ішінде орнату шарт. Бұл орайда заводқа «Гипроцветметтің» қондырғының жобалық документтерін шапшаң жасап бергені жөн болар еді.

Өндірістің тиімділігін арттыруда жұмысшыларды экономикалық жағынан ынталандырудың маңызы зор. Заводта қазіргі кезде қолданылып жүрген материалдық жағынан ынталандырудың жүйесі жұмысшылардың жалпы завод жұмысының жақсаруына мүдделі болуына септігін аз тигізуде. Завод жұмысшылары ынталандыру сыйлығын белгілі сапа көрсеткіштерін сақтай отырып, жоспарды орындағаны үшін алады. Сондықтан олар жалпы завод көлемінде өндірістің тиімділігін арттыруға көңіл де бөлмейді. Сол сияқты заводтағы кәсіпорын қорын жасаудың қазіргі қолданылып жүрген ережесі де экономикалық жағынан ынталандыру мүддесіне лайықты емес.

Ережеге сәйкес заводтағы кәсіпорын қоры жоспарлы табыстың 6 проценті, жоспардан тыс табыстың 60 проценті көлемінде жасалады. Алайда кәсіпорын қорына бөлінетін соманың жалпы мөлшері өнеркәсіп-өндіріс қызметкерлері жалақысы қорының 5,5 процентінен аспауы керек. Кәсіпорын қорын жасаудың мұндай тәртібі өндірісті дамытуды экономикалық жағынан көтермелеу мүддесіне сай келмейді. Дәл осы жағдайда кәсіпорын, бір жағынан, өз қорына бөлінетін соманы көбейту ниетінде жалақы қорын ұлғайтуға ұмтылса, екінші жағынан, маңызды көрсеткіш ретінде жалақы қорын үнемдеуге де тырысады.

Заводтағы кәсіпорын қорын жасаудың қалыптасып келген тәртібінің ыңғайсыздығы мынадан да көрінеді. Ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі дамып отырған жағдайында өндіріс процесінде тірі еңбектің үлесі барған сайын кеміп барады, сондықтан өндіріс көлемінің өсуімен байланысты жалпы жалақы қоры ұлғаймайды, қайта кеми түседі. 1964 жылы завод бойынша жалпы жалақы қоры 1959 жылмен салыстырғанда 17 процент кеміді. Сондықтан пайданың 33 процент өскеніне қарамастан, кәсіпорын қорының мөлшері өткен жылы 1959 жылмен салыстырғанда анағұрлым аз болды.

Заводтағы жаңа техника мен технологияны жоспарлау мәселесінде де елеулі кемшіліктер бар. Проблемалық сипаттағы ғылыми-зерттеу жұмыстары да заводтың тікелей өзіне жүктеле береді. Мысалы, бірнеше жылдан бері Қаратау кен ресурстарын пайдалану жайы заводтың ғылыми жұмысында жоспарланып келеді. Қазақтың политехникалық институты екі жылдан бері шахта пештері жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Бұл жұмыстарды орындау үшін завод бюджет бойынша бөлінген қаржыдан басқа жылма-жыл 20 мың сом ақша төлеп келеді. Алдағы уақытта Түсті металлургия министрлігінің құрылуына байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлаудың жоғарыдағыдай тәртібі түзеледі ғой деген сенімдеміз.

Біз жоғарыда айтылған бірсыпыра кемшіліктерді сентябрь Пленумы шешімдерін нақты жүзеге асыра отырып, бірте-бірте жоюға бағыт ұстап келеміз.

Жаңа жағдайда кәсіпорындардың өндірістік-шаруашылық қызметіне басшылық ету ісі жаңа талаптар да жүктейді. Осыған орай кәсіпорындардың көрсеткіш жоспарларын бекіту мәселесіне ерекше көңіл

аудару шарт. Ең алдымен бекітілмекші өнім түрлерін анықтауға мүқият болған абзал. Қазіргі кезде заводқа өнім номенклатурасының 25 түрі бекітілген. Мұны біз ешқандай қажеттігі жоқ, ағаттықтан туған пәрсе деп қараймыз. Біздің пікірімізше, завод үшін өнімнің ең негізгі түрі—шақпақ қорғасын, қорғасын прокаты, күкірт қышқылы деп ойлаймыз. Өнім түрін бұлай анықтаудың тағы бір қолайлылығы жабдықтаушылардың бізге жіберетін қорғасын концентратындағы қорғасынның болуын ғана кепілдікке алып, ондағы басқа компоненттерді есепке алмайтындығында. Мұндай жағдайда бекітілген жоспарлы өнім түріне мыс және басқа да сирек кездесетін бағалы металдарды өндіруді қосудың ешбір жөні жоқ. Осының өзі жоспарлаушы органдардың завод үшін бекітілетін өнім номенклатурасына немқұрайды қарағанын дәлелдемей ме? Алдағы уақытта мұндай елеулі кемшілікке жол берілмесе екен дейміз.

Біздің пікірімізше, жаңа жағдайда қорғасынның серігі ретінде өндірілетін металдардың санын өнім түріне (номенклатураға) жатқызбай-ақ, баға саясаты тұрғысынан анықтаған мақұл ғой деп білеміз. Өйткені мұның кәсіпорын қызметіне тигізер әсері анағұрлым күшті болмақ.

Қазір, кәсіпорындар жұмысының көрсеткіші өндірісті тиімді ұйымдастырудың дәрежесімен тығыз байланысты болып отырғанда, заводтың өзі қорғасыннан басқа да компоненттерді барынша мол өндіруге мүдделі болады.

Шымкент қорғасын заводы қазіргі кезде шикізатпен нашар жабдыкталып келеді, соның салдарынан бізде өндірістік қуат толық пайдаланылмай жүр. Мұның өзі заводтың тиісті дәрежеде табыс беруіне кедергі болуда. Мұндай жағдай заводты шикізатпен үздіксіз қамтамасыз етіп отыруды керек етеді.

Босату бағасын, әсіресе сирек кездесетін металдардың бағасын реттеу де маңызды мәселенің бірі. Заводта қазір қолданылып жүрген кейбір сирек кездесетін металдардың босату бағасы оны өндіруге жұмсалатын шығындарды да өтей алмайды. Завод коллективі КПСС Орталық Комитетінің Баға комитетін құру жөніндегі шешімін қуана қарсы алды. Бұл комитет таяу арада түсті металдар өнімінің бағасын бір жүйеге келтіреді, әсіресе біздің завод шығаратын сирек металдар өнімдерінің бағасын реттейді деп сенеміз.

Сентябрь Пленумының шешімдеріне орай социалистік мемлекеттік кәсіпорындар туралы қабылданған Ереженің маңызы зор. Бұл Ережеде өнеркәсіпті басқарудағы өзгерістер, жоспарлауды жақсарту, кәсіпорындарды экономикалық жағынан көтермелеуді күшейту туралы негізгі мәселелер түгел қамтылған. Ереже кәсіпорындарға кең право берген. Алдымен коллективтің өз өндірісін жоспарлауға қатысуына мол мүмкіндіктер туғызған.

Сонымен бірге жаңа жағдайда кәсіпорының өндірісті тиімді ұйымдастырудағы жауапкершілігі де өлшеусіз артады. Бұл жауапкершілік ең алдымен экономикалық жауапкершілік. Өйткені кәсіпорының шикізатты, материалды, құрал-жабдықты тиімді жұмсауына қарай пайданың рентабельділіктің дәрежесі белгіленеді. Сөйтіп кәсіпорындардың шаруашылық жөніндегі дербестігі кеңейтіліп отырған жаңа жағдайда өндірісті жоспарлау мен оны экономикалық жағынан көтермелеудің жаңа тәртібіне көшу материалдық ынталандыру негізінде әрбір кәсіпорында өндірісті неғұрлым тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады.

Өндірісті басқарудың жаңа әдісіне көшу үлкен даярлық, ұйымдастыру жұмысын жүргізуді талап етеді. Қазіргі жағдайда өндірістің тиімділік дәрежесі кәсіпорын жұмысының экономикалық көрсеткішінің бірі болғандықтан біз өндірістік қорды пайдалануды сұрыптап, кездескен кемшіліктерді аша отырып, оны жақсартудың нақты шараларын белгіледік.

Заводтың болашағына ерекше назар аударылды. Кезінде заводты қайта құру жоспарына кейбір объектілер экономикалық жағынан жеткілікті негізделмей қосылған болатын. Қазір жаңа жағдайға байланысты объектілердің бірсыпырасы жоспардан шығарылып тасталды. Біз, әсіресе қажеті шамалы құрал-жабдықтарды орнатуды тоқтаттық. Қаржыны пайдалануды жақсартуға бағытталған нақты шаралар жүзеге асырылуда. Сондай-ақ металл ысырабын азайтуда, электр қуатын үнемдеуде бірталай жұмыстар істелді. Шығарылған өнімді дер кезінде жөнелтіп отыру шаралары белгіленді.

Өндірістің экономикалық тиімділігін арттыруда заводтың өз ішіндегі экономикалық көтермелеу принципін дұрыс жүзеге асыра білудің маңызы айрықша. Осыны ескере отырып, біз қазір заводтың ішкі шаруашылық есебі туралы ереже жасап жатырмыз. Бұл ережеде әрбір цех, учаскеде өндіріс тиімділігін арттыруға байланысты негізгі техника-экономикалық көрсеткіштер түгел қамтылады. Заводтың ішкі шаруашылық есебі өндірісті тиімді пайдалану мен материалдық ынталандыру арасындағы өзара байланысты нығайтатын экономикалық құралдың бірі болмақ.

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының талаптарына сай өндірісті басқару құрылымына сын көзімен қарап, қайта құрудамыз. Бұл орайда біз басшылықтың жедел де тыңғылықты әрі икемді болуына назар аударудамыз. Өндірісті басқарудың құрылымын жетілдіруде алдымен финанс-экономика қызметінің ролін нығайтуға және шаруашылық-өндіріс мәселелерін тез шешуге баса ден қоюдамыз. Финанс-экономика қызметін күшейту ісі басқару аппаратын ықшамдау есебінен жүзеге асырылмақ.

Заводта жөндеу-механикалық жұмыстарын ұйымдастыруды жетілдіруге және орталықтандыруға арналған шаралар жасалып, даярланды. Еңбекті ұйымдастыруды жақсарту мақсатымен заводта осы мәселені зерттейтін ғылыми лаборатория құрылды. Қазір бұл лаборатория цехта, бөлімшеде және жұмыс орындарында еңбекті ғылыми ұйымдастырудың нақты жүйелерін жасауда. Біз жана жұмыс жағдайына көшуге даярланып жатқан қазіргі кезде заводтың өзінің ішкі жоспарлау жұмысын жетілдіре түсуіне ерекше маңыз берудеміз.

Өмірдің өскелең талаптарынан туып отырған Пленум шешімдері жұмысшы табы мен барша еңбекшілердің мүддесін көздейтін, халықтың асыл ойы мен мұратын білдіретін, соның талап-тілегін ескерген шешімдер. Завод коллективінің жана жұмыс жағдайына көшуге байланысты жасаған шаралары КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы шешімдерін ойдағыдай жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сөйтіп Ленин орденді Шымкент қорғасын заводының металлургтері коммунистік құрылыс міндетін орындауға өздерінің лайықты үлесін қосады.

Р. ХОБДАБЕРГЕНОВ,

Шымкент қорғасын заводының бас инженері.

МИНЕРАЛДЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШТАР ӨНДІРІСІНІҢ РЕНТАБЕЛЬДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Шаруашылық және мәдени құрылыстың КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы белгілеген орасан зор программасын ойдағыдай орындау үшін үнемділік тәртібін қатаң сақтау, қоғамдық өндірістің рентабельділігін арттыру талап етіледі. Өйткені солардың негізінде шаруашылықтың ішкі қорларын молайтуға мүмкіндік туады. Осыған байланысты шаруашылық есепті онан әрі нығайтып, барынша толық қолданудың ерекше маңызы бар. Ал шаруашылық есептің аса маңызды принципі—кәсіпорындардың жұмысты рентабельді істеуін қамтамасыз ету. В. И. Ленин «...шаруашылық есептегі трестер мен кәсіпорындар анығында өз кәсіпорындарының зиянға ұшырамауына нақ өздерінің жауап беруі үшін, оның бер жағында бүтіндей жауап беруі үшін негізделген» (Шығармалар, 35-том, 523-бет) деп атап көрсеткен болатын.

Кәсіпорындардың жұмысын есепке алмайынша, жұмысына бақылау жасамайынша, қызметкерлерді материалдық жағынан ынталандырмайынша, кәсіпорындардың өзара және мемлекеттік органдармен экономикалық байланысын күшейтпейінше социалистік экономиканың ойдағыдай өркендеуі мүмкін емес. Шаруашылық есеп нәтижесінде әрбір кәсіпорын қызметкерлерінің коллективтік еңбегі қоғамдық қор жүйесіне жоспарлы түрде енгізіледі де, әрбір кәсіпорын еліміздің бүкіл шаруашылығының бөлінбес бір бөлігі ретінде қызмет етеді.

Шаруашылық есеп пен рентабельділік — бірімен бірі тығыз байланысты экономикалық категориялар. Кәсіпорынның шығынсыз, рентабельді жұмыс істеуі үшін жағдай жасалмаса, шын мәніндегі шаруашылық есеп жүзеге асырылмайды. Сондай-ақ шаруашылық есепті қолданатын, қаржымен қамтамасыз етілген, шығарған өнімдерін өткізе алатын, өздерінің бүкіл өнімін ақшамен есептейтін кәсіпорын ғана рентабельді болмақ.

Өндірістің рентабельділігі, яғни құн, ақша түрінде белгіленетін табыстылығы товар-ақша қатынастарының белгілі бір дәрежеде дамуын керек етеді. Социализм тұсындағы товарлы өндірістің бұл категориясы мазмұны жағынан капитализм тұсындағыдан мүлде өзгеше.

Капитализм тұсында өндірістің рентабельділігі пайданың өзгерген түрі ретінде әрекет ететін қосымша құн болып табылады. Капиталистердің бірден-бір мақсаты—өнімнің бағасын қымбаттату, жұмысшыларды қанап, жаныштау есебінен, басқа да түрлі амалдармен пайданы барынша көп табу.

Социализм тұсында өндірістің рентабельділігін арттыру — социалистік өндіріс мақсаттарын жүзеге асырудың құралы. Ол социализмнің негізгі экономикалық заңдарымен белгіленеді. Өнімдерді өндіруге жұмсалатын тірі және затқа айналдырылған еңбек шығыны неғұрлым көп үнемделсе, рентабельділік дәрежесі соғұрлым жоғары болады. Сол арқылы кәсіпорын пайданы мол тапса, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер сыйлықты көбірек алады, мәдени-тұрмыс мекемелерін салуға қаржы көбірек бөлінеді.

Социалистік шаруашылықта құн заңы өндірісті реттеуші құрал емес, ал пайданың орташа норма заңы өз күшін жойған, сондықтан жеке кәсіпорындардың рентабельділік дәрежесі өнеркәсіп салалары мен кәсіпорындар арасында еңбек және материалдық ресурстарды, күрделі қаржыны бөлуді жоспарлаған кезде шешуші шарт бола алмайды. Мұндай бөлу халық шаруашылығының жоспарлы түрде даму заңы негізінде жү-

зеге асырылады және оның рентабельділігін қамтамасыз ету міндетіне бағындырылған. Өйткені жұмысы рентабельді болмаса да, тіпті зиян шегіп отырса да халық шаруашылығы үшін өте керекті өнімдер шығаратын кейбір кәсіпорындарды мемлекет белгілі бір уақытқа дейін сақтайды. Мұндай кәсіпорындарға мемлекет айналмалы қорларды толықтыру үшін қосымша қаржы (дотация) береді. Бірақ бұл кәсіпорынның шаруашылық есебін әлсіретеді. Сондықтан партия мен үкімет В. И. Лениннің еңбек өнімділігін арттыру, әрбір мемлекеттік кәсіпорынның зиян шекпей, пайда келтіруіне жету өте-өте қажет деген қағидасын жүзеге асыруға бағытталған ірі шараларды жүзеге асыруда.

Социалистік қоғамда тұтас халық шаруашылығының рентабельділігі, салалық рентабельділік, жеке кәсіпорындардың рентабельділігі бар. Бірақ оларды біріне бірін қарсы қоюға болмайды, бұлар өзара тығыз байланысты. Өйткені қоғамның таза табысы жеке кәсіпорындардың қорынан жиналады. Халық шаруашылығының рентабельділігі тұтас алғанда оның әрбір саласы, әрбір кәсіпорын шығаратын өнімдердің өзіндік құнын кеміту, өндірістің экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету жолында табанды күрес жүргізілгенде ғана қарқындап артады.

Бұл үшін республикада барлық мүмкіндік бар. Мысалға минералдық тыңайтқыштар өнеркәсібін алайық. Минералдық тыңайтқыштардың өзіндік құнын ең алдымен күкірт қышқылы мен фосфорит шикізатын үнемдеп жұмсау арқылы кемітуге болады. Ал бір тонна жай суперфосфат өндіруге бұлардың тиісінше 51,6 және 29,6 проценті жұмсалады.

Республикада қазір түсті металлургияның сыртқа шығарылатын газдарынан күкірт қышқылын өндіретін жаңа қуаттар жұмыс істеуде. Бұл күкірт қышқылының өзіндік құны колчедан мен пириттік күкірттен алынатын күкірт қышқылынан 2—3 есе арзан. Сондықтан да сыртқа шығарылатын газды химияның «азығы» — күкірт қышқылын өндіру үшін жаппай пайдалану — минералдық тыңайтқыштардың өзіндік құнын кемітудің ең негізгі резервтерінің бірі.

Қазақстанда бұл маңызды іске ерекше назар аударылып келеді. Алдағы бесжылдыққа арналған халық шаруашылық жоспарының жобасында қазіргі кәсіпорындардың қуатын жақсы пайдалану, жаңа қуаттарды іске қосу есебінен күкірт қышқылын өндіруді 1965 жылмен салыстырғанда үш еседен астам арттыру көзделген.

Мәселен, Жамбыл суперфосфат зауытының минералдық тыңайтқыштарды өндіру шығынында Қаратау кен-химия комбинатының фосфорит шикізаты 30 процентке жуық болады. Демек, минералдық тыңайтқыштардың өзіндік құнын кеміту үшін алдымен фосфорит шикізатының өзіндік құнын кеміту керек. Ол үшін, біріншіден, еңбек ұйымдастыруды жақсарту, машина-жабдықтарды пайдалану коэффициентін арттыру қажет. Ал комбинатта механизмдер, оның ішінде экскаваторлар мен БСШ-1м бұрғылау станоктарының қуаты жарым-жартылай пайдаланылады. Соның салдарынан машиналар жүздеген сағат босқа тұрады да, мындаған тонна фосфорит шикізаты кем алынады. Бұл жоспардың орындалмауына, кен бетін аршу жұмыстарының қымбаттауына апарып соғады.

Жұмысты тоқтаусыз істеудің және еңбек өнімділігін арттырудың қажетті шарты — жұмыс уақытын тиімді пайдалану. Бірақ Қаратау кен-химия комбинатында жұмыс уақыты көбінесе тиімді пайдаланылмайды. Мұнда ай сайын себепсіз жұмысқа шықпау салдарынан жүздеген сағат уақыт зая кетеді, мындаған сомның өнімі кем алынады.

Қолда бар машина-жабдықтарды дұрыс пайдаланбау, бір тонна фосфорит концентратын өндіруге руданы мөлшердегіден артық жұмсау, комбинаттың байыту фабрикасының жұмысты нашар істеуі өнімнің өзіндік құнын қымбаттатып жіберді; мұндай өнім мөлшері ақшаға шаққан-

да 2,5 миллион сомнан асып түсті, оның ішінде фосфорит концентраты бойынша 1,5 миллион сомға жетті.

Байыту фабрикасының кептіру-сүзу, реагент бөлімшелерінде әлі күнге дейін көптеген кемшілікке жол беріліп отыр. Бұл өнімнің өзіндік құнын қымбаттатумен бірге, фосфорит концентратын шығару жоспарының небары 32,9 процент орындалуына әкеліп соқтырды.

Байыту фабрикасының әсіресе сүзу бөлімшесінде кемістік көп. Мұндағы БОУ-40 вакуум-сүзгіштің өнімділігі 35—40 проценттен аспайды. Фосфориттерді сүзу технологиясы әлі жете зерттелмеген, жұмысқа төзімді сүзгіш заттар тандап алынбаған. Олардың қазір қолданылып жүргені 3—3,5 тәулікке ғана жарайды.

Өнімдерді бұрынғыдан көп шығарып, оның өзіндік құнын кемітуде, еңбек өнімділігін арттыруда өндіріске жаңа техниканы енгізудің маңызы зор. Жетіжылдық ішінде республиканың химия өнеркәсібінде одақтық-республикалық жоспар бойынша 64, басқармалар мен кәсіпорындардың жоспарлары бойынша 400-ге жуық жаңалық енгізілді. Бұлардың экономикалық пайдасы 12 миллион сомнан асып түсті.

Жамбыл суперфосфат зауытында аммофос тыңайтқышын өндіру игерілді. Оның экономикалық пайдасы орасан зор. Аммофостың құрамында жай суперфосфатпен салыстырғанда керекті заттар 2—3 есе көп. Бірақ завод цехтың жобалық қуатын әлі толық игере алмай келеді.

Заводта үздіксіз жұмыс істейтін камералармен жабдыкталған жаңа операциялық бөлімше іске қосылған. Жай суперфосфат өндірудің бұл озат тәсіліне көшу еңбек өнімділігін 14 процент арттырды. Қелешекте мұндағы жұмыс процестері онан әрі механикаландырылып, автоматтандырыла түседі. Соның нәтижесінде 1970 жылы еңбек өнімділігі 1965 жылға қарағанда 3,5 есе артады, одан жылына шамамен 334 мың сомнан астам қаржы үнемделеді. Сонымен қатар қол еңбегімен шұғылданытын жұмысшылардың саны азаяды.

Қаратау кен-химия комбинатында едәуір экономикалық пайда беретін неғұрлым елеулі шаралардың бірі—шарошкалық бұрғылау станоктарын өндіріске енгізіп игеру және комбинаттың карьерлерінде бұрғылау-жару жұмыстарын жетілдіру. Мұның өзі еңбек өнімділігін 105 процент арттырып, бұрғыланатын жердің бір метрінің өзіндік құнын 15 процентке кемітеді. Жару жұмыстарының технологиясын жетілдіру тек үш айдың ішінде ғана 17 мың сомдай мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіндік берді.

Маман кадрсыз ешқандай күрделі мәселенің шешілмейтіні белгілі. Сондықтан да минералдық тыңайтқыштар өнеркәсібінде маман кадрлар даярлау, оларды дұрыс орналастыру мәселесінің маңызы зор.

Мысал келтірейік. Қаратау кен-химия комбинатында жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің мамандығын көтеру үшін техникалық оқу ұйымдастырылған. Мұнда көптеген адам өз мамандығын арттыруда. Кадрларды даярлау мәселесі Жамбыл суперфосфат зауытында да жаман емес. Заводта жұмысшылар өз мамандығын көтерумен қатар екінші мамандық алуда.

Өнеркәсіп орындарының жұмысты тиімді істеуі жұмысшылардың тұрақтауына да байланысты. Біз әңгіме етіп отырған кәсіпорындарда кадрлардың тұрақтамауы негізінен тиісті мәдени-тұрмыстық жағдайдың жасалмауынан болып отыр. Сондай-ақ жас жұмысшыларды мамандығына қарай пайдаланбау, олардың өз білімін көтеруін қадағалап отырмау, жұмыс уақыты тәртібін бұзу сияқты жарамсыз жайлар да кездеседі.

Жамбыл суперфосфат зауытында минералдық тыңайтқыштар тұтынушыларға ыдыссыз және нашар тігілген қағаз қапшықтармен жіберіледі. Бұдан тыңайтқыштардың сапасы төмендеп, ысырап болуда. Бұл

кемшіліктен құтылудың бірден-бір жолы—сыйымдылығы 2,5—3 тонналық арнаулы контейнерлерді қолдану. Бұларды кәдімгі жүк автомобильдеріне тіркеуге болады. Мұндай әдіс әсіресе темір жолдардан шалғай жатқан колхоздар мен совхоздар үшін өте пайдалы.

Химия өнімдерін өндіруге жұмсалатын шығынды азайтудың тағы бір шарты — темір жол транспортының орынсыз тоқтап тұрғаны үшін ақшалай айып төлеуге, шаруашылық договорларының бұзылуына, вагондардың белгілі мөлшерден кем тиелуіне, басқа да берекесіздікке жол бермеу.

Сонымен қатар минералдық тыңайтқыштар өнеркәсібінде шығынның артық жұмсалуды олардың жұмыс істеу жағдайларына ғана байланысты емес екенін атап көрсеткен жөн. Оның мынадай да себебі бар: қазіргі көтерме баға белгіленген уақыттан бері белгілі бір өнімдерді өндіруге арналған шығын мөлшерінде үлкен өзгерістер болды, атап айтқанда химия өнеркәсібі қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі өзгерді, амортизация үшін бөлінетін қаржының нормасы ұлғайтылды, материалдардың, отынның, запас бөлшектердің бағасы өзгерді. Сондықтан да негізгі баға өндірістің шын мәніндегі жағдайын толық бейнелей алмайды.

Айталық, құрамында 25,5 процент қоректік заттары бар Ақсай рудасынан өндірілетін бір тонна фосфорит ұны 10 сом 50 тиынға түседі, ал оны сату бағасы 7 сом 88 тиын болып белгіленген. Сондай-ақ 1966 жылдың 1 январынан бастап химия өнеркәсібінің өнімдері үшін жаңа баға белгіленді. Ол баға бойынша құрамында 27,5 процент қоректік заттары бар бір тонна фосфорит ұнына 7 сом 80 тиын төленеді. Сонымен, жоғарыдағы баға сияқты, бұл баға да фосфорит өндіруге жұмсалған нақты шығыннан едәуір кем. Мұндай жағдайда шаруашылықтың шектен зиянының орнын толтыруға бағытталған ішкі резервтер іздестірумен қатар көтерме бағаны тәртіпке келтіру қажет.

Материалдық өндірістің даму барысында өнеркәсіптің ролі барған сайын артып отыр. Алайда оның ішінде химия өнеркәсібі сияқты прогрестік салалардың артта қалып келе жатқанын айтпаса болмайды. Бұл Қазақстанда халық шаруашылығын химияландыру есебінен қоғамдық еңбекті үнемдеу жөніндегі мүмкіндіктер нашар пайдаланылып отырғанын көрсетеді. Фосфориттердің қоры жағынан елімізде алдыңғы срындардың бірінде тұрса да біздің республика минералдық тыңайтқыштарды өндіру жөнінен одақтас республикалардың ішінде бесінші орын алады.

Бұдан Қазақстанда химия өнеркәсібін, оның ішінде минералдық тыңайтқыштар өнеркәсібін өркендетуді жеделдетіп, 1970 жылы оның өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі үлес салмағын кем дегенде 9—10 процентке жеткізу керек деген қорытынды шығады. Халық шаруашылығына аса қажет болып отырған минералдық тыңайтқыштар өндіруді шаруашылық есеп пен рентабельділік негізінде еселеп арттырып, оның әрбір тоннасының неғұрлым арзанға түсуін көздеуіміз керек.

Т. СӘТБАЕВ,

ЭКОНОМИСТ.

Коммунистік тәрбие мен білім жөніндегі лениндік идеялар

Қазақтың оқу-педагогикалық «Мектеп» баспасы таяуда «В. И. Ленин тәрбие және білім беру туралы» деген жинақты басып шығарды.

В. И. Лениннің халық ағарту жөніндегі шығармаларын бір кітапқа топтап жинау талабы отызыншы жылдары қолға алынған еді. Мұндай жинақ алғаш рет 1936 жылы «В. И. Лениннің халық ағарту және мектеп мәселелері жөніндегі мақалалары мен шығармаларынан үзінділер» деген атпен орыс тілінде шығарылды да. Одан кейін 1954 жылы «Ленин халық ағарту ісі туралы» деген кітап жарық көрді, мұны РСФСР Педагогикалық ғылымдар академиясы құрастырған еді. Алайда алдыңғы жинақты қолға түсіру қиын, ол сирек кездесерлік кітапқа айналды. Ал соңғысына Владимир Ильичтің халық ағарту саласына жазған көптеген еңбектері, бірқатар сөздері еңбей қалды.

Сөйтіп, бұл олқылықтың орнын толтыру мақсатында РСФСР Оқу-педагогика баспасы 1963 жылы В. И. Лениннің тәрбие және білім беру жөнінде айтқан пікірлерін анағұрлым толығырақ қамтитын жинақ шығарды. Бұл жинақты профессор В. П. Груздев құрастырған болатын. Жана жинаққа В. И. Лениннің 1894—1923 жылдар арасында жазған мақалалары, сөйлеген сөздері, басқа тақырыптардан жазған шығармаларынан алынған үзінділер енгізіліп, бұлар бұрынғы жинақтардағыдай тарихи тақырыптық принцип бойынша емес, хронологиялық тәртіппен ұсынылды. Сонымен бірге бұл кітаптан алғашқы жинақтарға еңбеген, кейбірі тіпті Ленин шығармаларының 4-басылуында жоқ көптеген жана документтерді оқысың. «Мектеп» баспасы шығарып отырған мына жинақ орыс тіліндегі осы нұсқадап аударылған.

Жинаққа енген шығармалар В. И. Лениннің халық ағартуға айрықша мән бергендігін, халық ағартудың қоғамды социалистік жолмен қайта құрудағы маңызын көрсетеді, Владимир Ильич коммунистік тәрбиенің негізгі принциптерін белгілеп берумен бірге, оның жалынды насихатшысы, белсенді ұйымдастырушысы, кеменгер ұстазы болғандығын айқын танытады. Жинақты оқып шыққанда Н. К. Крупскаяның «Ленин халық ағарту ісі мен халық мұғалімі туралы» деген мақаласында айтқан: «Халық мектептерін ұйымдастыру саласында көп еңбек сіңірген ірі педагогтың — алпысыншы жылдар өкілінің баласы Владимир Ильич халыққа білім берудің жайын әрдайым жүрекке жақын қабылдайтын және халық мұғалімінің ролін аса жоғары бағалайтын» деген сөздерін тағы еске аласың.

Кітаптың өң бойынан В. И. Лениннің білім және тәрбие мәселелерін еңбекші халықтың жалпы саяси бостандық алу, социалистік қоғамды орнату жолындағы күрес міндеттерімен тығыз байланыста алып қарастырғанын байқау қиын емес. Өзінің революциялық қызметінің бастапқы кезінде жазған, осы жинаққа енгізіліп отырған алғашқы еңбектерінің бірі «Біздің министрлер не ойлайды?» деген публицистикалық мақаласында-ақ Владимир Ильич: «Білімі болмаса, жұмысшылар — дәрменсіз; білімі болса, олар — зор күш!» деп жазды. Ол 1923 жылдың мартында қатты науқас кезінде айтып жазғызған «Аз болса да, жақсы бол-

сын» деген соңғы еңбегінде де жаңа ғана құрылған Советтік Социалистік Республикалар Одағына бұқаралық басшылықты күшейту, пролетарлық мемлекетті басқару аппаратын нығайту үшін «біз қалай да өз алдымызға: бірінші оқу керек, екінші — оқу керек, үшінші — оқу керек деген міндет қоюымыз керек» деді.

В. И. Ленин өзінің ең алғашқы еңбектерінде жұмысшы табының революциялық күресін ағартушылық идеямен ауыстыруға тырысып, еңбекші халықтың жағдайын мемлекеттік реформалар арқылы жақсартуды уағыздаған халықшылдардың марксизмге жат ұсақ буржуазиялық идеяларын өлтіре сынаған болатын. Жинақтағы ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітаптан алынған үзінді, «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оған Струве мырзаның кітабында берілген сын» деген еңбектен келтірілген материал, «Гимназия шаруашылықтары және құлық түзету гимназиялары» атты мақала және басқа еңбектер таптық қоғамдағы тәрбиенің таптық мәнін бүркемелеуге ұмтылған әртүрлі либералдық ұсақ-буржуазиялық теориясымақтарды түп тамырымен әшкерелейді.

Қанау мен езгіге негізделген таптық қоғамда жаппай, тегін білім берудің ешқандай да мүмкін еместігін атап көрсетумен бірге, В. И. Ленин қоғамдық дамудың капиталистік сатысында өндірістің тез қарқынмен өсуі жұмысшылардың саяси санасының көтерілуіне, халықтың белгілі дәрежеде сауаттылығының артуына тиімді ықпал жасайтындығын ескертеді. Бірақ капиталистік өндірістің жұмысшы табына белгілі дәрежеде білім берілуін қажет етуі халық ағарту мәселесін түбегейлі шешуді көздемейді. Өйткені еңбекші бұқараны жаппай сауаттандыру, оған тегін білім беру, сол арқылы оның таптық сана-сезімін ояту қанаушы таптың мүдде-тілегімен ешбір қабыспайды. Сондықтан қанаушы тап «...жұмысшылар мен езілген бұқараға білім бермеу үшін не керектің бәрін істеуге» тырысып бағады.

Таптық қоғамдағы ағарту ісі мен мәдениеттің таптық сипаты болатындығын В. И. Ленин осы жинақтағы бірқатар еңбектерінде баса айтады. 1905 жылы жазылған «Партиялық ұйым мен партиялық әдебиет» атты мақалада Владимир Ильич әдебиеттің таптық сипатын дәлелдесе, 1913 жылы жазылған «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар» деген мақалада капиталистік қоғамда бірыңғай ұлттық мәдениет болады деген теорияны жақтаушыларды сынай келіп, әрбір ұлттық мәдениетте екі мәдениеттің — демократиялық-социалистік мәдениеттің және буржуазиялық мәдениеттің болатыны туралы маркстік қағиданы алға тартады. «Еврей мектебін ұлттық ету», «Епископ Никон украиндарды қалай қорғап отыр?», ««Мәдени-ұлттық» автономия туралы», «Орыс мектебіндегі оқушылардың ұлттық құрамы», «Тағы да мектеп жұмысын ұлт-ұлтқа бөлу туралы» және басқа мақалаларында мектепті саясаттан бөліп әкетуге тырысушылықтың қателігін ашып көрсетеді.

Ал тіл мәселесіне келгенде Владимир Ильич орыс марксистерінің халықты барлық жергілікті тілдерде оқытатын мектептермен қамтамасыз ету принципін берік қолданатынын, міндетті түрдегі мемлекеттік тілдің болмауын жариялайтынын айрықша ескертеді.

Владимир Ильич еңбекші бұқараға білім берудің оның азаттық алу жолындағы күресіне қажетті екенін айтады. «Революцияға, — деп жазады ол, — ақылмен, байыптылықпен қатысу және ойдағыдай қатысу үшін оқу керек». Ленин еңбекшілерді біліммен қаруландыру және соның негізінде саяси жағынан тәрбиелеу оларды өкімет билігін өз қолына алуға әзірлеудің және патшалық самодержавиелік құрылысты құлатып, халықты мәдени прогреске бастайтын социалистік қоғамды орнату ісінің негізгі алғы шарты деп есептеді.

Ұлы Октябрь революциясы жеңіске жетісімен-ақ В. И. Ленин халық ағарту ісін жолға қоюды тікелей өзі қолға алды. 1917 жылғы 9 ноябрь күні ол «Ағарту ісі жөніндегі комиссияны құру туралы» декретке қол қойды. Жаңа құрылған бұл комиссияға ұлы көсемнің тапсыруымен патша өкіметінен мирас боп қалған жаппай сауатсыздықты жою, билікті өз қолына алған еңбекшілерді өкіметті басқаруға үйрету, елде мәдени революцияны жүзеге асыру міндеттері тапсырылды.

«Өздеріне білімнің күші керек екендігін, — деп жазды 1918 жылдың январында Владимир Ильич «Жарысты қалай ұйымдастыру керек» деген мақаласында, — жұмысшылар бір минут те ұмытпайды. Жұмысшылардың білім алу ісіне адам айтқысыз ынталануы, дәл осы кезде көрініп отырған ынталануы, бұл жөнінде пролетариат арасында адасушылықтардың жоқ екендігін және болуы да мүмкін емес екендігін дәлелдейді. Ал ұйымдастыру жұмысы сауатты, кісіні тани білетін, практикалық тәжірибесі бар қатардағы жұмысшы мен шаруаның да қолынан келеді».

Ал ағарту ісі жөніндегі Бүкіл россиялық I съезде 1918 жылы 28 августа сөйлеген сөзінде: «Еңбекшілер білімге ұмтылуда, өйткені білім оларға жеңіс үшін қажет. Білім олардың азаттық алу жолындағы күресінде құрал болып табылатындығын, олардың сәтсіздіктері білімнің аздығынан екендігін және ағарту жұмысын жұрттың бәрінің шын қолы жетерлік іс ету енді олардың өздеріне байланысты екендігін еңбекші бұқараның оннан тоғызы түсінді» дей келіп, еңбекші халыққа тілектестердің бәрі, мұғалімдердің таңдаулы бөлігі мектепке көмекке келетіндігіне, мұның өзі социализм ісінің жеңіп шығатындығына шын кепіл болып табылатындығына сенім білдірді.

Владимир Ильич Ұлы Октябрь революциясының әлеуметтік жеңісі мәдени революцияны жүзеге асыруға алғы шарт болатынын ескертті. Бірақ мәдени революцияның жеңісін қамтамасыз ету бір күннің ісі емес, ұзаққа созылатын үлкен процесс деп көрсетті ол. Бұл үшін жұмысшылар мен шаруалардың сауатсыздығын жою, мектеп жасындағы балалар үшін жалпыға бірдей міндетті оқуды енгізу, еңбекші бұқараның мәдени дәрежесін көтеру, халық интеллигенциясын қалыптастыру сияқты зор міндеттерді шешу керек болды. Мәдени революцияның мұндай күрделі міндеттерін жүзеге асыру ісінде мектептің шешуші буын болатындығы Ленин еңбектерінде талай рет айтылды.

Халық ағарту ісінің жаңа социалистік қоғамдағы міндеттерін Владимир Ильич 1902 жылғы партияның бірінші программасының жобасын әзірлеу кезінде-ақ белгілеген болатын. Асқан көрегендікпен жазылған бұл жобада В. И. Ленин партия программасына мектептің шіркеуден бөлінуін, 16 жасқа дейінгі балаларға жаппай міндетті түрде тегін білім берілуін, кедей балалардың тамақпен, киіммен және оқу құралдарымен мемлекет есебінен қамтамасыз етілуін талап етті. Партияның халық ағарту саласындағы міндеттері 1919 жылдың март айында РКП(б)-нің VIII съезінде қабылданған партияның екінші программасында айқын тұжырымдалды. Партия программасының бұл жобасын В. И. Лениннің өзі әзірлеген болатын.

Данышпан көсем совет мектебінің негізгі принциптерін, оның халықтық бағытын көрсетіп, жалпыға бірдей міндетті оқуды политехникалық сипатта жүргізу керектігін, оқуды өнімді еңбекпен ұштастыруды партия программасының негізгі пункттеріне қосты.

Лениннің социалистік халық ағартудың жаңа жүйесі туралы, оның бағыт-бағдары мен жұмыс мазмұны туралы, коммунистік тәрбиенің мәні мен мақсаты туралы дана ойлары 1920 жылы комсомолдың III съезінде сөйлеген сөзінде кең жинақталды. Владимир Ильичтің бұл сөзі — совет мектебін құру, оны ілгері бастыру жолындағы маңызды белес. В. И. Ле-

нин коммунистік қоғамды орнату үшін мәдениет пен білімді меңгерудің аса қажеттілігін, яғни оқу, үйрену керектігін баса айтты. Жастар коммунизмді үйренуі керек, бұл мақсатта адам баласының ғасырлар бойы жинақтаған мәдени мұрасынан коммунизмге қажеттілерін түбегейлі меңгеруі керек деді ол.

Владимир Ильич бұл тарихи сөзінде теориялық білім алудың социалистік құрылыс міндеттерімен тығыз байланыста жүргізілуін, оқудың өнімді еңбекпен ұштастырылуын, жас ұрпақтың қай жерде болсын жаңа қоғамды орнату жолындағы күреске белсене қатысуын, олардан коммунистік қоғамның әр тарапты жетілген, саналы құрылысшыларын тәрбиелеу керектігін талап етті. Сөйтіп жаңа социалистік құрылыс жағдайындағы оқу мен тәрбиенің негізгі мақсатын айқындап түсіндіру арқылы совет мектебінің бүкіл жұмысына теориялық негіз қалады.

В. И. Лениннің халық ағарту мәселелері жөніндегі көптеген шығармаларында оқудың өнімді еңбекпен ұштастырылуына және жастарға политехникалық білім беруге баса назар аударылған. Ол 1897 жылдың өзінде-ақ «Халықшылдардың қияли жобаға әуестігінің үлгілері» деген мақаласында: «Оқу ісін жас ұрпақтың өнімді еңбегімен байланыстырмайынша болашақ қоғамның мақсатын ұғынуға болмайды: өнімді еңбексіз оқу, білім алу ісін де, оқу мен білім алу қатар жүрмейінше өнімді еңбек ету ісін де, техниканың осы кездегі дәрежесі мен ғылыми білімнің қазіргі күйі талап етіп отырған сатыға көтеруге болмас еді» деп жазды. В. И. Ленин оқуды өнімді еңбекпен байланыстыру талабын жас ұрпақты өмірге, еңбекке даярлаудың басты шарты ретінде қарастырды. Бірақ Владимир Ильич бұл мәселеде екі нәрсені шатастыруға, жалпы білім беретін мектептегі еңбек тәрбиесін, яғни оқушылардың өнімді еңбекке қатысуын еңбектің ұсақ майдагерлік түрімен ауыстыруға қарсы шықты.

Данышпан көсеміміз социалистік қоғам жағдайында оқушы жастарға политехникалық білім беру қажет деп есептеді. Партия программасының жобасын әзірлеген тұста-ақ ол 16 жасқа дейінгі барлық ер балалар мен қыздарға міндетті түрде жалпы және политехникалық білім беру міндетін ұсынды. Оқу комиссары А. В. Луначарскийге 1920 жылдың 29 ноябрінде жазған хатында, РКП(б) Орталық Комитеті пленумы қаулысының жобасын жазған кезде жастарды өндірістің бір саласына ғана дайындауды көздейтін кәсіпшілік-техникалық білімнен политехникалық білімге көшуді, сондай-ақ кәсіпшілік техникалық мектептерде жалпы білім беретін пәндерді кеңінен оқытуды талап етті.

Жинаққа енгізілген шығармалардың бәрінен де Лениннің оқу мен тәрбиенің бірлігін қатаң талап еткендігін көреміз. Ол қазіргі замандағы жастарды тәрбиелеу, оқыту, үйрету жұмысының бәрі де оларды коммунистік моральға баулу болып шығуы керек деді. Владимир Ильичтің коммунистік моральға баулу жөніндегі бұл талабының маңызы қазіргі кезде, еліміз коммунистік қоғамның материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыру, жаңа адам тәрбиелеу міндеттерін шешіп жатқан кезде бұрынғыдан да зор болып отыр. Партияның жаңа Программасында белгіленген коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі Лениннің коммунистік мораль жөніндегі осы талаптарынан туғаны сөзсіз.

В. И. Ленин оқу мен тәрбиенің негізгі принциптерін, мақсат-бағытын айқындап берумен бірге мектепті «**әртарапты жетілген және әртарапты дайындалған адамдарды, барлығын да жасай білетін адамдарды** тәрбиелеп, үйретіп және дайындап шығаруға» қажетті жақсы жасалған оқу программаларымен, оқулықтармен, оқу құралдарымен толық қамтамасыз етуді талап етті. А. Богдановтың «Экономикалық ғылымның қысқаша курсы» деген кітабына 1898 жылы жазған рецензиясында Владимир Ильич оқушылар үшін сенімді, оларды қызықтыратын, оқушылардың

пәнді ұғынуын жеңілдететін, оларға таныс мысалдары бар кітаптар керектігін айтқан. Ленин мектеп оқулықтарының тұрақты болуын, оларда ғылымның қол жеткен ірі табыстары қамтылуын еске салды. «Он жылдай қызмет атқаратын, жұртқа түсінікті **әдебиет қана** жақсы әдебиет, тек сол ғана жарамды әдебиет. Өйткені жұртқа түсінікті әдебиет дегеніміз халыққа арналған **бірнеше оқу құралдары** деген сөз, ал оқу құралдарында ғылымның **жарты ғасырлар** бойына өзгермейтін негіздері айтылады» деп жазды ол.

Владимир Ильич жастарға коммунистік тәрбие беруде мұғалімдердің ролін жоғары бағалады. Революцияға дейін жазған еңбектерінде халық мұғалімдерінің тұрмыс жағдайының ауырлығын, оларды жұмысшы қозғалысына, еңбекші бұқараның саяси санасын ояту ісіне тарту керектігі туралы айтса, Октябрьден кейін жазған шығармалары мен сөйлеген сөздерінде «Мұғалімдер армиясы өзінің алдына аса зор ағартушылық міндеттерін қоюға тиіс және бәрінен бұрын социалистік халық ағарту ісінің басты армиясына айналуға тиіс» деп жазды. Жинақты оқу үстінде ұлы көсемнің мұғалімдерді ғылыми коммунизм теориясымен қаруландыру туралы, олардың мәдени революцияны жүзеге асырудағы, еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудегі ролі туралы жаңа совет мектебінің, алдыңғы қатарлы мұғалімдердің тәжірибесін жинақтап қорыту, соның негізінде совет педагогика ғылымын творчестволықпен дамыту туралы көптеген нұсқауларын кездестіруге болады. Владимир Ильичтің халық мұғаліміне деген қамқорлығын: «Бізде халық мұғалімі буржуазиялық қоғамда ол ешуақытта тұрмаған, тұрмайтын және тұра алмайтын жоғары дәрежеге қойылуға тиіс» деген сөздерінен кәміл білесің.

Бұл жинақтың қазақ тілінде басылып шығуын қуана қарсы ала отырып, «Мектеп» баспасына қояр аздаған тілск-талабымыз да бар. Жинаққа кітаптың орыс тіліндегі нұсқасындағыдай Лениннің тәрбие мен білім беру туралы ілімі жөнінде жазылған кіріспе мақаланың берілгені жөн еді. Мұндай бет ашар мақала кітапты пайдаланушыларға тәрбие мен білім беру жөніндегі лениндік идеяларды өзекті байланыста, Ленин шығармаларын негізгі мәселелер төңірегінде топтастыра оқып-үйренуге мол жәрдем етер еді.

Ш. АМАНОВ.

УГО1113
Заказ № 1184
Тираж 36306

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

К. Сағындықов (бас редактор), З. Айтмағамбетов (жауапты секретарь), Ж. Бектепов, С. Бейсенбаев, Т. Жанкелдин, Б. Мәдиев, К. Меңдібаев, Ш. Өржанов, Т. Ыдырысов.

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103.

Телефондар: редактор — 2-23-03, секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 2-38-56, идеология және экономика бөлімдері — 2-57-23.

13/1-66 жылы басуға қол қойылды, қар. 70×108¹/₁₆. 2,5 қар. — 6,85 авт. табак

КҚП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы.